




**СЕВКАЗЭНЕРГО**



Әрқашан **online**

# ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



## Есеп мазмұны

## Басшылық үндеуі

- 4 Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі
- 6 Бас директор үндеуі

## Компания туралы 8

- 8 Анықтама
- 8 Қызмет географиясы
- 10 Жылдың негізгі оқиғалары
- 12 Қызметтің негізгі көрсеткіштері
- 14 Бизнес-модель
- 16 Миссия
- 16 Еншілес ұйымдар
- 16 Компанияның саладағы орны
- 17 Көрініс
- 17 Құндылықтар
- 18 Стратегия
- 25 Компания құрылымы
- 25 Негізгі өндірістік сипаттамалар
- 26 Петропавл 2-ЖЭО
- 27 «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ
- 28 «Петропавл жылу желілері» ЖШС
- 29 «Севказэнергосбыт» ЖШС
- 30 ИСМ

## Корпоративтік басқару 32

- 34 Ұйымдық құрылым
- 34 Акционерлік капитал құрылымы
- 35 Дивидендтер туралы ақпарат
- 35 Директорлар кеңесі
- 37 Корпоративтік басқару кодексінің 2021 жылы сақталуы туралы есеп
- 40 Директорлар кеңесінің құрамы
- 44 Атқарушы орган
- 45 Стейкхолдерлермен 2021 жылғы жұмыс туралы есеп
- 46 Ішкі бақылау және аудит
- 47 Коррупцияға қарсы әрекет
- 47 Мүдделер қайшылығы
- 47 Ақпараттық саясат
- 49 Корпоративтік әдеп
- 49 Сыртқы аудит

## Нарықтық ортаға талдау 50

## Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы 58

- 60 Электр энергия өндірісі
- 63 Электр энергиясын беру
- 64 Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2022 жылға жоспар
- 66 Процестерді автоматтандыру
- 69 Өткізуші компанияның қызметі
- 72 Сатып алу қызметі және қамту



sevkazenergo\_21  
Петропавл, Қазақстан

## Тәуекел-менеджмент және ішкі аудит 75

## Тұрақты даму 90

- 91 Стейкхолдерлермен 2021 жылғы жұмыс туралы есеп
- 98 Кадрлық және әлеуметтік саясат
- 111 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- 118 Экологиялық саясат

## Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер 126

## Қаржылық есептілік 132

## Есеп туралы

- 139 Корпоративтік оқиғалар
- 140 Есеп туралы
- 141 Маңызды аспектер мен шекаралар
- 142 GRI элементтерінің индексі
- 149 Глоссарий, қысқартулар тізімі
- 151 Байланыс

Янушко Леонид Леонидович



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Директорлар кеңесі  
төрағасы

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ міндеті – өндірістің экологиялық қырларын ұмытпастан тұтынушыларды әсіресе аса суық ауа райында жылумен қамтамасыз ету.

#Басшылық

Біздің инвестициялық бағдарламамыздың негізгі басымдығы 2009-2021 жылдары негізгі жабдықтардың тозу пайызын 33,4%-ға төмендеті отырып, өңірдің мыңдаған тұтынушысын энергиямен сенімді қамту болды. Сәйкес кезеңде орнатылған электр қуатының 42,3%-ға артуы мен электр энергиясы өндірісінің 13,6%-ға өсуінде де оң динамика байқалады.

2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін қандай міндеттер басымдыққа ие болды?

2021 жылы әлемнің күн тәртібі, әлбетте, COVID-19 пандемиясына байланысты енгізілген шектеу шараларынан шығуға негізделіп жасалды. Алға экономиканы қалпына келтіріп, ертеңгі күнге деген сенімділік нарығына қайта оралу міндеті қойылды. Өндіріс пен құрылысты дамыту үшін тұрақты энергиямен қамтуға деген қажеттілік энергетикалық кешендерге тұрақты инвестиция салудың қаншалықты маңызды екенін көрсетті. Қазақстан энергетикасы ұзақ уақыт оқшаулануды бастан кешірген әлемнің жаңа талаптарына сай келу үшін жылдам қайта құруларға дайын болуы қажет. Бұл ретте соңғы бірнеше жыл ішінде өндірістік нысандар отын, тасымал мен металл бағасының ұдайы өсуіне байланысты пайда көрместен жұмыс істеуге мәжбүр екенін айту керек. Станциялар қаржыландыруды қажет етеді. Бұл қаржы жеткілікті ресурстармен, тариф деңгейімен қамтамасыз етілуі тиіс. Ағымдағы ахуал біздің өндірістік активтердің мықтылығына жасалған тексеру іспеттес болды. Қазіргі нақты жағдайды ұғына отырып, компания өз алдына басты міндетті қойып отыр. Ол – инвестициялық бағдарламаларды дамыту бағытын сақтау. **Қатаң қаржылық тәртіп саясатын ұстана отырып, негізгі жобаларды жүзеге асыруға жоспарлы 3,87 млрд тенгенің орнына 2021 жыл қорытындысы бойынша 3,89 млрд теңге бағытталды. Қызметіміздің нәтижелері біз таңдаған стратегияның дұрыстығын көрсетті. Кез келген міндетті орындауда біз тек қана қаржы емес, өз ісіне берілген қызметкерлеріміздің кадрлық мүмкіндіктеріне де сүйенетінімізді айтып өткім келеді.**

Компания дамуындағы инвестициялық бағдарламалардың ролі қандай?

**Біздің басты көрсеткіштер** – негізгі жабдықтарды жаңғырту және оларға күрделі жөндеу жүргізу бойынша міндеттемелерді толықтай орындаудың нәтижесі. Бұдан бөлек, біз тұрмыстық және өнеркәсіптік тұтынушылар үшін ЭКЕАЖ жүйесін орнату есебінен цифрлық технологияларды қолдану аясын кеңейтуді жалғастырамыз. Бағдарлама жүзеге асырыла бастаған уақыттан бері 33 мыңнан астам жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі орнатылды. Заманауи технологиялардың көмегімен электр тұтыну бақыланып қана қоймай, сонымен бірге жылу желілеріне техникалық қызмет көрсету процесі де жеңілдейді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның экологиялық күн тәртібі қандай?

Климаттың өзгеруі және көмірсутек шығарылымдарын қысқарту халықаралық аренада белсенді талқыланып жатыр. Мемлекеттер «көміртекті бейтарап» ел болу, яғни өндірілетін парник газдарын толықтай қайта өңдеу және жою жоспарын жариялап жатыр. Бұл қоршаған ортаға тигізетін зиян үлесін азайту үшін маңызды. Қазақстан да экономиканы карбонсыздандыруға бағыт алды. Дегенмен, экономикалық және климаттық факторлар энергияның балама көздеріне көшуге мүмкіндік бермейтін, ал жылдың бес айында суық ауа райы сақталатын Солтүстік өңір үшін көмір жылудың маңызды көзі болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ міндеті – өндірістің экологиялық қырларын ұмытпастан тұтынушыларды әсіресе аса суық ауа райында жылумен қамтамасыз ету. 2021 жылы қадағалау аудитінің нәтижесінде компания қызметі ISO 14001, Экологиялық менеджмент жүйесі халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сертификатталды. Бұдан бөлек, станцияның нақты технологиялық жағдайына эксперттік бағалау алу үшін компания «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалардың халықаралық орталығы» КеАҚ сарапшыларымен бірге кешенді технологиялық аудит жүргізді. Сондай-ақ, ҚР Экологиялық кодексінің «Парниктік газдардың шығарылуы мен сіңірілуі саласындағы мемлекеттік реттеу» аталатын 20-тарауына сәйкес, парник газдарын түгендеу және парник газдарын түгендеу туралы есепті верификациялау қызметін жүзеге асырды.

Біз ұлттық көмірсутекті реттеудің дамуын мұқият бақылап отырмыз. ҰҚТ (үздік қолжетімді технологияларды), карбон шығарылымдарына квота және жою депозиттерін енгізу мәселелері өндірістік циклдің технологиялық ерекшеліктерін және әрбір станцияның жасы мен мүмкіндіктерін жеке-дара ескереді деп сенгіміз келеді. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ештеңеге қарамастан кез келген сынақтан сүрінбей өтуге бар күшін салады. Өйткені, біздің артымызда жарық пен жылуды қажет ететін адамдар, біздің қызметкерлер, сондай-ақ серіктестеріміз тұр. Сондықтан барлық міндеттемелер орындалатын болады.

Перфилов Олег Владимирович



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Бас директоры



#Басшылық

2021 жыл «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін несімен айшықты болды?

Өткен жыл «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның қызметкерлері үшін оңайға соқпай, сынақтан өткізген кезең болды. Компания кәсіпорындарында қондырғыларды жөндеу, қайта құру және жаңғырту бойынша жоспарлы және жоспардан тыс шаралар сәтті орындалды. Энергетиктер басты өндіруші станцияның негізгі және қосалқы жабдықтарын қайта құру бойынша үлкен жұмыс көлемін атқарды, ал биыл және алдағы жылдары одан да көп жұмыс күтіп тұр. Петропавл 2-ЖЭО-нда энергия өндіру және беру кезіндегі энергия үнемдеуші және энерготімді технологияларды енгізу бойынша, сонымен бірге инвестициялық бағдарлама аясындағы шараларды жүзеге асыру бойынша компания жалғасып жатыр.

Заманауи қондырғыларды енгізу «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының жұмысына қалай әсер етеді?

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде станцияның өндірістік қондырғылары мен трансформаторларды қоса алғанда жаңарған өндірістік активтердің үлесі 61,54 % болды. Зиянды шығарылымдар саны 40,094 мың тоннаны құраса, төмендеу үлесі 11,1 %.

Өндірістік кәсіпорынан энергия беруші «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ мен «Петропавл жылу желілері» ЖШС ұйымдары да артта қалып жатқан жоқ. Олар да жыл сайын заманауи энергия үнемдеуші технологияларды, электр және жылумен қамту жүйесінің жұмысын жетілдіру үшін энергияны есепке алу және бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізіп келеді. 2021 жылы «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ шығындары 7,72 %-дан 7,21 %-ға қысқарды. Ал «Петропавл жылу желілері» ЖШС компаниясында өнеркәсіптік контроллерлер, жылу шығынының автоматты реттеушілері, механизмдер мен бақылау-өлшеуіш құралдардың диспетчерлік қызметпен байланысына арналған модемдер орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық жабдықтары бір желіге бірігеді, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимді жедел бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларда жылдам шешім қабылдауға көмектеседі.

«Жылу энергиясын бақылау және есепке алудың автоматтандырылған жүйесі» (ЖКЕАЖ) жобасын жүзеге асыру есебінен 1372 модем орнатылды. ЖКЕАЖ жылу энергиясын есепке алу мәліметтерін жинаудың жылдамдығын арттырып қана қоймай, шығындар мен энергияның есепсіз тұтынылуын жедел анықтауға мүмкіндік береді. Есептің кезеңде «Петропавл жылу желілері» АҚ-нда жалпы ұзындығы 11,211 км (3,578 км магистральды желілер және 7,633 км таратушы желілер) магистральды және таратушы желілер құбыры ауыстырылып, жөнделді. Құбыр өткізгіштерінің жалаңашталған учаскелерінің зақымдалған жылу қаптамасы шыны-мақталы плиталар қолданылып, жөнделді және қалпына келтірілді. Жалпы ұзындығы 5,078 км.

Кәсіпорын қызметінде қандай мәселелер құндылыққа ие?

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін тұтынушыларды электр және жылумен қамту, энергия және ресурс үнемдеу қызметімен үздіксіз қамтамасыз ету әрқашан басым міндеттердің бірі болып табылады. Компания үшін экология және еңбек қауіпсіздігі мәселелері де бұрынғыша өзекті. Осы құрамдас бөліктерден энергетиктер қызметінің толыққанды картинасын көруге болады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ алдағы уақытта да жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге ұмтылатынын атап өткім келеді. Өйткені, бүгінде Компанияның бар қызметі Солтүстік Қазақстан және жалпы республикалық энергетиканың тұрақты дамуына бағытталған.

СЕВКАЗЭНЕРГО географиясы |

Қызмет ету өңірлері:

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның Солтүстік, Орталық, Шығыс және Оңтүстік өңірлеріне, сонымен бірге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тасымалданады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы

Өндіріс

Тасымал

Э/э және ж/э өткізу

Атауы

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы

Қысқаша атауы:  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

Басты ресурстар

- Петропавл 2-ЖЭО
- Солтүстік Қазақстан облысындағы ЭТК
- Петропавлдағы жылумен қамтушы компания
- Петропавлдағы өткізуші компания

Қысқаша тарихы:

1961 жыл - Петропавл 2-ЖЭО пайдалануға берілді

1963 жыл - «Целинэнерго» АБ бұйрығы бойынша «Петропавл электр желілері кәсіпорны» құрылды.  
1965 жыл - 2-ЖЭО жылу желілері цехінің базасында «Целинэнерго» Петропавл жылу желілері басқармасы (ЖЖБ) құрылды.  
1999 жыл - Солтүстік Қазақстан облысы әділет органдарында «АксессЭнерго 2-ПЖЭО» ЖШС тіркелді.

Мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасы «Бағалы қағаздардың орталық депозитарий» АҚ, 050040, Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 30/8, тұрғын емес жай 163, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 12301-1910-АО, 2005 жылғы 02 ақпанда Алматы қаласы Әділет департаменті берген.

Тұтынушылар саны:

э/э

164 367

тұтынушы

ж/э

75 734

тұтынушы

Қызмет профилі:

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысының электр және жылу энергиясын өндіретін, тасымалдайтын және өткізетін кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания болып табылады. Компания жетекші әлемдік тәжірибелерді белсенді түрде енгізіп, өз қызметін өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізеді.

2007 ЖЫЛ

Өңірдің энергетикалық кешенінің иесі — «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ («ОАОЭК» АҚ) болды, кейін ол «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) акционерлер құрамына кірді.

2009 ЖЫЛ

Қайта құру нәтижесінде акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық формасындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы құрылды және ол «АксессЭнерго 2-ПЖЭО» ЖШС-ның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

**СЕВКАЗЭНЕРГО**


## ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАЛАРЫ

**2021 жылы COVID-19 пандемиясы Қазақстанда жаңа деңгейге шықты.** Вирус жұқтырудың шарықтау шегі 2020 жылғыдай жазға сәйкес келді. Мемлекет басшылығы бұл жолы 2020 жылғыдай төтенше жағдай режимін енгізу туралы шешімдер қабылдаған жоқ. Алайда қатаң карантин шаралары қолға алынды.

Бір жылдық пандемия тәжірибесіне ие бола отырып, компания басшылығы бригадалардың кәсіпорындардың медициналық пункттеріне баруын ұйымдастырып, қызметкерлерге жедел екпе алу шарасын жүргізді. Кейін, дәл осы тәсілмен қызметкерлер қайта екпе алды. Шамамен дәл осы уақытта қоғамдық орындарға барушылардың статусын қадағалайтын **Ashyq** қосымшасы іске қосылды.

Топ кәсіпорындарының кіреберістері бағдарламамен жабдықталып, оған қоса **COVID-19** таратпау бойынша келесі қолданыстағы шаралар жалғасын тапты:

- Кіреберістерде автоматты термотриялық бақылау жүйелері орнатылды;
- Антисептиктер, дезинфекциялық заттар, қорғаныс маскалары мен қолғаптары уақытылы сатып алынды;




- Барлық құрылымдық бөлімшелерде күн сайын профилактика (дезинфекция, маскалық режимді сақтау, термометрия, қызметкерлерге инструктаж жүргізу, жадынамалар орналастыру) жүргізілді;
- COVID-19 расталған жағдайда әрекет ету алгоритмі бекітілді;

- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы мен «Севказэнергосбыт» ЖШС бөлімшелерінде қашықтық сақтау аймақтары (баспалдақ алаңдары мен ғимарат ішінде белгі жолақтар сызылды) белгіленді, келушілерге термометрия жүргізілді, дезинфекция заттары толықтырылып, бақылауға алынды және халыққа қызмет төлемақысын интернет арқылы төлеу мүмкіндігі туралы хабарланды және т.б.;

- Жұмысшыларға «қашықтан» жұмыс істеу режимі белгіленді;
- Транспорттарды дезинфекциялық заттармен өңдеу жүргізілді;
- Барлық жиналыстар онлайн-конференция режиміне ауыстырылды;
- COVID-19 науқастар мен ЖРВИ белгілері бар жұмысшыларға күнделікті мониторинг жасалды.



Ақпанда Қазақстанда вакцинация кампаниясы басталды



### Қаңтар

**Компания басшысы Өңірлік кеңес мүшелерімен диалог алаңында кездесіп,** онда тариф қалыптастыру мәселелері, табиғи монополия субъектілерінің проблемалары, сонымен бірге бизнес пен энергетиктер арасындағы кері байланысты реттеу мәселелері талқыланды.



### Ақпан

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті **коммуналдық саланың тұтынушыларымен онлайн режимде қоғамдық қабылдау өткізіп, оған табиғи монополия субъектілері:**

«Қызылжар Су» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС, «СҚЭТК» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС, «Қызылжар-ТКШ», «Nur Otan» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы, Солтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлерінің өңірлік палатасы, сондай-ақ өзге мүдделі тараптар қатысты.

«Жылумен қамту туралы» Заң жобасы бойынша жұмыс тобы Петропавл 2-ЖЭО, «Петропавл жылу желілері» ЖШС нысандарында болды.




### Сәуір

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан электр желілік компаниясы» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС кәсіпорындарының 2020 жылғы қызметіне есеп берілген ZOOM-конференция форматындағы **қоғамдық тыңдаулар өтті.**



### Мамыр

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО, «Петропавл жылу желілері» ЖШС қызметкерлері қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін **«СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КМБ алғыс хаттарымен марапатталды.**



### Тамыз

**Компания жұмысшыларына вакцина алу қажеттігі туралы ақпараттандыру шаралары жүргізілді.**

**Солтүстік Қазақстан облысының әкімі «Петропавл жылу желілері» ЖШС нысандарында болды.**

**«Петропавл жылу желілері» ЖШС бас инженерінің орынбасары «Antikor Ortalygy» брифингіне** қатысып онлайн режимде кәсіпорынның 2021-2022 жылғы жылу беру маусымына дайындығы туралы таныстырды.




### Қыркүйек

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындарының жаңғырту нысандарына баспасөз туры ұйымдастырылды.

### Желтоқсан

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ең үздік қызметкерлері** Энергетик күніне орай салалық наградалармен марапатталды. Петропавл 2-ЖЭО қызметкерлерін компания басшылығы **кәсіпорынның 55 жылдығымен құттықтады.**

ОКҚ алаңында Петропавл 2-ЖЭО қызметі туралы **брифинг өтті.**




## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

### Энергия өндіру:

2019 2020 2021

3 472 899,014 3 331 361,542 2 702 716,418 **Электр энергиясы**  
(млн кВт-с)

1 831,484 1 724,746 1 910,426 **Жылу энергиясы**  
(мың Гкал)



### Тұтынушыларға энергия босату (тауарлы босату)

2019 2020 2021

Электр энергиясын  
желіге босату,  
(млн кВт-с) **3 059 2 931 2 342**

Электр энергиясын  
беру, (млн кВт-с) **1 253 1 183 1 290**

Жылу энергиясын  
тауарлы босату,  
(мың Гкал) **1 819 1 714 1 897**



### Активтер

2019 2020 2021

Айналымды активтер,  
млрд теңге

**14 23 18**

Айналымнан тыс активтер,  
млрд теңге

**101 101 115**

### Инвестициялар көлемі (млрд теңге)

2019 2020 2021

**5,3 5,9 4,7**

### Қаржы

Өткізу  
көлемі

**41,3**  
млрд теңге

Таза  
пайда

**15,3**  
млрд теңге

Бір жылғы  
жиынтық табыс

**15,3**  
млрд теңге

ЕБИТДА  
margin

**53,5 %**


ЕБИТДА

**22,1**  
млрд теңге

2021 жылғы 1  
қаңтардағы станцияның  
орнатылған қуаты:

**Электр  
энергиясы  
бойынша 541 МВт**

**Жылу  
энергиясы  
бойынша 713 Гкал/с**



# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

## КАПИТАЛ

- Қаржылық капитал
- Табиғи капитал
- Өндірістік капитал
- Адам капиталы
- Әлеуметтік капитал
- Зияткерлік капитал

## ҚЫЗМЕТ

**Негізгі қызмет**

**Ж/э және э/э өндіру** – Петропавл 2-ЖЭО-нда жылу және электр энергиясын өндіру

**Ж/э және э/э тасымалдау және тарату** – энергияны өндіріс орындарынан тұтыну орындарына электр желілері арқылы тасымалдау

**Ж/э және э/э өткізу** – тұтынушыларға Петропавл 2-ЖЭО-нда өндірілген электр және жылу энергиясын сату қызметі

**Инвестициялық қызмет**

- Энергия жабдықтарын жаңғырту
- Жылу және электр желілерін қайта құру
- Процестерді автоматтандыру

## ҚҰРЫЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ

### Қаржылық капитал

- Жарғылық капитал: 16 664 млн теңге
- Активтер: 137 476 млн теңге
- Өзіндік капитал: 70 029 млн теңге
- Мемлекет: 5 746 млн теңге салық төленді
- 4,7 млрд теңге көлемінде өндірістік қорды жаңғыртуға инвестиция салынды

### Өндірістік капитал

Петропавл 2-ЖЭО

- Орнатылған электр қуаты: 541 МВт
- Орнатылған жылу қуаты: 713 Гкал/с
- 230,430 км жылу желілері
- 13 057,89 мың км электр желілері
- Өткізуші компания

### Табиғи капитал

- 2 409 200 тонна 2021 жылы көмір тұтыну
- 3 980 тонна 2021 жылы мазут тұтыну
- 134 464 м<sup>3</sup> 2021 жылы шаруашылық ауыз суын тұтыну

### Адам капиталы

- 150 адам кадрлық резерв
- 18,5 % кадр тұрақсыздығы
- 2 385 жұмысшы
- 2 103 жұмысшы оқудан өтті (88,2 %)
- PROFENERGY аясында жас мамандарды қолдау бағдарламасы

### Әлеуметтік капитал

Мүдделі тараптардың 9 тобы. Әлеуметтік саясат. Акционерлік қоғам өнеркәсіптік сектордың ірі жұмыс берушісі және маңызды бөлігі, ірі салық төлеуші бола отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен үлес қосады және қызмет ететін өңірдің дамуына ықпалдасады.

### Зияткерлік капитал

SCADA, Ellipse, Mobility, ЭКЕАЖ, «ТЕЗИС» ӨТП АБЖ, ЖКЕАЖ





## #Миссия

— **Компанияның міндеті** – Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының өмір сапасын арттыру және облысты экономикалық тұрғыдан дамытуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа Солтүстік Қазақстан облысындағы және Петропавл қаласындағы тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамсыздандыру және олардың тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі. Көрсетілетін қызмет сапасын қамтамасыз ету барысында барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен қамсыздандыру сенімділігі әрі үздіксіздігі және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейі көзделеді.

— **Тиімділіктің негізі** – Компания қызметкерлері болып табылады. Олардың жоғары кәсібилігі, командада жұмыс істеу қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы алға дамуды қамтамасыз етеді.

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

Компаниясы вертикалды түрде біріктірілген құрылымға ие, оған Солтүстік Қазақстан облысының өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындары кіреді.

16

### Еншілес ұйымдар

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

Компаниясының құрамына келесі кәсіпорындар енеді:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының, Петропавл қаласының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

### Компанияның саладағы орны

- Акционерлік қоғамның жылу энергиясын өндіру мен тарату және электр энергиясын тарату нарығында өзі қызмет ететін өңірлердегі монополиялық мәртебесі.
- Тұтынушылардың дифференциалдық портфелі және тұтынушылардың түрлі типі арасында тұрақты сұраныстың болуы.
- Вертикалды түрде біріктірілген компания – жылу және электр энергиясын өндіруден бастап соңғы тұтынушыға таратуға дейінгі процестің толық циклі.
- Халықаралық және қазақстандық акционерлердің капиталға қатысуынан жиналған тәжірибе.
- Жетекші технологиялық шешімдер мен Компания дамуының прогрессивті саясатын енгізуге бағыт ұстану.
- Серіктестер мен Компанияның бөлімшелерімен сенімді байланыс.


17

## #Құндылықтар

- Қызметкерлердің жеке құқықтары мен мүдделеріне, тұтынушылардың талаптарына және біздің серіктестер мен қоғам алға тартатын әріптестік шарттарына **құрмет**.
- Қол жеткізген нәтижелерге лайықты еңбекақы беретін және кәсіби дамуға тең құқықтар беретін **әділдік**.
- Біздің жұмысымызға қажетті ақпаратты беру саласындағы **адалдық**.



- Біздің барлық жұмысымыздағы мүмкін нәтижелерге тұрақты қол жеткізуге негіз болатын **тиімділік**.
- Өз шешімдерінің салдарына жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін **ерлік**.
- Адамдарды кез-келген зиян мен денсаулығына төнетін қауіптерден қорғауға және қоршаған ортаны сақтауға негіз болатын **қамқорлық**.
- Шешім қабылдауға және оған жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін қызметкерлерге деген **сенім**.



## #Көрініс


### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ –

Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан, қызметі жылу және электр энергиясын өндірудің абрлық сатысы – өндіріс, тасымал және өткізуді қамтитын энергетикалық компания. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ вертикалды түрде біріктірілген энергетикалық холдинг – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады. Компания басшылығы серіктестермен, клиенттермен және жеткізушілермен қарым-қатынаста сыйластық және өзара жауапкершілік принциптерін ұстанады.

## #Стратегия

2016 жылы 2016-2021 жылдарға арналған ұзақмерзімді корпоративті Стратегияны жүзеге асыру бекітілді. Ол бизнес дамуының, басқару жобалары мен технологияларының негізгі бағыттарын айқындайды.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты** аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық жүйесінің теңдестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші энергетикалық компанияны құру. Бұл ретте Компания өзінің қызметінде өндіріс, экология, денсаулық сақтау салаларында және әлеуметтік салада халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылады.



## Даму стратегиясына сәйкес міндеттерді орындау

Стратегия келесі төрт стратегиялық бағыт бойынша шаралардың орындалуын қарастырады:

### Кепілді өткізу және төмен тәуекелмен нарықты мақсатты кеңейту:

— Акционерлік қоғамның қызмет географиясын кеңейту;

— Энергия өндіру мен берудің жаңа нарықтарына шығу бойынша өсім жобаларын жүзеге асыру.

### Өндірістің техникалық деңгейін арттыру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымдарды жаңарту жолымен өндірістік тиімділікті арттыру:

— Инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру, апаттылық тәуекелін төмендету, тұрып қалуды болдырмау жолымен энергия өндіруші нысандардың қондырғыларын қайта құру және жаңғырту;

— Жылу және электр энергиясының бірлігін өндіруге кететін бөлшек шығынды төмендету;

— Жылу және электр энергиясын тасымалдау кезінде нормативтен тыс шығындарды азайту;

— Энергия өндірісі мен оны беруде энергия үнемдеуші және энерготиміді технологияларды енгізу;

— Тиімді экологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін құру;

— Инновациялық бағыттарды салмақты дамыту арқылы перспективалық жобаларды енгізу;

— «Жасыл» технологияларды дамытуға үлес қосу.

## Негізгі стратегиялық бағыттар

Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания келесі бағыттардағы жобаларды жүзеге асырады:

Өндірістің техникалық деңгейін арттыру, апаттылық тәуекелін төмендету және тұрып қалуды болдырмау мақсатында қондырғыларды жаңғырту.

### Жоспарланған шараларды орындау:

— Ст. №1,3,4,5,6,7,9,10,11 қазандық агрегаттарын қайта құру.

— Қазандық цехтің қосалқы жабдықтарын қайта құру.

— №2 күл үйіндісінің №3 қоршау бөгеттерін биіктету (II кезек).

— Қазандық цехтің қосалқы жабдықтарын қайта құру.

— Отын беру жүйесін қайта құру.

— «Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін т/ж жолдарына күрделі жөндеу» жобасына сараптама.

— Ст. №8 ҚА және ст.№1 ТА АБЖ ПТК жаңғырту.

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО ғимаратының ішін кондиционерлеу жүйесін жаңғырту.

— 2Т трансформаторын сатып алу және монтаждау.

— 110, 220кВ желісінде және 2-ПЖЭО қажеттілігі үшін апаттық процестердің цифрлық бейнерегистраторын жаңғырту.

— Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін бас корпусының ғимаратын күрделі жөндеу.

— Набережная көшесіндегі НС-тен 2-ПЖЭО НС-ке дейінгі аралықта шаруашылық қажеттіліктер үшін Ду 630мм құбырын орнатып жұмыс жобасын әзірлеу.

— Белое көлінің табанын тазалау (энергия үнемдеуші шара).

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қоршаған ортаға

бөлетін эмиссияларға автоматтандырылған мониторинг жүйесі құрылғысы» жұмыс құжаттамасына сараптама.

— Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№3,7 қазандық агрегаттарды күрделі жөндеу (КА-3 сепарациялық жабдығы, КА-7 жылыту қабаты)

— Қоршау бөгеттерін биіктету бойынша техникалық паспортты әзірлеу.

— Ст.№11 қазандық агрегат барабанының сепарациялық жабдықтарын әзірлеу және ауыстыру.

— Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№3 турбоагрегатын күрделі жөндеу.

— Қазандық жабдықтарды сынау және түзеп реттеу.

— Электр жабдықтарын сатып алу (ТМҚ сатып алу).

— Антивирусты бағдарламаларды сатып алу.

— Жаңа экологиялық кодекс талаптарына сәйкес, 2-ПЖЭО-да УҚТ енгізу бойынша алдын ала ТЭН әзірлеу.

— Конвейерлік лента сатып алу.

— RTU-325-E2-512-M4-B монтаждау бойынша іске қосу-реттеу жұмыстары.

— RTU-325-E2-512-M4-B құрылғысы.



#### 2022 жылға жоспарлар:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО №2 күл үйіндісінің №3 секция қоршау бөгеттерін биіктету (II кезек).
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияға автоматтандырылған мониторинг жүйесінің құрылғысы (№2,3 түтін тұрбасы)
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін кранды қайта құру.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін теміржол жолдарын күрделі жөндеу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін "Қиялы", "Смирново", "Тимирязево" шағын станцияларында ЭКЕАЖ ауыстыру.
- 2-ПЖЭО ғимараттары мен құрылыстары.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін бас корпус ғимаратын күрделі жөндеу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№9 ҚА күрделі жөндеу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№5 турбоагрегатын күрделі жөндеу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№7 турбоагрегатын күрделі жөндеу.
- 1 БУ (ПСВ-500-14-23) пик бойлерін сатып алу. Турбоагрегат ст.№2.
- 2 БУ (ПСВ-500-14-23) пик бойлерін сатып алу. Турбоагрегат ст.№2.
- 1 БУ (ПСВ-500-14-23) пик бойлерін сатып алу. Турбоагрегат ст.№3.
- 2 БУ (ПСВ-500-14-23) пик бойлерін сатып алу. Турбоагрегат ст.№3.
- Пик бойлерлерін монтаждау.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін тепловозды күрделі жөндеу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін қазандық цехінің көпірлі крандарын жаңғырту.
- РУСН-0,4 кВ үшін электр жабдықтарын сатып алу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін стационарлы компрессорларды ауыстыру.

#### 2022 жылға жоспарлар:

- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін екі бульдозерді күрделі жөндеу.
- Реттеуші және запорлы арматураны ауыстыру.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін құбыр өткізгішінің секциясын күрделі жөндеу (металды бақылау, қиылыстарды ауыстыру, запорлы арматураны ауыстыру).
- 2-ПЖЭО нысандарында күзет дабыл құрылғысы.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін 2-ПЖЭО қоршаулары мен жарықтандыруын күрделі жөндеу жобасын әзірлеу.
- Алты электр қозғалтқыштарын сатып алу.
- 0-30 м В-Г қатарындағы 6-9 осінде ПГВП тірек жүйесінің ШБМ іргетастарын зерттеу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін электр қозғалтқыштарын күрделі жөндеу.
- 2-ПЖЭО жалпы қолданысқа арналмаған т/ж жолдарының техникалық құжаттамаларын әзірлеу.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қосалқы және көмекші өндірісінің су тұтыну және су өткізу нормасы жобасын әзірлеу.
- Күл үйіндісі үшін бейнебақылау жүйесін орнату.
- Теміржол өткелін салу.
- «2 багерлі сорғы станциясын қайта құру» жұмыс жобасын сараптамадан өткізу.
- «КРУ-6кВ 9,10,11 секцияларын ауыстырып, Петропавл 2-ЖЭО қайта құру» жобасын сараптамадан өткізу.
- Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін 2-ПЖЭО қоршаулары мен жарықтандыруын күрделі жөндеу жобасын әзірлеу.
- Набережная көшесіндегі НС-тен 2-ПЖЭО НС-ке дейінгі аралықта шаруашылық қажеттіліктер үшін Ду 630мм құбырын орнатып жұмыс жобасын сараптамадан өткізу.
- 2-ПЖЭО бейнебақылау жүйесін орнату.
- 2-ПЖЭО жабдықтарын сынау және реттеп түзеу.
- Негізгі жабдықтарды сатып алу
- Футеровкасын ауыстырып, № 2 темірбетон түтін тұрбасын күрделі жөндеу.

## Энергия өндіру және беру кезінде энергия үнемдеуші және энерготімді технологияларды ендіру:



#### Жоспарланған энергия үнемдеуші шараларды орындау:

- 3АБ, 4АБ ленталық конвейерлерінің галереясында электр жарықшамдарын заманауи энергия үнемдеуші шамдарға ауыстыру.
- 100 мың м<sup>3</sup> көлемінде вакуумды ұстап тұру (көлді тазалау).
- Жөндеу жүргізу кезеңінде турбина конденсаторларын гидравликалық сорғы құрылғысымен (ГСК) тазалау.
- Жылу қысымдарының төмендеу кезеңінде бойлер құрылғыларын гидравликалық сорғы құрылғысымен (ГСК) тазалау.
- № 2 ВО-да екі дана диск тісті ұнтақтауыш пен екі дана балға ұнтақтауышты ауыстыру үшін сатып алу.
- Қыздырушы құрылғыны қайта құру.
- Ст. №8 ҚА және ст.№1 ТА АБЖ ПТК жаңғырту.

#### 2022 жылға энергия үнемдеуші шаралар жоспары:

- Ст.№2 қазандық агрегатты ауыстыру.
- Ст.№2 қазандық агрегатында ТП АБЖ орнату.
- Жөндеу жүргізу кезеңінде турбина конденсаторларын гидравликалық сорғы құрылғысымен (ГСК) тазалау.
- Жылу қысымдарының төмендеу кезеңінде бойлер құрылғыларын гидравликалық сорғы құрылғысымен (ГСК) тазалау.
- 3АБ, 4АБ ленталық конвейерлерінің галереясында электр жарықшамдарын заманауи энергия үнемдеуші шамдарға ауыстыру.
- 0 метр қазандық цехінде электр жарықшамдарын заманауи энергия үнемдеуші шамдарға ауыстыру.
- № 2 ВО-да екі дана диск тісті ұнтақтауыш пен екі дана балға ұнтақтауышты ауыстыру үшін сатып алу.
- Ст.№4, №5, №9, №11 қазандық агрегаттарында ВЗП кубтарын ауыстыру.

## 2021 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламаны іске асыру перспективалары

**2009-2015 жылдары** инвестициялық бағдарламаның негізгі шаралары аяқталды.

Нәтижесінде **174 МВт** қуаттылық енгізіліп, жаңаланды, орнатылған қуат көрсеткіші **26 %-ға** артты, электр энергия өндірісі **18,2 %-ға** жоғарылады және күл шығарылымдары **75 %-ға** қысқарды.

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде **2021 жылы** станцияның өндіруші қондырғыларының тозуы **56,08 % болды**.



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНА СӘЙКЕС МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ



## 2009 жылдан бергі мақсатты міндеттер

**2021 жылы** инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде станцияның өндірістік жабдықтарының (турбоагрегаттардың) тозуы 86,10 %-дан 54,61 %-ға қысқарады.

**2009 жылы тозу – 86,10 %;**

**2021 жылы тозу – 54,61 %.**

Орнатылған электр қуаты бойынша өсім – **161 МВт немесе 42,37 %.**

**2009 жылы – 380 МВт**

**2021 жылы – 541 МВт**

Орнатылған жылу қуаты бойынша төмендеу – **146 Гкал/с немесе 17 %.**

**2009 жылы – 859 Гкал/с**

**2021 жылы – 713 Гкал/с**

Электр энергиясын өндіру бойынша өсім – **325,461 млн кВт·с немесе 13,69 %.**

**2009 жылы – 2 377,255 млн кВт·с**

**2021 жылы – 2 702,716 млн кВт·с**

Жылу энергиясын босату бойынша өсім – **0,321 мың Гкал немесе 0,2 %.**

**2009 жылы – 1 910,105 мың Гкал**


**2021 жылы – 1 910,426 мың Гкал**

Сапа менеджменті жүйесі, экологиялық менеджмент жүйесі, денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сертификаттауды қолдау.

Кәсіпорындарды жоғары білікті қызметкерлермен қамтамасыз ету:

- Жұмысшылардың басқарушылық және кәсіби компетенцияларын арттыру;
- Тәжірибені беру және жаңа жұмысшыларды тез бейімдеу үшін тәлімгерлік институтын дамыту;
- Ішкі және сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру.

«Жасыл» технологиялардың дамуына атсалысу.



## 2021 жылғы орындалу статусы

**2021 жылы** станцияның өндірістік жабдықтарының (турбоагрегаттардың) тозуы **56,08 % құрады.**

Станцияның өндірістік активтері жабдықтары мен байланыс трансформаторларын қоса алғанда жаңарған өндірістік активтердің үлесі **61,54 % болды.**

Зиянды шығарылымдардың саны **40,094 мың тоннаны құрап, 11,1 % қысқарды.**

Орнатылған электр қуаты – **541 МВт.**

Орнатылған жылу қуаты – **713 Гкал/с.**

**2020 жылмен** салыстырғанда электр энергиясы өндірісінің төмендеуі **628,645 млн кВт·с (18,87 %)** болса, 2021 жылы өндіріс көлемі **2 702,716 млн кВт·с болды.**

**2020 жылмен** салыстырғанда жылу энергиясын босатудың жоғарылауы **185,7 мың Гкал (10,77 %)** болса, 2021 жылы **1 910,426 мың Гкал** жылу энергиясы босатылды.

**ISO 14001, ISO 9001, ISO 45001** халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бірінші қадағалаушы аудит.

**2021 жылғы 28-29 сәуірде өткізілді.**

**Компания қызметі ISO 14001** Экологиялық менеджмент жүйесі (№ 01 104 2026502 сәйкестік сертификаты), ISO 9001 Сапа менеджменті жүйесі (№ 01 100 2026502 сәйкестік сертификаты), ISO 45001 Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (№ 01 213 2026502 сәйкестік сертификаты) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сертификаттаудан өтті.

**2021 жылы** кәсіпорындар профилі бойынша сыртқы оқу формасымен **46 жұмысшы** жоғары білім алды;

Кәсіпорындар профилі бойынша сыртқы оқу формасымен **техникалық/кәсіби білім** алған жұмысшылар саны – **70 адам.**

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қамтамасыз ету мақсатында «СВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында **2021 жылы** басқарудың жоғарғы, орта және төменгі сатыларының жалпы саны **150 басқарушысының** кадрлық резерві жасақталды.

**2019 жыл ішінде** басқарушы лауазымдарға кадрлық резервте тұрған **48 жұмысшы** ауыстырылды.

ҚР Экологиялық кодексінің «Үздік қолжетімді технологиялар» 113 бабына сәйкес, «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар» ҰАҚ сарапшыларымен бірге кешенді технологиялық аудит жүргізіліп, «СВКАЗЭНЕРГО» АҚ физикалық технологиялық жағдайы бойынша эксперттік есеп жасалды. Бұл шара бойынша шығындар сомасы – **4 480 000 теңге болды.**

Сондай-ақ, ҚР Экологиялық кодексінің «Шығарылымдар және парник газдарын жұту саласындағы мемлекеттік реттеу» аталатын 20 тарауына сәйкес, парник газдары шығарылымдарын инвентаризациялау және парник газдарын инвентаризациялау туралы есепті верификациялау қызметі жүзеге асырылды. Шығындардың жалпы сомасы **2 130 000 теңге болды.**

## 2021 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР

### Тұтынушылар

- Электр энергиясының өндірісі – **2 702 716,418 млн кВт**
- Жылу энергиясының өндірісі – **1 910,426 мың Гкал**
- **2009 жылдан бері 33 299 тұтынушы** ЭКЕАЖ (оның ішінде **31 434 (20,02 %)** тұрмыстық тұтынушы және **1 865 (15,92 %)** өнеркәсіптік тұтынушы) жабдықталды
- **2021 жылы «СҚ ЭТК» АҚ-нда ЭКЕАЖ** енгізу жүргізілген жоқ

### Жұмысшылар

- 2 103 жұмысшы** оқудан өтті (**88,2%**)
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша шараларды орындаудың нақты шығындары **2021 жылы 405 221 583 теңгені құрады.**

### Мемлекет

- 5 746 млн теңге** салық төленді.
- Өндірістік қорды жаңғырту инвестициялары **4,7 млрд теңге болды.**

### Қызмет ету өңірі

- Мүдделі тараптармен өзара қызмет ету жоспарын орындау. **2021 жылы табиғат қорғау шараларының жалпы шығындары 628 172 361 теңге болды**, оның ішінде:
  - Ауа, су, ЖЖМ – **485 618 326 теңге;**
  - Су ресурстарын қорғау – **34 538 611 теңге;**
  - Қалдықтарды жою – **101 405 424 теңге;**
  - Өзге шығындар – **6 610 000 теңге.**

Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары жүзеге асырылды.

## КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ



## НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР

### «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ

Шағын станциялардың типі бойынша саны		Электр беру желілерінің ұзындығы: 13 057,89 км	
Шағын станциялар типі	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	ЭБЖ типі	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ
220 кВ	-	220 кВ	1 293 190
110 кВ	37	110 кВ	816 026
35 кВ	121	35 кВ	781 865
6–10 кВ	2 204	6–10 кВ	4 414,08
		0,4 кВ	4 382,40
<b>Барлығы</b>	<b>2 362</b>	<b>Барлығы</b>	<b>13 057,89</b>

Тұтынушылар саны:  
Электр энергиясы 163 236 адам

## «ПЕТРОПАВЛ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

### Жылу энергиясын босату

Жыл	2-ПЖЭО жылу энергиясын босату (мың Гкал)
2017	1 682
2018	1 874
2019	1 819
2020	1 714
<b>2021</b>	<b>1 897</b>

### 230,430 км жылу желілері

Тұтынушылар саны:  
Жылу энергиясы – 75 734 адам



#Мүмкіндіктер

## ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

Директор: Захаров Д.А.

Заңды мекен-жайы:  
Петропавл қаласы, Гашек көшесі, 28

Петропавл 2-ЖЭО қызметінің негізгі түрі электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы станцияның орнатылған қуаты электр энергиясы бойынша 541 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 713 Гкал/с-ты құрайды.

Станция келесі цехтерден тұрады: тотын-көлік цехі, қазандық, турбиналық, электрлік, химиялық цехтер.

Қосалқы цехтер: жылу автоматикасы және өлшеулер цехі, жөндеу-механикалық цехі, оттегі станциясы, жөндеу-құрылыс учаскесі. Электр энергиясын босату «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ және «KEGOC» АҚ электр желілері арқылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО желілерінің баланстық қажеттіліктер шекарасында жүзеге асырылады. КСН маркалы Екібастұз бассейнінің көмірі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнында пайдаланылатын отынның негізгі түрі болып табылады, ал тұтандыру отыны ретінде М-100 маркалы мазут қолданылады.

Станция **ӘЖ 220 кВ: «2711», «2721» және ӘЖ 110 кВ «Сибирь»** бойынша Қазақстан Республикасының энергожүйесімен қатар жұмыс істейді, **жеті трансформатор байланысы бар 35/110/220 кВ ашық тарату құрылғысы бар.**

## «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Бас директор: Казановский А.А.

Заңды мекен-жайы:  
Петропавл қаласы, Шәжімбаев көшесі, 144

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ («СҚ ЭТК» АҚ) энергия беруші ұйым болып табылады және өз қызметін табиғи монополиялар саласында, электр энергиясын электр желілері арқылы беру және тарату бойынша реттелетін қызметтер көрсету арқылы жүзеге асырады.

Қызмет көрсететін елді мекендер саны – 380, оның ішінде 4 қала бар. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан және өз балансына кіретін 0,4-220 кВ қысымды электр желілеріне қызмет көрсетеді.

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ құрамына 8 электр желілік аудан, Электр желілерінің қалалық басқармасы (ЭЖҚБ) кіреді. Бұл Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясының қызмет көрсету аумағындағы ауылдық әкімшілік аудандар санына сәйкес келеді. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның Петропавл 2-ЖЭО-да өндірілетін электр энергияны Солтүстік-Қазақстан облысы, Оңтүстік-Орал темір жолы және Ресей Федерациясы тұтынушыларына беру және үлестіруді қамтамасыз етеді. Түрлі меншік формасындағы 6 000 кәсіпорын шоғырланған «СҚ ЭТК» АҚ электр желілеріне Солтүстік Қазақстан облысының көптеген кәсіпорындары қосылған, тұтынушылардың жалпы саны 163 236 адамды құрайды.

«СҚ ЭТК» АҚ тұтынушыларының қызметтерге қол жетімділік деңгейін арттыру мақсатында 2012 жылы қыркүйекте Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы ашылды, мұнда төмендегі қызмет түрлері көрсетіледі:

- Жер учаскелері мен сервитуттарды мақұлдау;
- Электр және жылумен қамтуға қосылу үшін техникалық шарттарды беру;
- Электр желісіне қосу/ажырату;
- Есептегіштерді пломбалау;
- Өзге консультативті-оперативті қызметтер.

Атауы	2019	2020	2021
Электр энергиясын беру, млн кВт·с	1 253	1 183	1 290

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда инвестициялық бағдарламаларды орындау аясында 2022 жылы келесі шараларды орындау жоспарланып отыр:

- Жалпы көлемі 48,54 км 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру;
- Жалпы көлемі 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру;
- СҚО Қызылжар ауданында 35/10 кВ "Озёрная" ШС қайта құру;
- Өндірістік және әкімшілік ғимараттарды қайта құру;
- Энергия үнемдеу және энерготімділікті арттыру шараларын орындау.

Компанияның ең маңызды міндеттерінің бірі тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын тұрақты жақсарту.

Тұтынушылармен кері байланысқа ерекше мән беріледі, оның ішінде:

- Бір терезе принципі бойынша Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы қызмет етеді. Онда тұтынушылардан құжаттар алынып, беріледі, сонымен бірге білікті мамандардан кеңес алуға болады;
- Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығында Пікірлер мен ұсыныстар кітабы қойылған, ол кез-келген тұтынушыға қолжетімді және әрбір адам сұрағын қойып, ұсынысын жаза алады;

— Бас директор мен оның орынбасарлары жеке қабылдау жүргізеді;

— Компания сайтында «Кері байланыс айдары бар, онда тұтынушы өз хабарламасын қалдыра алады»;

— АҚ базасында Петропавл қаласы және СҚО сегіз ауданы бойынша тәулік бойы диспетчерлік қызмет әрекет етеді;

— Телефон арқылы хабарлама жасау және жедел ақпарат алу үшін бірыңғай Call-орталық іске қосылған, телефон номері 50-06-66.

**2021 жылы сәуірде «СҚ ЭТК» АҚ қызметінің онлайн ресурсы іске қосылды.** Бұл ресурста тұтынушылар Компания көрсететін барлық қызмет түрлері бойынша қажетті ақпарат ала алады және қажетті қызметке электронды өтініш қалдыра алады. Сонымен бірге мұнда қуаттылықтар картасын ашып, Петропавл қаласы мен СҚО бойынша шағын станциялардағы қолжетімді қуаттылықтарды өз бетінше зерттей алады. Одан бөлек, тұтынушы шағымын немесе Компания жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстарын қалдыра алады. Оларды АҚ басшылығы міндетті түрде қарастырады. Сайт интерфейсі оны компьютерде де, смартфонда да қолдану ыңғайлы болатындай етіп жасалған. Ұсынылған электронды өтініштер тікелей мамандарға барады. Бұл оларды өңдеу процесін айтарлықтай жеделдетеді. Ресурсқа сілтеме «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ресми сайтының басты бетінде «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ электронды кеңсесі деген атаумен жарияланған.

**2021 жылы** Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығында (ТҚКО) төлем карталары арқылы қызметтің төлемақысын қабылдауға арналған pos-терминал орнатылды.

## «ПЕТРОПАВЛ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

**Бас директор: Калининцев А.В.**

**Заңды мекен-жайы:**  
**Петропавл қаласы, Строительная көшесі, 23**

«Петропавл жылу желілері» ЖШС негізгі қызметі – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда өндірілетін жылу энергиясын беру мен тарату, жылу желілерін техникалық дұрыс жағдайда ұстап тұру, Петропавл қаласын тұрақты жылумен қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан бөлек, кәсіпорын қаланың магистральді және тарату желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізіп, жылумен қамту сапасының заманауи талаптарына жауап беретін жаңа энерготімді технологияларды іздеу мен енгізуді үздіксіз жүзеге асырады.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС балансындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы **230,430 км** құрайды, оның ішінде тарату желілерінің ұзындығы – **148,858 км**, ал магистральді желілердің ұзындығы – **81,572 км**.

**2022 жылдың 1 қаңтарындағы** жағдай бойынша жылу желілері жабдықтарының тозу деңгейі **72,16 %** құраса, оның ішінде магистральді жылу желілері бойынша – **76,67 %**, тарату желілері бойынша – **62,59 %**.

Сорғы станцияларының жалпы орнатылған (жобалық) қуаты, жылу пункттерін қоса алғанда, **11 624 кВт-с құрайды.** «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жылу энергиясын беру мен таратуға арналған қондырғыларды пайдалану мен техникалық қызмет көрсету, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтері бар.

### Жылу энергиясын беру

Атауы	2019	2020	2021
<b>Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал</b>	<b>1 348</b>	<b>1 264</b>	<b>1 426</b>

«Күрделі және ағымдағы жөндеу» бағыты бойынша 2021 жылы кәсіпорын жалпы ұзындығы 11,211 км (3,578 км магистральді желі және 7,633 км тарату желісі) болатын магистральді жөнг тарату желілерін құбырын ауыстыра отырып, жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Жалпы ұзындығы 5,078 км болатын құбыр желісінің зақымдалған жылу қалтамасын және жалаңаштанған учаскелерін шыны-мақталы плиталарды қолдана отырып жөндеу және қалпына келтіру.

Кәсіпорынның 2021 жылғы инвестициялық бағдарламасы аясында тарифте қарастырылған қаражат есебінен «Энергострой» құрылыс басқармасы» ЖШС «Алматинская көшесінде ТК-8-01 мен ТК-7-09А аралығында №7-18 2Ду500мм жылу магистралін қайта құру» жобасы бойынша жұмысты жалғастырды. Жүзеге асыру кезеңі: 2020-2022 жылдар. Қаланың жылу магистралін жаңарту бойынша жобаның жалпы құны – 1 098 300 мың теңге ҚҚС-сыз (оның ішінде 2020 жыл – 173 367 мың теңге; 2021 жыл – 590 695 мың теңге; 2022 жыл – 334 238 мың теңге). Қайта құруға жататын учаскенің жалпы ұзындығы 1674 п.м. құбыр. 2021 жылы 908 п.м. бөлігі қайта құрылып, ҚҚС-сыз 590 695 мың теңге игерілді. Жоспар 100% орындалды.

Жоспардан тыс «СҚО, Петропавл қаласында Сәтпаев көшесінде ТК-6-19 мен ТК-3-15г аралығында №3 2Ду500мм» жылу магистралін қайта құру» жұмыс жобасына кешенді ведомстводан тыс сараптама жасалды. Құрылыс-монтаж жұмыстары ағымдағы жылы басталады. Сонымен бірге, АТС комплекті мен тепловизор сатып алынды.

## «СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

**Бас директор: Сағандықов М.К.**

**Заңды мекенжайы:**  
**Петропавл қаласы, Жұмабаев көшесі, 66**

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларына жасалған келісімшарттар негізінде электр және жылу энергиясын беруді қамтамасыз ететін энергиямен қамсыздандырушы ұйым.

Тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлемде энергия ресурстарын сенімді түрде әрі үздіксіз жеткізу серіктестік қызметінің негізгі бағыты болып табылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны электр энергиясы бойынша 164 367 адамды және жылу энергиясы бойынша 75 450 адамды құрады.

Облыс орталығында тұтынушыларға төлем қабылдау бойынша қызмет көрсететін 3 сервистік пункт жұмыс істесе, облыс аудандарындағы пункттер саны – 12. 9 банкпен төлем қабылдау және терминалдар мен банктердің интернет порталдары арқылы қызмет көрсету туралы шарттар жасалған. Жұмабаев көшесі, 66-үйде орналасқан тұтынушыларға қызмет көрсететін №1 сервис орталық 2013 жылдан бері қызмет етіп, Компания клиенттеріне қызмет көрсетудің жоғары сапасы мен жеделдігін қамтамасыз етіп келеді.

Атауы	2019	2020	2021
<b>«Севказэнергосбыт» ЖШС жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал</b>	<b>1 348</b>	<b>1 264</b>	<b>1 426</b>

### Орташа босату тарифтері

	01.01.18	01.11.18	01.01.19	10.01.20	15.08.20	20.01.21	01.05.21	05.08.21
Электр энергиясы (теңге ҚҚС/Гкал)	15,32	15,19	14,87	15,92	17,19	18,19	20,20	21,32
	01.01.18	01.07.18	01.11.18	01.01.19	01.01.20	01.02.21	01.01.22	
Жылу энергиясы	4 542,97	4 605,17	4 579,15	5 275,44	5 705,25	6 280,20	6 680,11	



## ИСМ

Сапа менеджменті жүйесі, экологиялық менеджмент жүйесі, денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сертификаттауды қолдау. ISO 14001, ISO 9001, ISO 45001 халықаралық стандарттарына сәйкестікке алғашқы қадағалау аудиті 2021 жылғы 28-29 сәуірде өткізілді.

Компания қызметі ISO 14001 Экологиялық менеджмент жүйесі (№ 01 104 2026502 сәйкестік сертификаты), ISO 9001 Сапа менеджменті жүйесі (№ 01 100 2026502 сәйкестік сертификаты), ISO 45001 Денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (№ 01 213 2026502 сәйкестік сертификаты) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке сертификаттаудан өтті.

### ИСМ сертификаттары бойынша ақпарат

№ р/с	Стандарт	Сертификаттың тіркеу номері
	ISO 14001:2015	01 104 2026502
	ISO 9001:2015	01 100 2026502
	ISO 45001:2018	01 213 2026502

### Компанияның саладағы орны

- Акционерлік қоғамның жылу энергиясын өндіру мен тарату және электр энергиясын тарату нарығында өзі қызмет ететін өңірлердегі монополиялық мәртебесі.
- Тұтынушылардың дифференциялық портфелі және тұтынушылардың түрлі типі арасында тұрақты сұраныстың болуы.
- Вертикалды түрде біріктірілген компания – жылу және электр энергиясын өндіруден бастап соңғы тұтынушыға таратуға дейінгі процестің толық циклі.
- Халықаралық және қазақстандық акционерлердің капиталға қатысуынан жиналған тәжірибе.
- Жетекші технологиялық шешімдер мен Компания дамуының прогрессивті саясатын енгізуге бағыт ұстану.
- Серіктестер мен Компанияның бөлімшелерімен сенімді байланыс.

2021 жылы Компания инвестициялық бағдарлама шараларын жүзеге асыруға 3 872 744 мың теңге бағыттауды жоспарлады.

Ал нақтысында 3 890 103 мың теңге жұмсады.







«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда қазақстандық және халықаралық стандарттарға жауап беретін тиімді де айқын корпоративтік басқару жүйесі жұмыс жасайды. Корпоративтік басқару қызмет ашықтығын арттырып, активтердің өсуіне және Компанияның қаржылық тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Компанияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Компания акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.

## Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің нәтижелері

**2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы компетенциясына жататын шешімдер «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) келесі мәселелер бойынша қабылданды:**

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, өкілеттік мерзімін анықтау туралы шешім;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ-мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім;
- ВТБ-мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім;
- «Қазақстанның халықтық жинақтаушы банкі» АҚ-мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім;
- Жылдық шоғырландырылған қаржылық есепті бекіту және 2020 қаржылық жыл үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім;
- 2021 жылғы қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау туралы шешім.



## ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Тәуекелдер және бақылау жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитет

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпоративтік хатшы

Тәуекел менеджмент басқармасы

Ішкі бақылау басқармасы

Экономикалық қауіпсіздік басқармасы

### БАС ДИРЕКТОР

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Кеңесші

Бас директордың өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары – бас инженер

Бас директордың коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары

Бас директордың қызметкерлерді басқару және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акциялардың 100%-ына ие жалғыз акционер болып табылады.

Қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы **16 664 млн теңгені құрайды.**

#Капитал

### Ұстаушының атауы

Ұстаушының атауы	Жая акциялар		Артықшылығы бар акциялар	Барлық акциялар	
	саны	үлесі		саны	үлесі
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ	143 863 799	100 %	–	143 863 799	100 %

## ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Дивидендтерді есептеп жазуға, оларды жариялау тәртібіне, мөлшеріне, төлеу нысанына және мерзімдеріне қатысты Компанияның саясаты Жарғыда және 06.08.2020 жылғы (№6 хаттама) қоғамның директорлар кеңесінің шешімімен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қосылған «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ дивидендтік саясату туралы ережеде айқындалған.

**Төменде аталғандар Компанияның дивидендтік саясатының негізгі принциптері болып табылады:**


- бдидивендтік төлемдердің мөлшерлерін айқындаған кезде Компания және оның акционері мүдделерінің теңгерімі;
- Компанияның инвестициялық тартымдылығын, қаржылық тұрақтылығын, капиталын және өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық табыстылығын қамтамасыз ету;
- акционерлер құқықтарын сақтау және сыйлау, олардың әл-ауқатын арттыру.

(Компания таза табыстың өз дамуына қажетті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретіндей бөлігін дивидендтерді төлеуге жұмсауға ниетті. «ОАЭК» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша жылдық дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдайды. Алдын-ала қарастырылмаған негативті жағдайлар болған кезде, Директорлар кеңесі «ОАЭК» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамауға ұсыныс беруге міндетті.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ осы Компания Жарғысы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен Акционерлердің жалпы жиналысының (АЖЖ) компетенциясына берілген мәселелерді есепке алмағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Компанияның атқарушы органын қалыптастырады және қадағалайды. **Қызмет мақсатына қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі келесі принциптерді басшылыққа алады:**

- Компания қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Компанияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Компания туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Компания акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар



2021 жылғы «ОАЭК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлеріне 2020 қаржылық жыл үшін **42 406 500** (қырық екі миллион төрт жүз алты мың бес жүз) **теңге** дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.



кеңесінің Компания акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;

— Компания акционерлерін шынайы және уақытылы ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Севказэнергосбыт» ЖШС, «Петропавл жылу желілері» ЖШС сияқты заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдайды, бұл заңды тұлғалардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 100 %-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның еншілес кәсіпорны) Директорлар кеңесі де электр желілік компанияны басқару функцияларын атқарады. Директорлар кеңесіне берілетін сыйақы мөлшері Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері келесі критерийлерге сәйкес келеді:**

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлестес тұлғалары емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жылда үлестес тұлға болған емес;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға емес;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ лауазымды тұлғаларымен және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үлестес тұлға – ұйымдармен бағыныштылық тұрғыда байланысты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жылда байланысты болған емес;

— Мемлекеттік қызметкерлер емес;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ органдарының отырыстарына акционердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жылда өкілі болған емес;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ аудитіне аудиторлық компания құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатысушы емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жылда қатысқан емес.

## ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиынының шешімімен сайланады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үшеуден кем болмауы тиіс. Олардың отыз пайыздан кем емес бөлігін тәуелсіз директорлар құрауы қажет. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлғалар, акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар сайлана алады. Сондай-ақ, қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы шарт.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры да Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алады, алайда ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен ең көп дауыс жинауы арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауды өткізіп жатқан Акционерлердің жалпы жиналысында тоқтатылады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

Тәуелсіз директор болып «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес, тәуелсіздік критерийлеріне сай келетін үміткер сайлана алады. **Критерийлер:**

— соңғы 5 жыл ішінде Қоғам қызметкері не Қоғамның атқарушы органының мүшесі болмаған тұлға;

— Директорлар кеңесі мүшесінің міндетін атқарғаннан басқа Қоғам не оның тарапынан сыйақы алмайтын тұлға;

— Қоғам акцияларының 10 пайыздан артық бөлігіне ие емес және Қоғам акцияларының 10 пайыздан артық бөлігіне ие өзге компанияның атқарушы органы мен директорлар кеңесіне мүше емес тұлға (егер компания не Қоғам бір компаниялар тобының мүшелері болмаған жағдайда).

## СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ


Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы көлемін Компания акционерлерінің жалпы жиналысы анықтайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы екі бөліктен құралады:

— нақты сыйақы;

— Қоғамның жұмыс нәтижелері, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің оған қол жеткізуге қосқан үлесін бағалау, сондай-ақ Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысуына байланысты төленуі мүмкін сыйақы.

2021 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне төленген сыйақының жалпы көлемі 83 043 708 теңгені құрады. Атқарушы органға төленетін сыйақы көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады. 2021 жылы атқарушы органға төленген сыйақының жиынтық мөлшері 17 796 421 теңгені құрады.

Компанияның дивиденд төлеуді жариялау, оның мқл-шері, формасы мен мерзіміне қатысты саясаты Жарғыда және "Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы" АҚ-ның Дивидендтік саясат туралы ережесінде айқындалған. Бұл ережеге «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің 06.08.2020 жылғы



## 2021 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері

Принциптерді сақтау туралы ақпарат

Түсіндірмелер

### Әділеттілік

Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.

Сақталады

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқаруы Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ, активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Компания табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген.

### Есеп берушілік

Компанияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органына (Компания Бас директорына) есеп берушілігі. Бұл принцип есеп берушілік пен Компанияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ, Компанияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізген экономикалық көрсеткіштеріне, қызмет нәтижелеріне, Компанияны басқару құрылымдарына қатысты сенімді ақпаратты Компания акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады, ал бұл Компания акционерлері мен инвесторларына негізгі әрі оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сақталады

Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Компанияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Компанияның әрбір басшылық органы/құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Компания басқарушы органдарының өкілеттіктерін шектеуін, сондай-ақ, Компанияның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асырады.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері

Принциптерді сақтау туралы ақпарат

Түсіндірмелер

**Жауапкершілік**

Компанияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл принцип Компания акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ Компанияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі (қасақана ойластырылған немесе абайсызда болған) іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады.

Сақталады

2011 жылы Компанияда Іскерлік этика кодексі қабылданған, ол төрт бағыттағы іскерлік өзара қарым-қатынастарды реттеу стандарттарын біріктіреді:

- Бизнес және кәсіби этика;
- Ұйымдық этика;
- Корпоративтік басқару;
- Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі.

Іскерлік этика кодексі Компанияның барлық қызметкерлері жұмыс орнында бизнес этикасы принциптерін қолдану кезінде басшылыққа алатын ережелер мен принциптерден тұрады. Сондай-ақ, мүдделі тараптармен өзара жұмыс шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған, оның негізінде Компания жыл сайын Жоспардың орындалуы бойынша есеп береді.

**Ашықтық**

Компанияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш принцип Компанияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді.

Сақталады

Компанияның ашықтық принципін сақтау бойынша негізгі міндеттері:

- Компанияға қатысы бар барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;
- Компания туралы жария ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- Компания мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста ашықтық пен сенім деңгейін арттыру;
- Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Компанияның оң имиджін қалыптастыру.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері

Принциптерді сақтау туралы ақпарат

Түсіндірмелер

**Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік**

Компания өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.

Сақталады

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Компанияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын реттейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.

**Тиімділік**

ГКомпания Бас директоры мен оның Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгілеуді, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Компанияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті.

Сақталады

Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Бас директор туралы ережемен реттеледі. Бас директор — Компанияның жеке атқарушы органы, ол ағымдағы қызметке басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары — ұзақмерзімді және жақсы ойластырылған перспективаға негізделген стратегияны қамтамасыз ету, Компания активтерін арттыру, оның тиімді қызметін жүзеге асыруды, акционерлердің заңды көзқарастары мен құқықтарын беруді қамтамасыз ету, атқарушы органға бақылау жүргізу болып табылады.

**Бақылауға алушылық**

Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың орнатылған тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.

Сақталады

Акционерлердің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мақсатында Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, Компанияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің шынайылығы үшін және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару үшін қабылданған шешімдер мен процесстерге мониторинг жасауға көмек көрсету мақсатымен құрылатын Аудит жөніндегі комитет жұмыс жасайды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2022 жылғы 26 сәуірдегі жағдай бойынша акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңесінің құрамы:

Атауы, ұйым-дық-құқықтық формасы	Директорлар кеңесінің мүшелері	Лауазымы	Сайланған күні/өкілеттігінің аяқталу күні
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Янушко Леонид Леонидович	Директорлар кеңесінің төрағасы	17.01.2022–17.01.2024
	Ли Сергей Валерьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі	17.01.2022–17.01.2024
	Нигаи Александр Данилович	Директорлар кеңесінің мүшесі	17.01.2022–17.01.2024
	Андреев Геннадий Иванович	Тәуелсіз директор	17.01.2022–17.01.2024
	Тан Левин	Тәуелсіз директор	20.06.2022–17.01.2024
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Перфилов Олег Владимирович	Директорлар кеңесінің мүшесі	22.08.2022–17.01.2024
	Орал Бағдат Еркебұланұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	23.10.2020–22.10.2023
	Андреев Геннадий Иванович	Директорлар кеңесінің мүшесі	23.10.2020–22.10.2023

1

**ЯНУШКО ЛЕОНИД ЛЕОНИДОВИЧ**  
(1955 жылы туған)



**Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы.**

- 11.02.2021 – қазірге дейін  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі
- 10.02.2021 – қазірге дейін  
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі



2

**НИГАЙ АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ**  
(1984 жылы туған)



**Директорлар кеңесінің мүшесі**

- 15.01.2018 – қазірге дейін  
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі
- 15.01.2018 – қазірге дейін  
«Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі
- 26.07.2016 – қазірге дейін  
«Mineral Product»/Стратегиялық даму жөніндегі директор
- 03.08.2015 – қазірге дейін  
«Қазақстан құбыр жүйелері» ЖШС/Стратегиялық даму жөніндегі директор
- 03.05.2012 – қазірге дейін  
«Com Trade Product» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры

3

**ЛИ СЕРГЕЙ ВАЛЕРЬЕВИЧ**  
(1990 жылы туған)



**Директорлар кеңесінің мүшесі**

- 13.04.2021 – қазірге дейін  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі
- 13.04.2021 – қазірге дейін  
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі
- 01.2020-03.2021  
«Самұрық-Энерго» АҚ/Экономика және қаржы жөніндегі қоса басқарушы директор
- 03.2016-01.2020  
«Самұрық-Энерго» АҚ/«Қазынашылық және корпоративтік қаржылар» департаментінің директоры
- 04.2015-02.2016  
«Самұрық-Энерго» АҚ/Корпоративті қаржыландыру департаментінің директоры

4

**АНДРЕЕВ ГЕННАДИЙ ИВАНОВИЧ**  
(1943 жылы туған)



**Директорлар кеңесінің мүшесі (Тәуелсіз директоры)**

- 15.01.2018 – қазірге дейін  
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
- 13.04.2021 – қазірге дейін  
«Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
- 13.11.2017 – қазірге дейін  
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
- 03.2016-01.2020  
«Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ/Құрметті президент.

5

**ТАН ЛЕВИН**  
(1983 жылы туған)



**Директорлар кеңесінің мүшесі**

- 17.06.2022 – қазірге дейін  
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры
- 17.06.2022 – қазірге дейін  
«Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ/Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2021 жылы Директорлар кеңесінің 14 мәжілісі өткізілді. Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау және Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамын айқындау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мүдделі тараптармен мәміле жасау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қоғамның міндеттемелерін өзіндік капитал мөлшерінің он не одан көп пайызына ұлғайтатын мәміле жасасу туралы;
- «СҚ ЭТК» АҚ мүдделі тараптармен мәміле жасауды мақұлдау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2020 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту туралы;
- Директорлар кеңесіне есепті құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту туралы;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2020 жылғы қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- Бас директордың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғамның жаңа Бас директорын сайлау туралы;
- «СҚ ЭТК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту туралы;
- «Севказэнергосбыт» ЖШС Бақылаушы кеңесінің құрамын өзгерту туралы.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

#### Міндеттері:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, оның даму стратегиясы, Қоғам бюджетін әзірлеу мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және консультативтік көмек көрсету;
- Қоғам қызметін жоспарлау және бюджеттеу саласындағы мәселелерді анықтау.

**Андреев Геннадий  
Иванович**  
Төраға

Мүшелері:  
Янушко Л.Л.  
Перфилов О.В.

2021 жылы Комитет отырысы өткізілмеді.

ДК жұмысы	2019	2020	2021
Күндізгі отырыстар	12	11	8
Сырттай отырыстар	4	3	6

## ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

#### Міндеттері:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамның ішкі бақылауы және тәуекелдерді басқару жүйесі саласындағы мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және ұсыну;
- Қоғамда ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша заманауи тәсілдерді енгізу;
- ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша шаралар жоспарының уақытылы және толыққанды орындалуын бақылау;
- ТБЖ және ІБЖ тиімділігін тестілеудің тиімді бағдарламаларын енгізу.

**Тан Левин  
Төраға**

Мүшелері:  
Нигаи А.Д.  
Сауденов А.Х.  
Горькаев И.Л.  
Кан А.В.  
Перфилов О.В.

2021 жылы Комитеттің екі отырысы өткізілді.



## АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

#### Міндеттері:

- Директорлар кеңесіне басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу және беру;
- Тәуекел ориентациялы ішкі аудитті жетілдіру бойынша заманауи тәсілдерді енгізу;
- Ішкі аудит бойынша түзеуші әрекеттер жоспарының уақытылы және толық орындалуын бақылау.

**Тан Левин  
Төраға**

Мүшелері:  
Ли С.В.

2021 жылы Комитеттің екі отырысы өткізілді.

## КАДРЛАР, СЫИАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

#### Міндеттері:

- Қоғамның Директорлар кеңесіне кадр, әлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және консультативтік көмек көрсету;
- Директорлар кеңесі мен Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасында өзара әрекет механизмдерін дамыту.

**Андреев Геннадий  
Иванович**  
Төраға

Мүшелері:  
Константинова Н.В.  
Жұмабекова А.  
Перфилов О.В.

2021 жылы Комитеттің екі отырысы өткізілді.

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

2022 жылғы 12 шілдедегі жағдай бойынша атқарушы органдар:

Атауы, ұйымдық-құқықтық формасы	Атқарушы орган	Лауазымы	Сайланған күні/өкілеттігінің аяқталу күні
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Перфилов Олег Владимирович	Бас директор	12.07.2022–11.07.2024
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Казановский Анатолий Антонович	Бас директор	16.10.2021–15.10.2023
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	Калиничев Андрей Владимирович	Бас директор	12.07.2022–11.07.2024
«Севказэнерго-сбыт» ЖШС	Сағандыков Мағауия Карипуланович	Бас директор	01.02.2022–31.01.2024

### ПЕРФИЛОВ ОЛЕГ ВЛАДИМИРОВИЧ



### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда атқарушы органы Бас директор болып есептеледі. Бас директор Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындайды.

Атқарушы орган сыйақысының көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

### Директорлар кеңесінің мүшесі, Бас директор

12.07.2022 жыл – қазірге дейін  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

### Марапаттар

- ★ **Наурыз мейрамы**  
Павлодар ауданы әкімінің Алғыс хаты
- ★ **Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Электр энергетикалық кеңесінің 21.10.2011 жылғы шешімі**  
«ТМД еңбек сіңірген энергетигі» құрметті атағы
- ★ **Энергетик күні**  
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Энергетика саласына қосқан үлесі үшін» медалі
- ★ **ҚР Тәуелсіздік күні**  
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Энергетика саласына қосқан үлесі үшін» медалі
- ★ **«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрылуына 40 жыл**  
«Қазақстан Республикасы энергетика және минералды ресурстар министрлігінің» Құрмет грамотасы

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2021 жылы Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толықтай сәйкес келді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлер, өзге мүдделі тұлғалар және Компанияның ішкі бақылау, басқару органдарының өзара қызмет процесін реттейді және аталған тараптардың көзқарас теңгерімін қамтамасыз етеді.


Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның ішкі құжаттарымен регламенттеледі және ол Корпоративтік басқару кодексінде көрініс тапқан. Кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес келеді: құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге және қазақстандық акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару принциптерін қолдануы бойынша ұсыныстарға сүйеніп жасалған.

Корпоративтік басқару кодексінің принциптерін сақтау Компанияның күнделікті қызмет тәжірибесінде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және акционерлер, клиенттер мен қызметкерлердің Компания туралы жағымды көзқарас қалыптастыруына негіз болатын ережелер мен дәстүрлерді қалыптастырып, енгізуге, акционерлердің құқықтарын толықтай жүзеге асыруға және олардың Компания қызметі жайлы ақпараттануына, сондай-ақ тәуекелдерді бақылап, төмендетуге, Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруына бағытталған.



sevkazenergo\_21

#принциптер Корпоративтік\_басқару



## 2021 ЖЫЛҒЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания стейкхолдерлері	Стейкхолдерлердің Компанияға қатысты мүддесі	Стейкхолдер мен Компанияның диалог формасы	2021 жылы атқарылған жұмыстар
Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> <li>Стратегиялық міндеттерді орындау;</li> <li>Экономикалық пайда/ нәтижелілік;</li> <li>Корпоративтік басқару рейтингі;</li> <li>Даму қаражаты және дивидендтерді алу;</li> <li>Таза активтер құны;</li> <li>Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру;</li> <li>бизнес-процестердің ашықтығы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері;</li> <li>директорлар кеңесінің шешімдері;</li> <li>корпоративтік сайт;</li> <li>жылдық есеп;</li> <li>жиналыстар, іскери кездесулер.</li> </ul>	<p><b>Директорлар кеңесінің 14 отырысы өтті. Корпоративті басқарудың барлық формаларын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілді.</b></p>

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ



Бизнес-процестерді жетілдіру және Компанияда қабылданатын шешімдер тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ішкі аудит басқармасы (ИАБ) қызметінің тәуелсіздігі мен объективтілігі оның Компания Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есеп берушілігімен және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру процестері мен қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

ИАД Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды орындайды. ИАБ Директорлар кеңесіне және Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне жылдық есеп және басқарманың 9 айда атқарған жұмысы туралы есеп ұсынады.

2021 жылы ИАБ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында келесі тақырыптар бойынша тексерулер жүргізді:

- 1) НЖ мен ТМҚ ішінара инвентаризация жасау;
- 2) «Инвестициялық қызметті басқару» бизнес-процесінің ИБЖ тиімділігін бағалау;
- 3) «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару» бизнес-процесінің ИБЖ тиімділігін бағалау;
- 4) Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулер үшін нысандарды таңдаудың инвестициялық бағдарламаларды жоспарлау процестері;

5) ИАБ ұсыныстары бойынша түзеуші әрекеттер мониторинг;

6) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің қорытындысы бойынша сыртқы аудитор ұсыныстарын орындау бойынша түзеуші әрекеттерге мониторинг.

Департамент қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «ОАЭК» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі. Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

ИАБ қызметі «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және қабылданған аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді.


2021 жылы және қазіргі таңда Компания бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

## КОРРУПЦИЯҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

Қоғамда 29.01.2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты әрекет етеді.

### Компанияда Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет келесі принциптерге сүйенеді:

- корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін сақтау;
- коррупция мен алаяқтыққа төзбеушілік;
- коррупция мен алаяқтықтың туындау тәуекелін дұрыс бағалау;
- мүдделер қайшылығын азайту.



Компаниядағы Коррупцияға қарсы әрекеттің негізгі мақсаттары мен міндеттері: коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны әзірлеу және енгізу; Компания органдары мен қызметкерлерінде коррупциялық әрекеттер мен алаяқтықтың барлық түрлеріне негативті қарым-қатынас пен тиісті әдеп мәдениетін қалыптастыру, Компания мен жұмысшылардың коррупциялық және алаяқтық әрекетке бару тәуекелін төмендету, коррупциялық және алаяқтық сипаттағы оқиғаларға оперативті қимылдау.

## МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Мүдделер қайшылығы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары қызметкерлерінің Корпоративтік әдеп кодексімен реттеледі. Бұл құжатта қызметкерлердің жауапкершілігі, өз қызметтік лауазымын дұрыс пайдаланбауы, қызметкердің компания ішінде және одан тыс аумақтағы қызметі туралы жазылған. «Алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет саясатында» алаяқтық пен коррупцияға қатысты негізгі принциптердің қатарында «Мүдделер қайшылығын төмендету» принципі көрсетілген. Бұл принципке сәйкес, Компания ашық Ұйымдық құрылым тұзу арқылы өкілеттік пен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын төмендетеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі тиісті Ережемен реттеледі. Ереженің 6.2.3 тармағына сәйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі, қоғам меншігін заңсыз пайдалану және қоғам мүддесі бар мәмілелер жасауда заңсыздыққа баруды қоса алғанда мүдделер қайшылығын қадағалап, мүмкіндігінше оларды болдырмауға міндетті.

## АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Компанияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Саясат ішкі және сыртқы ақпараттық жұмыстардан құралады. Сыртқы жұмыс Компанияның қызметі туралы қоғамдық есеп, хабарлама жариялау, құжаттар және өзге материалдарды беру жолымен ақпараттандыруға негізделеді. Ішкі жұмыс барлық жұмысшыларды оның ағымдағы жағдайы туралы ақпараттандыруға, корпоративтік ниеттестік, түрлі жұмысшылар мен құрылымдық бөлімшелердің корпоративтік ақпаратқа қолжетімділігін регламенттеуге бағытталған.

### Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ өзге мүдделі тараптардың Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Компания қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Компанияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;
- Компания туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Компания мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;



Компанияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;

Компанияның оң имиджін қалыптастыру.

2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы мүдделі тұлғаларды Компания және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарын актуалдандыру, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, сұрақтарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, баспасөз турларын, «дөңгелек үстелдер» және өзге шаралар ұйымдастыру жолымен тұрақты түрде ақпараттандырып отырды.

## 2021 жылы Компания қызметі материалдарда туралы 1 661 рет аталды.

#Факт

**2021 жылы БАҚ өкілдері үшін 8 баспасөз конференциясы, брифингтер және «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырылып, пікірлер берілді және телевидение үшін сюжеттер әзірленді:**

**1) 15.02.2021 жылы** – БТҚ (үйлер үшін жылу еру құны және есеп құралдары, тарифтер) қалыптастыруды түсіндіру тақырыбында облыс журналистеріне брифинг;

**2) 31.03.2021 жылы** – Электр энергиясын өндіру тарифтерінің өзгерісі тақырыбына БАҚ өкілдеріне брифинг;

**3) 09.07.2021 жылы** – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының жұмысшыларын вакцинациялау тақырыбында облыстық БАҚ өкілдеріне брифинг;

**4) 21.07.2021 жылы** – Тұрғын үйлерді жылу беру маусымына дайындау қажеттігі тақырыбында облыстық БАҚ өкілдеріне брифинг;

**5) 04.08.2021 жылы** – Тұрғын үйлерді жылу беру маусымына дайындау қажеттігі тақырыбында облыстық БАҚ өкілдеріне брифинг;

**6) 18.08.2021 жылы** – «ПЖЖ» бас инженерінің орынбасарының «Antikor Ortalygu» брифингінің онлайн-трансляциясына 2021-2022 жылу беру маусымына кәсіпорынның дайындығы туралы ақпаратпен қатысуы;

**7) 07.12.2021 жылы** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті Департамент, табиғи монополия субъектілері, «Nur Otan» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы, Солтүстік Қазақстан облысы

бойынша өңірлік Кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің, сондай-ақ, өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен онлайн режимде коммуналдық сала мәселелері бойынша қоғамдық қабылдау өткізді;

**8) 29.12.2021 жылы** – ОКҚ алаңында Петропавл 2-ЖЭО мәселелері бойынша брифинг.

Компанияның коронавирустық инфекцияның таралуына қарсы дезинфекциялық шараларды орындауы туралы бейнероликтер мен ақпараттық материалдар қосымша әзірленіп, әлеуметтік желілер арқылы таратылды.

Атқарылған шаралар туралы ақпарат сонымен бірге облыстық, қалалық, республикалық басылымдарда, телевидение мен радиода, ақпараттық желілерде жарияланды.

Журналистердің сауалдарына жедел және өте қысқа мерзімде жауаптар беріліп, ақпараттар мен түсіндірмелер таратылады.

Кәсіпорын туралы мүдделі тараптарға арналған ақпараттың негізгі көзі ретінде Компанияның www.sevkazenergo.kz веб-сайтына ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай апта сайын жаңалық материалдар жарияланып тұрады. Заманауи тенденцияларға сәйкес, ақпарат тарату жолдары «Facebook», «Instagram» алаңдарындағы Компанияның ресми аккаунттарына ауысып жатыр.

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоғаммен байланыс қызметі спорттық демеушілік, мерейтойлық, мерекелік, қалалық шараларды әзірлеуге, өткізуге және ақпараттық қолдау көрсетуге қатысты. Сондай-ақ, Компаниялар тобы кәсіпорындары үшін брошюра, буклет және стендтер әзірлеп, шығарды.

### 2022 жылға жоспарлар

Ақпараттық саясатты жүзеге асыру аясында Компания қызметіндегі барлық маңызды деректер туралы ақпаратты уақытылы және тұрақты түрде ашып көрсетуге бағытталған жұмысты ары қарай жалғастыру көзделіп отыр. Оның ішінде:

— Өзекті тақырыптар бойынша тұтынушыларға ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізу;

— Компаниялар тобы ішінде коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;

— Сыртқы аудиториямен коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;

— ішкі оқыту/тәжірибе алмасуды дамыту.

## КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Компанияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатын реттейтін Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданды. Қоғамда 2011 жылы бекітілген «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындарының қызметкерлерінің корпоративтік этика кодексі году (бұдан әрі - Кодекс) әрекет етеді. Кодексте басшылар мен қызметкерлердің өзара әрекетінің негізгі ережелері, тәртіп ережелері, Компания қызметкерлеріне қойылатын талаптар жазылған. Бұл ережелер Компанияның заңды, этикаға сай сәтті бизнес жүргізуіне мүмкіндік беретін принциптер мен ережелерді ұстанатынын растайтын корпоративтік стандарттар жиынтығы болып табылады.

### Компанияның корпоративтік құндылықтары:

— клиенттермен өзара қарым-қатынас: компания тұтынушыларға қызмет көрсетудің ең жоғарғы стандарттарына ұмтылады;

— акционерлермен өзара қарым-қатынас: акционерлермен қарым-қатынаста Компания ашық саясат ұстанады және корпоративтік басқару принциптеріне сай жұмыс жүргізеді;

— қызметкерлермен өзара қарым-қатынас: Компания қызметкерлері сәтті қызметтің негізгі кілті болып табылады;

— мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас: Компания қаржылық-өнеркәсіптік топтарға, саяси партиялар мен бірлестіктерге қатысты бейтарап принцип ұстанады және өз қызметін тұтынушылар мен акционерлердің мүддесіне орай жүргізеді

Компаниялар тобында іскери әдептің сақталуы реттелген әдеп принциптері мен талаптарына сәйкес қызметті ұйымдастыру арқылы басшылық тарапынан бақыланады.

**Кодекстің бекітілген стандарттары мен талаптары Компанияның барлық жұмысшылары арасында бөлінеді. Іскери әдептің стандарттары мен нормалары қызметтің келесі маңызды нәтижелеріне қол жеткізуге негіз болады:**

— Шешім қабылдау кезіндегі компромисс санын төмендету және талқылауға тәуелсіз сипат беру;

— Корпоративтік мәдениетті жақсарту және Компанияның жалпы қоғамдағы репутациясы мен имиджін көтеру;

— Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және дағдарыстық басқару процестерінің тиімділігін арттыру;

— Мүдделі тұлғалармен тиімді өзара әрекеттесу;

— Сот тергеулеріне жол бермеу.

Кодекс Компанияның адалдық, ашықтық және кәсібилігіне сенім қалыптастыру үшін Компания қызметінің этикалық нормаларын бекітеді. Құжатта сонымен бірге Компания ішіндегі және де сыртқы ортадағы қарым-қатынас нормалары жазылған. Мүдделі тараптар үшін Кодекс әділетті және адал, екі моральға жол бермейтін компаниямен әріптестік туралы ережелер жиынтығы болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметі Кодекске сәйкес, Компанияның тұтынушыларына (тұтынушыларға жалпы қоғамға, Компанияға және әрбір қызметкерге жеке алғанда) пайда әкелуге негізделген.

## СЫРТҚЫ АУДИТ

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының қаржылық есептілігіне сыртқы аудит жүргізетін аудиторлық ұйым «Делойт» ЖШС болып табылады. Компаниямен аудиторлық қызметтер көрсету туралы шарт 2022 жылға дейін жасалды.**

sevkazenergo\_21

#сыртқы\_аудит






## ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

### Ішкі жалпы өнім

ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Ұлттық статистика бюросының алдын ала деректері бойынша, 2021 жылы Қазақстан ЖІӨ 4,1 % өссе, жыл бұрын экономика 2,5 % қысқарған болатын. Жаһандық пандемия және карантинмен айшықталған ауыр жылдан кейін, 2021 жылы экономика қайтадан өсім траекториясына шықты. Өсімге негізгі үлесті қызмет өндірісі (бұл салада 4 % жоғарылау бар) қосты, әсіресе айтарлықтай өсімді жаппай және бөлшек сауда (9,2 %) және ақпарат пен байланыс (на 14,6 %) салалары берді. Тауар өндірісі бірінші кезекте өңдеу өнеркәсібінің өсімі арқасында 3,6 % жоғарылады.

### Жалпы ішкі өнім динамикасы

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы



## Өнеркәсіп

2021 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 3,8 % өсім берді. Өндіріс көлемінің артуы республиканың 15 өңірінде байқалып, төмендеу тек екі облыста ғана (Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары) орын алды.


Тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді дайындауда 2021 жылы өсім 1,7 % пайызды құрады. Өсімнің төмен көрсеткіші шикі мұнай (0,3 %) мен көмір (0,8 %) өндірісінде байқалды. Жоғары өсім металлургиялық рудалар (4,2 %) өндірісі мен Тау-кен өнеркәсібінде қызмет көрсету (4,3 %) саласында орын алды.

Әлдеқайда динамикалық жағдай өңдеу өнеркәсібінде байқалса, мұнда өндіріс көлемі 5,5 % жоғарылады. Мысалы, машина және қондырғыларды қоспағанда, дайын металл өнімдерін шығаруда өсім 18,2 % болса, машина құрастыруда 20,4 % болды.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен қамтуда өсім 4,8 %-ға жетсе, бұл негізінен құбыр өткізгіштері арқылы газ пішінді отынды өндіру және таратудың 5,7 % өсімі есебінен орын алды. Электр энергиясын өндіру, беру және таратуда өсім көрсеткіші 5,2 % құрады.

### Жалпы өнеркәсіпте және электр энергетикасындағы өндіріс динамикасы, %

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы



## Инвестициялар

2021 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсімі жыл бұрынғы 3,4 % құлдыраудан кейін 3,5 % болды. Бұл ретте өнеркәсіпке салынған инвестициялар өсімінің көрсеткіші 0,7 %. Энергетикалық секторда инвестициялардың төмендеуі 4,9 % болса, өткен жылы төмендеу мәні 20 %-дан астам болған еді.

### Негізгі капиталға салынған инвестициялар динамикасы, %

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы




## Инфляция

2021 жылы инфляция көрсеткіші 8,4 % болды. Бұл соңғы бес жылдағы ең айтарлықтай деңгей. Оның ішінде азық-түлік тауарларына баға 9,9 % артса, азық-түліктік емес тауарлар бағасы 8,5 %, ақылы қызметтер 6,5 % қымбаттады.

Бұл ретте тұрғын үй қызметтерінің бағасы 9,2 % өсті. Атап айтқанда, электр энергиясының құны 9,3 % қымбаттап, жылу энергиясының бағасы төмендеуін жалғастырды. 2021 жылғы төмендеу 2,8 % болды.

### ҚР инфляция динамикасы, %

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы



### Болжам

Биылғы сәуірде жария болған Ұлттық экономика министрлігінің болжамында ҚР экономикасының өсімі 2,1 % (өткен жылғы болжам 3,9 %) болатыны айтылған. Болжамның нашарлауы өңірдегі геосаяси жағдаймен және жаһандық ЖІӨ перспективаларының нашарлауымен байланысты.

Еуразиялық даму банкі мамыр айындағы болжамында Қазақстан экономикасының 2022 жылы 2,5 % өсетінін айтты (ақпан айындағы болжамда 4 % өсім туралы айтылған еді).

## Энергетика саласына шолу

2021 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру мен тұтынудың күрт өсімі байқалды. Бұл металлургия, машина құрастыру, мұнай өңдеу секілді энергияны көп қажет ететін өнеркәсіп салаларында өндірістің қайта қалпына келуімен байланысты орын алды. Электр энергиясын тұтыну мөлшерінің артуына криптовалюта майнингі де өз әсерін тигізді.


Қазақстанда электр энергетикасының дамуында жаңартылатын энергия көздеріне көшу тренді байқалады, бұл энергожүйеде айтарлықтай өзгерістерді қажет етеді.

## Өндіріс

KEGOC жүйелік операторының мәліметінше, 2021 жылы Қазақстанда 114,45 млрд кВтс электр энергиясы өндірілді. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 5,8 % жоғары және көлемі бойынша соңғы он жылдағы екінші жоғары өсім мәніне ие болып табылады. Атап айтқанда, өндіріс көлемі бойынша ең жоғары өсім Павлодар облысында (12,5 %) байқалды. 10 %-дан астам өсім сонымен бірге Атырау, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында орын алды. Бұл ретте Қарағанды облысында (өндіріс көлемі бойынша екінші орында) 3,7 % төмендеу байқалды.

### ҚР электр энергия өндірісі, млрд кВтс


Дереккөз: KEGOC



Өндірістің айтарлықтай өсімін ҚР БЭЖ барлық үш аумағы да көрсетті. Солтүстік аумаққа Қазақстандағы электр энергиясының жиынтық өндірісінің 77 %-ы сәйкес келді. 2020 жылға қарай өсім 5,7 % немесе 4,75 млрд кВтс болды. Батыс аумаққа 13 % өндіріс тиесілі болса, өсім 7,4 %-ға жетіп, абсолютті мәнде 1 млрд кВтс-ты құрады. Оңтүстік аумақта электр энергиясы өндірісі өткен жылы 5,3 % немесе 0,61 млрд кВтс-қа өсті.


### Аумақтар бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВтс

Дереккөз: KEGOC



### 2021 жылы аумақтар бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВтс және үлесі

Дереккөз: KEGOC



2021 жылы электр энергиясының 79,7 %-ын ЖЭС өндірді. Өндіріс өсімі 5 % құраса, жыл бұрын өсім 1 % болған еді. 12 %-дық айтарлықтай өсім ГЖЭС-те байқалса, оларға өндірістің 9,4 %-ы сәйкес келеді.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын станциялардың (СЭС, ЖелЭС және БГҚ) өндірісі 2021 жылы 45 % (екі жыл қатарынан екі еселенгеннен кейін) жоғарылады. Электр энергиясы өндірісінің жалпы құрылымында олардың үлесі 2020 жылғы 2,2 %-дан кейін 3 %-ды құрады.

### Өндіріс типі бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВтс

(Дереккөз: KEGOC)


	2019	2020	2021	Өзгеріс	2021 жылғы үлесі
ТЭС	85,96	86,66	91,16	5 %	79,7 %
ГТЭС	9,98	9,53	10,70	12 %	9,4 %
ГЭС	8,98	9,55	9,18	-4 %	8,0 %
СЭС, ЖелЭС және БГҚ	1,11	2,35	3,40	45 %	3,0 %

## Тұтыну

Электр энергиясын тұтыну 2021 жылы 6,1 % өсті. Бұл соңғы жылдардағы ең жоғары көрсеткіш. Тұтынудың айтарлықтай өсімі барлық үш аумақта да байқалды. Тұтынудың ең жоғары өсімі Оңтүстік аумақта (9 %) тіркелсе, екінші орында Батыс аумақ (7 %) тұр. Одан кейінгі кезектегі Солтүстік аумақта өсім 5 %-ға жетті. Бұл ретте Солтүстік аумақта электр энергиясын тұтынудың 65 %-ға жуығы сәйкес келеді.


### ҚР электр энергиясын тұтыну, млрд кВтс

Дереккөз: KEGOC



### Аумақтар бойынша электр энергиясын тұтыну, млрд кВтс

Дереккөз: KEGOC



## Сальдо-ағын

2021 жылы электр энергиясының таза экспорты 556,9 млн кВтс болды. Ресей Федерациясына экспорт 1 326,6 млн кВтс құраса, Ресей Федерациясынан импорт 1 788,32 млн кВтс болды. Орталық Азия ЭЭҰ-на экспорт 1 323,83 млн кВтс-қа жетсе, импорт 305,21 млн кВтс болды.

## Қуаттылықтар

КЕГОС мәліметінше, Қазақстанда электр энергиясын 190 электр станциясы өндіреді. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, олардың жалпы орнатылған қуаты 23 959,3 МВт-ты құраса, иеліктегі қуаты — 20 200,5 МВт.

2021 жылы орнатылған қуат өсімі 412,3 МВт-ты құрап, бірінші кезекте жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын станциялармен қамтамасыз етілді. Күн электр станциялары бойынша орнатылған қуат өсімі 149 МВт (1 034,3 МВт-қа дейін), жел электр станциялары бойынша 148 МВт болып, орнатылған қуат 659,5 МВт-қа жетті. Гидроэлектр станцияларының орнатылған қуаты бір жылда 76,6 МВт артып, 2 806,2 МВт-қа жетті. ЖЭС бойынша өсім 38,7 МВт, бұл ретте орнатылған қуат 19 458,2 МВт-қа жетіп, ол ҚР БЭЖ орнатылған қуатының 81 %-ын құрады.



56

57

### ЖЭК станцияларына берілген қолданыстағы артықшылықтар қатарында келесілерді атап өтуге болады:

- Электр желілеріне кепілді қосылу;
- Электр энергиясын кепілді сатып алу;
- ЖЭК қолданатын жылу электр энергиясын өндіру бойынша нысандарды ынталандыру;
- ЖЭК қолданатын нысандардың бекітілген тарифтерін инфляция және шетелдік валюта курсы бойынша индексстеу;
- ЖЭК қолданатын нысандардың аукциондық бағасын индексстеу.

Бұдан әрі заңнамадағы өзгерістер ГЭС дамытуды қолдау, электр энергиясын жинақтау жүйесін қолданатын ЖЭК жобалары, шағын ауқымды ЖЭК дамыту салаларына бағытталады.

#### Саланы дамыту жоспары

ҚР Энергетика министрлігінің болжамынша, 2022 жылы 115,1 млрд кВт·с деңгейінде электр энергиясын тұтыну күтіліп отыр. 2021 жылға қарай өсім шамамен 5 %. Болжам бойынша, өндіріс 115,1 млрд кВт·с құрауы тиіс. Бұл шамамен 2021 жылғы деңгей сақталуы тиіс дегенді білдіреді. Профицит 4,6 млрд кВт·с деңгейінде күтіледі.

### Қазақстан электр станцияларының орнатылған және иеліктегі қуаты, МВт (2021/2022 жж 1 қаңтардағы жағдай бойынша)

Электр станциялары	Орнатылған қуат			Иеліктегі қуат		
	2021	2022	Δ, МВт	2021	2022	Δ, МВт
<b>Барлығы</b>	<b>23 547,1</b>	<b>23 959,3</b>	<b>412,3</b>	<b>20 039,1</b>	<b>20 200,5</b>	<b>161,4</b>
ЖЭС	19 419,5	19 458,2	38,7	17 456,1	17 454,4	1,7
СЭС	885,3	1 034,3	149,0	641,6	834,3	192,7
ЖелЭС	511,6	659,5	148,0	311,6	376,8	65,2
ГЭС	2 729,6	2 806,2	76,6	1 628,7	1 534,0	94,7
БГҚ	1,1	1,1	—	1,1	1,1	—

Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ

## Жаңартылатын энергия көздері

«Париж келісімі» аясында Қазақстан «жасыл экономикаға» көшуге бағыт алды. Атап айтқанда, ел өзіне 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу міндеттемесін алды. Бұл істің айтарлықтай бөлігін электр энергетикасы секторында жаңартылатын энергия көздерінің ролін күшейту құрайды. Бүгінде саланы реттеушілердің ЖЭК қолдауға деген ұмтылысы анық байқалады.

2021 жылы ЖЭК қолдануды қолдауға қосымша ақы беру қолданыла бастады.

### Нәтижесінде дәстүрлі станциялардың өткізу бағасы екіге бөлінді:

— пәкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша айқындалатын, электр энергиясын өндіру мен пайда нормасының шығындары ескерілген электр энергиясының шекті тарифі;

— ЕҚО анықтайтын ЖЭК қолдау тарифі.

Өткен жылы «ЕҚО» ЖШС-не электр энергиясын өткізетін ЖЭК нысандарын электр энергиясын беру төлемдерінен босату туралы (бұрын барлық ЖЭК нысандары босатылатын) шешім қабылданды. Бұл ретте ЖЭК нысандары өндіретін электр энергиясын сатып алу шарттарының қызмет мерзімі 15-тен 20 жылға ұзартылды. Бұл инвесторларға тартымдылықты арттыруы тиіс.

### ҚР БЭЖ электр энергиясының болжамдық теңгерімі, млрд кВт·с

Көрсеткіш	2022	2023	2024	2025	2026	2027	2028
Электр энергиясын тұтыну	119,7	123,2	125,8	129,7	131,9	134,5	136,9
Электр энергиясын өндіру	115,1	117,3	121,8	125,9	131,5	131,5	131,7
Қолданыстағы станциялар	110,5	107,1	107,4	106,2	105,8	105,9	106,1
Жоспарлы	4,6	10,2	14,3	19,7	25,6	25,6	25,6
о.і. ЖЭК	2,0	3,9	4,4	4,5	4,5	4,5	4,5
Артық	4,6	5,9	4,0	3,9	0,5	3,0	5,2

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі




ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ  
ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ



✓ Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тұрақты негізде электр және жылу энергиясын тасымалдау кезіндегі шығындарды азайту және аталған энергия түрлерімен тұтынушыларды қамту бойынша шаралар кешенін жүзеге асырады. Инвестициялық бағдарлама аясында **2021 жылы** электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығындарды азайтуға, өндірісті арттыруға және қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға бағытталған бірқатар шаралар жалғасын тапты..



ЭЛЕКТР  
ЖӘНЕ ЖЫЛУ  
ЭНЕРГИЯСЫН  
ӨНДІРУ БОЙЫНША  
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТ

2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында жүзеге асуы жалғасқан инвестициялық бағдарлама жылу және электр энергиясының өндірісін арттырып, беру кезіндегі электр шығындарын айтарлықтай азайтуға, сонымен бірге қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға мүмкіндік берді. 2021 жылы инвестициялық бағдарлама жобаларын жүзеге асыруға **3,053 млрд теңге жұмсалды.**

sevkazenergo\_21  
Петропавл, Қазақстан

Факт

2021 жылы Компания инвестициялық бағдарламаларды орындауға **3 872 744 мың теңге.** Ал нақтысында **3 890 103 мың теңге жұмсалды.**

sevkazenergo\_21

#инвестициялар инвестициялық\_бағдарламалар

**2012 жыл** – №6 және 7 қазандық агрегаттарға жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, станцияның бу қуаты сағатына 50 тоннаға артты.

**2013 жыл** – №4 турбоагрегатты қайта құру және жаңғырту бойынша жоба аяқталып, №6 турбоагрегатты қайта құру жұмыстары орындалды. Екі жобаны жүзеге асыру орнатылған электр қуатын 54 МВт-қа көтеруге мүмкіндік берді.

**2014 жыл** – жаңа №8 қазандық агрегат монтаждалды. Нәтижесінде бу өнімділігі 270 т/с-қа артты.

**2015 жыл** – №1 турбоагрегат іске қосылып, турбинаның орнатылған электр қуаты 21 МВт-қа көтерілді.

**2015 жыл** – №7 турбоагрегат қайта құрылып, бұл турбинаның орнатылған және иеліктегі қуатын 24 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді.

**2016 жыл** – жаңа №5 турбоагрегат пайдалануға беріліп, электр қуаты 62 МВт-қа артты. Қайта құрудан кейін №12 қазандық агрегат іске қосылып, бу өнімділігі 50т/с-қа артты.

**2018 жыл** – жаңа 7 АТ автотрансформаторы пайдалануға берілді.

**2019 жыл** – жаңа 6 АТ автотрансформаторы пайдалануға берілді.

**2020 жыл** – металдар зертханасын аккредитациялау үшін жабдықтар сатып алынды.

**2021 жыл** – бу өнімділігін сағатына 240 тоннаға дейін арттыра отырып, ст.№2 қазандық агрегатын қайта құру жобасы. ТТЦ мұзды ерітуші құрылғысы пайдалануға берілді.



- ★ Станцияның орнатылған қуаты **161 МВт, с 380 МВт-тан до 541 МВт-қа дейін артты.**
- ★ Электр энергиясының өндірісі 2008 жылмен салыстырғанда **20,82 % артты** (2008 жылы – 2 236 980,46 мың кВт·с, 2021 жылы – 2 702 716,418 мың кВт·с).
- ★ Станцияның өзіндік қажеттілігіне жұмсалатын электр энергиясының шығыны **1,72 % азайды** (2008 жылы – 14,43 %, 2021 жылы – 12,71 %).
- ★ Негізгі қондырғылардың физикалық тозуы **33,39 % төмендеді** (2008 жылы – 89,47 %, 2021 жылы – 56,08 %).
- ★ Шиналардан электр энергиясын босатуға жұмсалатын шартты отынның бөлшек шығыны **17 г ш.о./кВт·с** (2008 жылы – 423,00 г ш.о./кВт·с, 2021 жылы – 406,0 г ш.о./кВт·с), ао жылу энергиясын босатуға шығыны **3,6 кг ш.о./Гкал** (2008 жылы – 200,34 кг ш.о./Гкал, 2021 жылы – 196,74 кг ш.о./Гкал) **төмендеді.**

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

**2021 жылы 2 702,716 млн кВт·с электр энергиясы өндірілді.**

Өткен жылдары жаңа қондырғыларды қолданысқа енгізу станция мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырып, өңірдің жыл сайын өсіп келе жатқан электр және жылу энергиясына деген қажеттілігін қамтамасыз етуге және Солтүстік Қазақстан облысында бизнес жобалар мен өнеркәсіпті дамытуға үлесін қосты.

	2017	2018	2019	2020	2021
<b>Орнатылған электр қуаты, МВт</b>	541	541	541	541	541
<b>Электр энергиясын өндіру, млн кВт·с</b>	3 226	3 211	3 473	3 331	2 703
<b>Қазақстандық электр энергиясы өндірісіндегі үлесі, %</b>	3,1	3,0	3,2	3,1	2,4
<b>Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт·с</b>	2 834	2 822	3 059	2 931	2 342
<b>Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт·с.</b>	1 235	1 276	1 253	1 183	1 290
<b>Жыл соңында орнатылған жылу қуаты, Гкал</b>	713	713	713	713	713
<b>Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал</b>	1 697	1 893	1 831	1 725	1 910
<b>Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал</b>	1 237	1 364	1 348	1 264	1 426
<b>Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал</b>	1 682	1 874	1 819	1 714	1 897

✓ Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Петропавл 2-ЖЭО

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ірі энергия өндіруші активі.

- ★ Станцияның орнатылған электр қуаты **541 МВт құрайды.**
- ★ 2-ПЖЭО қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын және үй шаруашылықтарын электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

**2021 жылы станцияда бірқатар жоба жүзеге асырылды:**

**1) Ст.№1,3,4,5,6,9,10,11 қазандық агрегаттарын қайта құру.** Шара парктік ресурсын тауысқан қазандық агрегаттың қызмет мерзімін арттыруға бағытталған. Бұл өндіріс жоспарына сәйкес, электр және жылу қысымын алып жүруіне мүмкіндік береді.



**2) Қазандық цехінің қосалқы қондырғысын қайта құру.** Шара диірмендердің білігін ауыстыруға бағытталған. Өйткені, агрегаттың жоғары вибрациясына байланысты диірменнің жұмысын тоқтатуы тәуекелі бар. Ал құл-қож ұстағыштардың үзілуіне, диірмен корпусының бұзылуына әкеледі. Оны қалпына келтіру шығындары өте көп және бұл қазандық агрегаттың бу өнімділігін 55 т/сағатқа дейін төмендетуге әкеледі.

**3) №2 құл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету.** Шара №2 құл үйіндісінің №3 секциясының сыйымдылығын арттыруға бағытталған. Бұл құл-қож қалдықтарын қоймалаудың мүмкін болмауына байланысты Петропавл 2-ЖЭО-ның жұмысын тоқтатуына әкелуі мүмкін.

**4) Отын беру құрылғысын қайта құру.** Бұл шараның қажеттілігі оның физикалық, моральды тозуымен және жұмыс режимдерінің өзгеруімен (өте жоғары қысым жағдайында резервсіз жұмыс істеу) байланысты. Шара қондырғының физикалық тозуын төмендетуге, сенімділігін арттырып, апатсыз жұмыс істеуіне, өндіріс жоспарын орындау үшін өте жоғары қысым жағдайында қажетті көлемде үздіксіз отын беруді қамтамасыз етуге бағытталған.



**5) Негізгі жабдықтардың құнын арттыруға әкелетін теміржол жолдарын күрделі жөндеу.** Шара оның физикалық тозуын төмендетуге бағытталған. Өйткені, бұл 2-ЖЭО отын жеткізу ісінің үзілуіне және вагондардың рельстен шығып кетуіне әкелуі мүмкін.

**6) Ст. №8 ҚА және ст.№1 ТА ТП АБЖ жаңғырту.** Аталған шараны орындау келесілерді орындау қажеттілігімен байланысты:

— 2015 жылғы 24 қарашада күшіне енген № 418-V ЗРК «Информатикаландыру туралы» заң;

— Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен күшіне енген «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптар»;



Аталған шара орындалмаған жағдайда 200 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған және оны жоюға 20 күн беріледі, кейін қайтара тексеру жүргізіліп, талап орындалмаған жағдайда 400 АЕК айыппұл салынады. ТП АБЖ жүйесі қорғалмаған, қондырғы мен бағдарламаның тоқтауы мен істен шығуының тәуекелі өте жоғары, бұл негізгі қондырғылардың (ст.№8 ҚА немесе ст.№1 ТА) жұмысының тоқтауына алып келеді.

**7) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО кеңістіктерін кондиционерлік жүйесін жаңғырту.** Шара турбиналық цех ішінде тозған қондырғыларды ауыстыруға бағытталған. Температура 35°C артқан жағдайда микропроцессорлық техниканың жұмысы тоқтап, ол турбогенератордың тоқтауына әкеледі.

**8) 2Т трансформаторын сатып алу және монтаждау.** Шара станцияның трансформаторларындағы электр энергиясының шығынын 1,263 млн кВтс немесе 0,879 млн теңгеге төмендеуіне энергия үнемдеуші әсерге бағытталған. Энергия үнемдеуші әсерден бөлек, қондырғы жұмысының сенімділігінен болатын әсер бар. Атап айтқанда, 2Т қызметі тоқтаған жағдайда ст.№2 турбоагрегат трансформаторды сатып алу, жеткізу және орнату кезінде мәжбүрлі түрде резервте болады. Ст.№2 турбоагрегаттың толық өндірімеуін болдырмай көлемі 217,423 млн кВтс және 151,290 млн теңге пайда шығыны.



**9)** 110, 220кВ желілерінде және 2-ЖЭО қажеттілігі үшін апаттық процестерді цифрлық тіркеу жүйесін жаңғырту. Аталған шараны орындау қажеттілігі 2015 жылғы 20 наурыздағы ҚР ПУЭ 140,141 пункттерінің талаптарымен байланысты. Ол электр желілеріндегі паттық режимдер кезінде (қысқа тұйықталу, тербелу, желідегі дүмпу) электр параметрлерін (тоқ, қысым және т.б.) тіркеу үшін арналған. Жүйеде өз бетінше жазу (мәліметтерді 9 тәулік бойы сақтау тереңдігі) және ЭЖ бойындағы зақымдарды анықтау функциялары бар. ВЛ-220кВ АРДЦ ФАМЭС әуе желілерінде қысқа тұйықталу болған кезде «КЕГОС» АҚ ВЛ-220кВ әуе желісі бойынша тоқ және 220кВ шиналар жүйесінің қысымын сұрайды. Бұл шара істен шыққан кезде апаттық жағдайға мониторинг жасау мүмкіндігі жойылып, бұл апаттың себептері мен салдарларын, станцияның режимін қалпына келтіру мүмкіндігін ұзаққа созады не тіпті де болдырмайды. Тіркеу жүйесін орнатып, қолданған жағдайда істен шыққан құрылғының бос тұру уақыты қысқарып, электр жабдығы жұмысының сенімділігі артады.

**10)** Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін бас корпустың ғимаратын күрделі жөндеу. Шара физикалық тозуды, бас корпустың адам шығынына әкеле отырып бұзылуы тәуекелін төмендетуге бағытталған.

**11)** Белое көлінің табанын тазалау (энергия үнемдеуші шара). Аталған шараны орындау көл температурасының Цельсий бойынша 1-2 градусқа төмендеуіне әкеледі. Салқындатқыш су температурасының төмендеуі 7 780 т.ш.о-ды үнемдеуге мүмкіндік береді. Т.ш.о. құны 8 071,33 жағдайында бұл 62,794 млн теңгеге тең.

**12)** СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияға автоматтандырылған мониторинг жүйесінің құрылғысы (№2,3 түгін тұрбасы) жұмыс құжаттамасына сараптама. Шара қолданыстағы заңнама талаптарын сақтауға, кәсіпорынның қауіпсіз экологиялық режимде жұмыс істеуін бақылауға бағытталған.

#### Қосымша шаралар:

**13)** Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№3,7 қазандық агрегаттарды күрделі жөндеу (КА-3 сепарациялық жабдығы, КА-7 жылыту қабаты). Аталған шара парктік ресурсын тауысқан элементтердің қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол жылу және электр қысымын өндіріс жоспарына сай алып жүруге мүмкіндік береді.

**14)** Қоршау бөгеттерін биіктету бойынша техникалық паспортты әзірлеу. Шара қайта құрудан (қайта жоспарлаудан) кейін нысанды заңдастыруға бағытталған.

**15)** Ст.№11 қазандық агрегат барабанының сепарациялық жабдықтарын әзірлеу және ауыстыру. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан элементтердің қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол жылу және электр қысымын өндіріс жоспарына сай алып жүруге мүмкіндік береді.

**16)** Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№3 турбоагрегатын күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан элементтердің қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол жылу және электр қысымын өндіріс жоспарына сай алып жүруге мүмкіндік береді.

**17)** Қазандық жабдықтарды сынау және түзеп реттеу. Шара қондырғылардың техникалық жағдайын және пайдалану шарттарын анықтауға, қазандық агрегаттар жұмысының режимін реттеуге, қазандық агрегаттарға жөндеу жұмысын жүргізу сапасын бақылауға (бағалауға) бағытталған.

**18)** Электр жабдықтарын сатып алу (ТМҚ сатып алу). Аталған шара ст. №1 қазандық агрегатының, ст. №3 турбоагрегаттың, жалпыстанциялық механизмдердің 6кВ электр жабдықтарының жұмысының ақауларын жоюға және сенімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған. Өйткені, технологиялық ақау кезінде КРУ-6кВ 4 және 5 секциялар қондырғыларының жұмыс қабілетінде ақау және кабельдік туннельдерде өрт дабылы жүйесінде ақау орын алды. Аталған секциялардың электр қондырғыларын уақытқа қосу үшін жөндеуде немесе резервте тұрған (ПК-1,2) қондырғы ашылды. Жалпыстанциялық қондырғының бір бөлігі «ОРИОН» типті қорғаныс және басқару құрылғысының болмауына байланысты жұмысыз тұрды.

**19)** Антивирусты бағдарламаларды сатып алу. Шара ақпараттық жүйенің тұрақты жұмысы үшін қажет.

**20)** Жаңа экологиялық кодекс талаптарына сәйкес, 2-ПЖЭО-да ҰҚТ енгізу бойынша алдын ала ТЭН әзірлеу. Қазақстан Республикасы жаңа экологиялық кодексін талаптарына сәйкес, санаты мен қоршаған ортаға теріс ықпалының деңгейіне қарай ластаушы заттардың жаңа анықтамалары енгізілуде. Петропавл 2-ЖЭО қызметтің (ластаушы) қауіпті түрлерінің бірінші санатына жатқызылды. Мұнымен қатар, жаңа экологиялық кодекс аясында ең үздік қолжетімді технологияларды (ҰҚТ) енгізу шартымен кешенді экологиялық рұқсаттарға (КЭР) міндетті түрде көшу қажет.

**21)** Конвейерлік лента сатып алу. Шара қондырғының физикалық тозуын азайту үшін материалдарды сатып алуға бағытталған. Бұл сенімділікті арттырып, апатсыз жұмыс істеуге жол ашады. Сонымен қатар, отынды шекті қысым жағдайында және қажетті көлемде беруге мүмкіндік береді.

**22)** RTU-325-E2-512-M4-B монтаждау бойынша іске қосу-реттеу жұмыстары. Шара 2-ПЖЭО ЭКЕАЖ жұмысының сенімділігін қамтамасыз етіп, оның сәйкессіздіктерін жоюға бағытталған. Мәліметтерді жинау және беру құрылғысының жұмысында ақау болуы электр энергиясын коммерциялық есептеуде дисбалансқа әкеледі. Ал бұл «Теңгерімді электр энергиясы нарығының қызмет ету ережелерінің» 41 пунктін бұзу болып табылады.

**23)** RTU-325-E2-512-M4-B құрылғысы. 2-ПЖЭО ЭКЕАЖ жұмысының сенімділігін қамтамасыз етіп, оның сәйкессіздіктерін жою үшін мәліметтерді жинау және беруге арналған RTU-325-E2-512-M4-B8 құрылғысын сатып алу қажет. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі істен шыққан және қалпына келтірілмейді. Мәліметтерді жинау және беру құрылғысының жұмысында ақау болуы электр энергиясын коммерциялық есептеуде дисбалансқа әкеледі. Ал бұл «Теңгерімді электр энергиясы нарығының қызмет ету ережелерінің» 41 пунктін бұзу болып табылады.



## Электр энергиясын беру

**2021 жылы «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша келесі жұмыстар жүзеге асырылды:**

— М. Жұмабаев атындағы ауданның Булаево қаласында ұзындығы 10,78 км ВЛЭП 0,4 кВ СИП технологиясын қолдана отырып қайта құру шаралары;

— Петропавл қаласында 110/10 кВ №3 шағын станциясында 16 МВА күш трансформаторларын 25 МВА-ға ауыстыру шаралары;

— 110 кВ ПС 110/35/10 кВ «Литейная» әуе желілерінің РЗА жүйесін жаңғырту;

— 40 дана ТМГ 10/0,4 кВ трансформаторларын сатып алу;

— СҚО Қызылжар ауданы 35/10 кВ «Озёрная» шағын станциясында ЗРУ-10 кВ қайта құру үшін РУ-10 кВ в БМЗ сатып алу;

— Ұзындығы 4,3 км ВЛ-110 кВ әуе желісін салу;

— УАЗ, МТЗ тракторы және орман шаруашылығына арналған мульчер түріндегі автотранспорт сатып алынды;

## Жылу энергиясын беру

«Күрделі және ағымдағы жөндеу» бағыты бойынша 2021 жылы кәсіпорын жалпы ұзындығы 11,211 км (3,578 км магистральды желі және 7,633 км тарату желісі) болатын магистральды және тарату желілерін құбырын ауыстыра отырып, жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Жалпы ұзындығы 5,078 км болатын құбыр желісінің зақымдалған жылу қаптамасын және жалаңаштанған учаскелерін шыны-мақталы плиталарды қолдана отырып жөндеу және қалпына келтіру.

Кәсіпорынның 2021 жылғы инвестициялық бағдарламасы аясында тарифте қарастырылған қаражат есебінен «Энергострой» құрылыс басқармасы» ЖШС «Алматынская көшесінде ТК-8-01 мен ТК-7-09А аралығында №7-18 2Ду500мм жылу магистралін қайта құру» жобасы бойынша жұмысты жалғастырды. Жүзеге асыру кезеңі: 2020-2022 жылдар. Қаланың жылу магистралін жаңарту бойынша жобаның жалпы құны – 1 098 300 мың теңге ҚҚС-сыз (оның ішінде 2020 жыл – 173 367 мың теңге; 2021 жыл – 590 695 мың теңге; 2022 жыл – 334 238 мың теңге). Қайта құруға жататын учаскенің жалпы ұзындығы 1674 п.м. құбыр. 2021 жылы 908 п.м. бөлігі қайта құрылып, ҚҚС-сыз 590 695 мың теңге игерілді. Жоспар 100% орындалды.

Жоспардан тыс «СҚО, Петропавл қаласында Сәтпаев көшесінде ТК-6-19 мен ТК-3-15г аралығында №3 2Ду500мм жылу магистралін қайта құру» және «СҚО, Петропавл қаласында Крепостная көшесінде ТК-1-10 мен ТП-15-12с аралығында №7 2Ду600мм жылу магистралін қайта құру. Түзету» жұмыс жобаларына кешенді ведомстводан тыс сараптама жасалды. 2Ду100мм жылу желісінің (УН-6-106 мен Қаттай Кеншібаев көшесіндегі 22,24,24/1 ғимаратының аралығы) құрылысы орындалды. Сонымен бірге, АТС жиынтығы, тепловизор, 2 коммутатор, 3МФУ, 15 компьютер, Microsoft лицензиясы, антивирус бағдарламасы, электр қозғалтқышын басқару шкафы, есеп құралы бар тарату щиті, тарату щиті, Ventyx Ellipse Enterprise Solution бағдарламасы сатып алынды.



Факт

**2021 жыл қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ шығындары 7,72 %-дан 7,21 %-ға төмендеді.**

sevkazenergo\_21

#құрылыс #қызмет\_нәтижелеріне\_шолу

#қайта\_құру







### Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2022 жылға жоспарлар

**Инвестициялық бағдарламалар аясында 2022 жылы өндірісті арттыру, 2-ПЖЭО қондырғыларының физикалық тозуын азайту, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғылардың жаңғырту бойынша бірқатар шараларды жалғастыруды жоспарлап отыр.**

**2022 жылы Компания инвестициялық бағдарлама шараларын жүзеге асыруға 4,238 млрд теңге жұмсайды.**

#### Петропавл 2-ЖЭО-нда келесі жұмыстар жоспарланып отыр:

1) Қазандық цехінің көпір крандарын жаңғырту. Аталған шараны орындау қажеттілігі бірінші кезек қазандықтарының барабанын ауыстыру кезіндегі қауіпсіздік талаптарымен байланысты. Қолданыстағы жобаға сәйкес, крандар жүк көтерудің түрлі жылдамдығымен жұмыс істейтінін назарға ала отырып, оларды бір жылдамдық режиміне келтіру қажет.

2) №2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету. Шара №2 күл үйіндісінің №3 секциясының сыйымдылығын арттыруға бағытталған. Бұл күл-кож қалдықтарын қоймалаудың мүмкін болмауына байланысты Петропавл 2-ЖЭО-ның жұмысын тоқтатуына әкелуі мүмкін. 2021 жылы 2 кезекті қоршау бөгеттерін биіктету бойынша әзірленген жобаны аясында жұмыстарды бастау жоспарланды.

3) Футеровкасын ауыстырып, №2 темірбетон түтін тұрбасын күрделі жөндеу. №2 түтін тұрбасының ішкі бөліктерін зерттеу қорытындысына сәйкес, үш белдіктің футеровкалары апаттық жағдайда екені анықталды (сызаттар пайда болып, кірпіштер жарылған, футеровка қабаты жойылған). Сонымен бірге оттегі қорғанышты қабаттың мүлде жоқ екені белгілі болды. Жоғарыда аталған факторлар құбырдың негізгі қаңқасына теріс әсер етеді (құбырдың темірбетон қаңқасы). Агрессивті ортаны ескере отырып, бұл шараның орындалмауы құбырдың темірбетон қаңқасының бұзылуына әкеліп, құрылыстың апаттылығын күшейтеді. Шара түтін тұрбасының физикалық тозу деңгейін төмендетуге бағытталған. Орындалған жұмыстар құбырды және оған қосылған қондырғыны кемінде бес жыл бойы апатсыз пайдалануға мүмкіндік береді.

4) Теміржол жолдарын күрделі жөндеу. Петропавл 2-ЖЭО теміржол жолдарына жасалған зерттеу жұмыстарына сәйкес, теміржолды апатсыз пайдалануға әсер ететін көптеген ақаулар анықталды. Аталған шараны орындамау теміржол жолдарын апатсыз пайдалануға кедергі келтіреді. Оның салдарынан Петропавл 2-ЖЭО станциясына отын уақытылы жеткізілмеуі мүмкін. Оң әсері – апатсыз пайдалану, өндіріс жоспарын орындау.

5) Тиегіш крандарды қайта құру. 1961 жылы пайдалануға берілген (60 жыл). 2010 жылы кранға қайта құру жұмыстары жүргізілді. Рұқсат етілген пайдалану мерзімі аяқталуына (59 жыл аса ауыр жағдайда жұмыс істеген) және кран көпірінің металл қаңқасының физикалық және моральды тозуына байланысты оны пайдалануға тыйым салу тәуекелі бар. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жүргізген тексеруге сәйкес, қозғалыс дөңгелектерінің физикалық тозуы

анықталған, бұл кранның істен шығуына әкелуі мүмкін. Кранның жұмысының тоқтап қалу тәуекелін жою және соның нәтижесінде электр қысымын төмендету үшін кранның қозғалыс дөңгелектерін ауыстыру қажет.

6) 2-ПЖЭО ғимараттары мен құрылыстарына күрделі жөндеу. 2-ПЖЭО қызметкерлері мен аккредиттелген ұйымдар жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, негізгі және қосалқы қаңқаларда ақау бары анықталды. Ол қондырғының қауіпсіз, апатсыз жұмыс істеуіне кедергі келтіреді. Осыған байланысты 2021 жылы негізгі конструкцияларды (балкалар, колонналар) күшейтіп/ауыстырып, бас қорпустың жабын плиталарын күшейту/ауыстыру жұмыстары жоспарға енгізілді. Бұл шара орындалмаған жағдайда ақаулардың конструкцияның апаттық жағдайға ұласып, кейін құлауына әкелуі мүмкін. Оң әсері – ғимараттар мен құрылыстардың апатсыз пайдаланылуы.

7) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияға автоматтандырылған мониторинг жүйесінің құрылысы (№2,3 түтін тұрбасы). ҚР Экологиялық кодексінің (2021 жыл) 16-пункт, 418-бабына сәйкес, бірінші санат кәсіпорындарына 01.01.2023 жылғы мерзімге дейін ластану көздерінде автоматтандырылған эмиссия мониторингінің жүйесін орнату қажет. Атмосфералық ауаның ластану көздері №1,2,3 түтін тұрбалары болып табылады. Жүйе кәсіпорынның өндірістік экологиялық бақылау жүргізуі аясында орнатылады, нақты уақыт режиміндегі мәліметтерді беру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органның ақпараттық жүйесімен онлайн байланыс бар. Түтін газдарының құрамындағы келесі ластаушы заттардың сандық мөлшері таратуға жатады: күкірт диоксиді, азот қышқылы, көміртегі оксиді, қатты қалдықтар үлесі (мг/м<sup>3</sup>).

8) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№9 ҚА күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан элементтердің қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол жылу және электр қысымын өндіріс жоспарына сай алып жүруге мүмкіндік береді.

9) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№5 турбоагрегатын күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан элементтердің қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол жылу және электр қысымын өндіріс жоспарына сай алып жүруге мүмкіндік береді.

10) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін ст.№7 турбоагрегатын күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан элементтердің қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол жылу және электр қысымын өндіріс жоспарына сай алып жүруге мүмкіндік береді.

11) Пик бойлерін сатып алу. Турбоагрегат ст.№2,3.

12) Пик бойлерлерін монтаждау.

13) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін тепловозды күрделі жөндеу. 1979 жылы жасалған, борт номері №1088 ТГМ-4А тепловозы кемір маршруттарын тасуға және тиеуге, сонымен қатар 2-ПЖЭО аумағына келетін жекелеген жүктерді тасуға арналған. Ұзақ пайдалану кезінде тепловоз қондырғысының жұмысында бірқатар ақаулар пайда болды. Оларды тепловозға күрделі жөндеу жүргізу арқылы ғана жоюға болады.

14) РУСН-0,4 кВ үшін электр жабдықтарын сатып алу. Жоғары температураның әсерінен технологиялық



ақау кезінде РУСН-0,4кВ. секциясының төртінші электр қондырғысы зақымданған. Зақымданған қондырғының жұмыс қабілетін қалпына келтіру үшін электр жабдығын сатып алып ауыстыру қажет.

15) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін стационарлы компрессорларды ауыстыру.

16) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін екі бульдозерді күрделі жөндеу. «ЧТЗ-УРАЛ-ТРАК» ЖШҚ шығарған Т-170 бульдозері 1997 жылы, ал «ЧТЗ-УРАЛТРАК» ЖШҚ шығарған Т-130 бульдозері 1994 жылы пайдалануға берілген. Бульдозерлерді пайдалану кезінде қозғалтқышы мен жүріс бөліктеріне бірде-бір рет күрделі жөндеу жүргізілмеген. Тек қондырғыларына ағымдағы жөндеу жасалып, роликтері мен трактары ауыстырылған. Көмір қоймасында жұмыс істеу кезінде бульдозерлерге салмақ түсетіндіктен оларда бульдозерлердің қалыпты жұмыс қабілетіне әсер ететін ақаулар пайда болған. Ал бұл оның ұдайы істен шығуына алып келеді.

17) Реттеуші және запорлы арматураны ауыстыру. ТЦ бас бу өткізгішінің жоғары қысым арматурасын ауыстыру қажет. Оның корпусына микросызаттар түскен, жөндеуге жарамайды. Оның бөлшектері парктік ресурсын тауысқан: 5ПП-2,5ПП-3, 9ПП-2, 4ПП-4,5ПП-4, 6ПП-1,6П-ПР-2.

18) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін құбыр өткізгішінің секциясын күрделі жөндеу (металды бақылау, қиылыстарды ауыстыру, запорлы арматураны ауыстыру).

19) 2-ПЖЭО нысандарында күзет дабыл құрылысы. Обеспечение безопасности находящихся на территории ПТЭЦ-2 ТМЦ 2-ПЖЭО аумағындағы ТМҚ қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

20) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін 2-ПЖЭО қоршаулары мен жарықтандыруын күрделі жөндеу жобасын әзірлеу. Ауданы 700м<sup>2</sup> және көлемі 1540м<sup>3</sup> болып табылатын дуалдың паспорт бойынша салыну жылы 1970 жыл. Қазіргі таңда дуал қанағаттанарлық жағдайда болмағандықтан, жоба әзірлеуді талап етеді.

21) Алты электр қозғалтқыштарын сатып алу. 60 жылдардан бері пайдаланылып келеді, роторлар бірнеше рет жөндеуден өткен. Қазір сызаттар түсіп, бекіткіш бөлшектері майысқан. Материалы шойын. Бұл түйіндерді жөндеуден тиімділік аз.

22) 0 до 30 м В-Г қатарындағы 6-9 осінде ПГВП тірек жүйесінің ШБМ іргетастарын зерттеу.

23) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін электр қозғалтқыштарын күрделі жөндеу. Жылу беру маусымы кезінде станцияның негізгі қондырғылары сенімді жұмыс істеуі үшін резервтік электр қозғалтқыштары қажет. Резерв қорын қалыптастыру үшін арнайы ұймы тарапынан орама қаптамаларын ауыстыру жұмыстары жүргізілуі қажет.

24) 2-ПЖЭО жалпы қолданысқа арналмаған т/ж жолдарының техникалық құжаттамаларын әзірлеу. 2022 жылы «РЖД» ААҚ мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ арасында 5 жылға жасалған жалпыға ортақ теміржол жолдарын пайдалану бойынша 15.04.2017 жылғы №4/55 шартының қызмет мерзімі аяқталады. «РЖД» ААҚ мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ арасында жаңа шарт жасасу үшін «Теміржол

транспортымен жүк тасымалдау ережелері, жалпыға ортақ теміржол жолдарын пайдалану және оларға қызмет көрсету ережелерінің» №2.9. пунктіне сәйкес, техникалық құжаттаманы (Жалпыға ортақ теміржол жолдарының техникалық паспорты, жалпыға ортақ теміржол жолдарын пайдалану нұсқаулығы, БТП – бірыңғай технологиялық процесс) қайта қарау талап етілетіндіктен шарттар жалпыға ортақ теміржол жолдарының техникалық паспортының, жалпыға ортақ теміржол жолдарының нұсқаулығы, жоспары және профилінің, сонымен бірге станция жұмысының технологиясының мәліметтері есепке алына отырып, жасалады.

25) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қосалқы және көмекші өндірісінің су тұтыну және су өткізу нормасы жобасын әзірлеу. Шара ҚР су заңнамасын сақтау үшін қажет. 14.12.2016 жылғы №672 рұқсат қағазының мерзімінің аяқталуына байланысты рұқсат алу және бақылаушы органдар тарапынан айыппұл санкцияларының салуына жол бермеу.

26) Күл үйіндісі үшін бейнебақылау жүйесін орнату. Шара қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Ол заңсыз әрекетті жедел тіркеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, жұмысшылардың жұмыс сапасын, нысандағы жалпы жағдайды бақылауға жол ашады.

27) Подъездік теміржол өткелін салу.

28) «2 багерлі сорғы станциясын қайта құру» жұмыс жобасын сараптамадан өткізу. Шара заңнама талаптарының сақталуы үшін жұмыс жобасына ведомстводан тыс сараптама жүргізуге бағытталған.

29) «КРУ-6кВ 9,10,11 секцияларын ауыстырып, Петропавл 2-ЖЭО қайта құру» жобасын сараптамадан өткізу. Шара заңнама талаптарының сақталуы үшін жұмыс жобасына ведомстводан тыс сараптама жүргізуге бағытталған.

30) Негізгі жабдықтар бағасының қымбаттауына әкелетін 2-ПЖЭО қоршаулары мен жарықтандыруын күрделі жөндеу жобасын сараптамадан өткізу. Шара заңнама талаптарының сақталуы үшін жұмыс жобасына ведомстводан тыс сараптама жүргізуге бағытталған.

31) Набережная көшесіндегі НС-тен 2-ПЖЭО НС-ке дейінгі аралықта шаруашылық қажеттіліктер үшін Ду 630мм құбырын орнатып жұмыс жобасын сараптамадан өткізу. Шара заңнама талаптарының сақталуы үшін жұмыс жобасына ведомстводан тыс сараптама жүргізуге бағытталған.

32) 2-ПЖЭО бейнебақылау жүйесін орнату. Шара қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Ол заңсыз әрекетті жедел тіркеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, жұмысшылардың жұмыс сапасын, нысандағы жалпы жағдайды бақылауға жол ашады.

33) 2-ПЖЭО қондырғыларын сынау және реттеу. Шара қондырғылардың техникалық жағдайын және пайдалану шарттарын анықтауға, қазандық агрегаттар жұмысының режимін реттеуге, қазандық агрегаттарға жөндеу жұмысын жүргізу сапасын бақылауға (бағалауға) бағытталған.

34) Негізгі жабдықтарды сатып алу. Шара еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған.

## 2022 жылы қондырғыларды қайта құру және жаңғырту жоспары

### «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ

2022 жылы инвестициялық бағдарлама аясында бірқатар шараларды орындау жоспарланып отыр:

- Көлемі 48,54 км 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру;
- Көлемі 31 км 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру;
- СҚО Қызылжар ауданында 35/10 кВ "Озёрная" шағын станциясын қайта құру;
- Өндірістік және әкімшілік ғимараттарды қайта құру;
- Энергияны үнемдеу және энерготімділікті арттыру бойынша шараларды орындау.

### 2022 жылы инвестициялық бағдарлама аясында «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде

Алматинская көшесінде ТК-8-01 мен ТК-7-09А аралығында №7-18 2Ду500мм жылу магистралін қайта құру» жобасы бойынша жұмыстар аяқталады. Кәсіпорын 333 517 мың теңге (ҚҚС-сыз) болатын өзіндік қаражаты есебінен 514 п.м. құбырды қайта құрады. Сонымен қатар 2022 жылы «Сәтпаев көшесінде ТК-6-19 мен ТК-3-15г аралығында №3 2Ду500мм жылу магистралін қайта құру» жобасы бойынша жұмыстарды бастауды жоспарлап отыр. Жүзеге асыру мерзімі: 2022-2024 жылдар. Жобаның жалпы құны 1 091 658 мың теңге (ҚҚС-сыз), оның ішінде 2022 жылға - 256 084 мың теңге (ҚҚС-сыз). Жалпы ұзындығы 1 512 п.м. Ду500мм магистральдық құбырын қайта құру жоспарланған, оның ішінде 2022 жылы - 363 п.м.

Атқарылған жұмыстар тұтынушыларды жылумен қамту сенімділігін арттырып, қайта құрылатын учаскелерде барлық шығын түрлерін төмендетуге мүмкіндік береді.

## ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында 2018 жылы өндірістік, есептік және ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыруды жүзеге асыру жалғасты.

### SCADA

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ өндірістік қорлар мен активтерді автоматтандырылған басқару жүйесін, жұмыс үстелін қашықтықтан басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қолдап, байланыстың жаңа деңгейіне көшуде. Ол барлық қатысушылардың электр энергиясын беру және тарату қызметтерін жүзеге асыру бойынша желіге және интеллектуалдық көмекшіге бір уақытта қосылып, өз мәліметтерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

«SKADA» жүйесімен автоматтандырылған диспетчерлік басқару құрылымын құру бойынша жоба аясында ескірген мнемощит жаңаланды (видеокабьрға орнатылды), ол диспетчерлік басқару құрылымын, байланыс, басқару, телеөлшеу, телесигнализация, телебасқару және резервтеу каналдарын жолға қояды. Оның ішінде:

- режимдерді ұзақ және қысқа мерзімде жоспарлау;
- электр желілерінің, электр станцияларының, энергоблоктар мен шағын станциялардың қалыпты режимдерін оперативті басқару;
- электр станциясының қысымы мен тұтынылатын қуатты бақылау;
- апаттық жағдайларға ретроспективалық талдау жасау;
- ретроспективалық ақпаратты сақтау және қажет жағдайда диспетчердің талабы бойынша басып шығару;
- жедел ауыстыруларды бақылау;
- оперативті құжаттаманы автоматты түрде енгізу.

### Ellipse

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Ellipse 8 (АСУПФИА Ellipse) жүйесінің базасында өндірістік қорларды басқарудың автоматтандырылған жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Ellipse бірыңғай жүйесі техникалық және жөндеу жұмыстарын жоспарлап, жүргізуге мүмкіндік береді, оның ішінде:

- болуы мүмкін іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою бойынша жұмыстарды автоматтандыру;
- жұмыстарды орындаудың және жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің уақыттылығын болжау есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстар санын қысқарту;
- қызметкердің оперативті іске кірісу есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою уақытын қысқарту.

✓ Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

## Mobility

2018 жылы АСУПФИА Ellipse жүйесімен толықтай біріктірілген Mobility мобильді қосымшасын әзірлеу және енгізу жұмыс тапсырмаларын қашықтықтан беруге, жабдықтарға инвентаризация және мониторинг жасауға, тарихи, нормативті мәліметтер мен жұмыс тапсырмаларына оперативті қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Mobility жобасы аясында инфрақұрылым нысандарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыру мақсатында нысандар жағдайына мониторинг жасайтын жұмысшыларға арналған мобильді қосымша әзірленді.

## ЭКЕАЖ

2009 жылдан бері есепке алу құралдарын толық автоматтандырып, жаңғыртуды көздейтін және онлайн режимде электр энергиясын беру және тұтыну мәліметтерін қашықтан жинауға мүмкіндік беретін ЭКЕАЖ жобасы жүзеге асырылып келеді. Бұл жүйе энергия шығындарының ошағын автоматты түрде анықтап, оны уақытылы жоюға мүмкіндік береді. ЭКЕАЖ электр энергиясының коммерциялық шығынын қысқартады. Жоба аясында электр энергиясын бөлшек тұтыну нарығының 33 299 есеп нүктесінде ЭКЕАЖ орнатылды (оның ішінде тұрмыстық тұтынушылар үшін 434 (20,02%) және өнеркәсіптік тұтынушылар үшін 1 865 (15,92%). Технологияның бұл түрі әрбір кешенді трансформатор шағын станциясында мәліметтер жинау және беруді жеңілдетеді. Базалық станция интернет арқылы жинақталған ақпаратты серверлік қондырғыға жіберіп, ақпарат сол жерде сақтайтын негізгі канал GSM болып табылады.

## ЭБН ЭКЕАЖ

Электр энергиясын есептеудің дәлдігін, электр энергиясының сапасын бақылауды арттырып, шығындарды анықтауға және оқшаулауға негіз болады, электр энергиясын тарату процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді, тұтынылған электр энергиясы туралы мәліметтерді жинауға және өңдеуге кететін еңбек шығындарын азайтады.

**ЭБН ЭКЕАЖ үш деңгейлі иерархиялық ақпараттық-өлшеуіш және есептегіш желі түрінде сипатталады. Ол ақпаратты өңдеуге негізделген.**

**Бұл желі келесі деңгейлерді біріктіреді:**

**Бірінші деңгей – алғашқы өлшемдер.**

Электр энергиясының есептеу құрылғыларынан түскен мәліметтер 0,4кВ күштік желісі арқылы ТП, РП, КТП-да 0,4кВ жағы бойынша орнатылған МЖБҚ жүйесіне беріледі. Бұл процесс PLC технологиясын қолдану арқылы жүзеге асады.

**Екінші деңгей** МЖБҚ (PLC-концентратор) құрылғысындағы ЭКЕАЖ ақпаратын жинау, сақтау және өңдеу. PLC-концентратордағы мәліметтер GSM/GPRS байланыс арнасы арқылы мәліметтерді өңдеудің орталық серверіне түседі.

**Үшінші деңгей** «EMCOS» БҚ ақпаратты жинау және сақтау бас орталығы.

Бұл бағдарлама келесі мүмкіндіктерді береді: есептегіштерден нақты уақыттағы мәліметтерді қарау, оларды MS Excel жүйесіне экспорттау, мәліметтерді түрлі фор-

маттағы файлдарда сақтау, графиктердің көріну тәсілін өзгерту, болған оқиғаларды қарау, жүйені конфигурациялау, архивтерді қарау.

Жалаңаш сымды өздігінен берілетін оқшауланған өткізгішке (СИП) ауыстыру, кіріс нүктелерін ауыстыру, есептегіш құралдарды баланстық меншік шекарасын шығары сынды шаралар кешенін орындау есебінен



ЭКЕАЖ енгізу электр энергиясы шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді.

«ОАЭК» АҚ 3.06.2021 жылғы № 58 бұйрыққа сәйкес бекітілген Электр энергиясын таратуды автоматтандырылған бақылау концепциясына сәйкес, 2020 жылдан бастап ЭБН ЭКЕАЖ ЭКЕАЖ серверіне мәліметтерді беру функциясына ие есептегіштер базасында жүзеге асырылады.

Мұндай есептегіштер АҚ, ТКШ және тұтынушылардың балансында орналасқан ТП, РП, КТП 10/0,4 кВ-да орналастырылады деп жоспарланып отыр. ТП, РП, КТП ЭКЕАЖ орнату 1.01.2026 жылға дейін 100% енгізіледі деп жоспарланып отыр.

## ЖКЕАЖ

«Жылу энергиясын бақылау және есептеудің автоматтандырылған жүйесі» (ЖКЕАЖ) жобасын жүзеге асыру кезеңінде 1372 модем орнатылды. Есеп құралдарын енгізу қолданыстағы және перспективалық тариф жүйелері бойынша жеткізушілер мен тұтынушылар арасында мәліметтер мен есептердің дәлдігі мен шынайылығын арттырады. ЖКЕАЖ тұтынуды бақылау және тұтынылған жылу энергиясына төлем жасауда кешігуді төмендету мақсатында жылу энергиясын есепке алу бойынша мәліметтерді жинау оперативтілігін арттырады. Жүйе жылу шығындары мен есепсіз тұтыну деректерін жедел анықтауға мүмкіндік беріп, оларды болдырмау және коммуналдық-тұрмыстық секторда жылу энергиясын үнемдеуге жағдай жасайды.


## «ТЕЗИС» ТҚП БАЖ

2017 жылғы қарашадан бері электр желілеріне техникалық қосылу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі – ТҚП БАЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Жүйе электр желілеріне тұтынушыларды қосу үшін техникалық шарттарды рәсімдеу процесінің ашықтығын көтеруге бағытталған. Жүйенің басты артықшылығы – құжаттардың қай сатыда және процесс қатысушыларының қайсысында екенін анықтауға мүмкіндік беретін аралық бақылау. Жүйе кәсіпорындардың оперативтік қызметіне тиімді қолдау көрсетеді, техникалық шарттарды беру, жобалық-сметалық құжаттаманы мақұлдау және тұтынушыларға құжат дайындау процесін есепке алу және бақылауға мүмкіндік береді. ТҚП БАЖ жобасы аясында тұтынушыларды қосу уақыты қысқарды, жаңа тұтынушыларды инфрақұрылым нысандарына қосудың барлық процесі жеңілдетіліп, оңтайландырылды.

### Процестерді автоматтандыру бойынша 2022 жылға жоспар

— 2022 жылы ЕРЦ сайтында онлайн кеңесшіні енгізу мүмкіндігін қарастыру жоспарланып отыр.

— «Севказэнергосбыт» ЖШС Жеке кабинет сервисін қолданушылар санын арттырып, өткізуші компанияның қызметін тұтынушылар үшін мобильді қосымшаны енгізуді жоспарлап отыр.




✓ Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

## ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Оның қатарында 2013 жылы «Севказэнергосбыт» ЖШС базасында Байланыс орталығының құрылуы бар. Ол көпарналы телефонға автоматты режимде, сонымен бірге оператормен байланыс арқылы түсетін қоңырауларға жедел қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.


**Жұмыс күндері Байланыс орталығының мамандары орташа есеппен 1500 қоңырау қабылдайды, ал қабылданатын қоңыраулардың ең көп саны тәулігіне 3600-ге дейін жетеді.**

2021 жылы Байланыс орталығына түскен қоңыраулар саны



Байланыс орталығының қызметтері: энергиямен қамту, оның ішінде ыстық су және электр энергиясы есеп құралдарының көрсеткіштерін қабылдау, электрмен қамту, сумен қамту, кәріз жүйесі, тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару бойынша толыққанды ақпарат беру, домофондар мен кондоминиум нысандары бойынша қызмет көрсету, қалыптасқан қарыз бойынша хабарлау, құжаттар рәсімдеу және энергиядан апаттық және жоспарлы ажыратулар мәселелері бойынша қоңыраулар қабылдау.

Байланыс орталығына түсетін негізгі хабарламалар:



2017 жылы Байланыс орталығының операторларының жұмысын әңгіме аяқталғаннан кейін бағалау мүмкіндігі жүзеге асырылды.

Интерактивті дыбыстық жауап беру жүйесі стандартты сұрақтар бойынша ақпарат беруді қамтамасыз етеді. Одан бөлек, Байланыс орталығының бірыңғай номеріне қоңырау шалып, тұтынушы әрқашан оператордан энергияны ажырату себептері және ақауларды жөндеу мерзімі туралы толыққанды ақпарат ала алады.


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ресми сайтында «Кері байланыс» қызметі жолға қойылған. 2021 жылы ол арқылы тұтынушылардан 1836 хабарлама түскен. Тұтынушыларға мұнда сұрақ қойып не хабарлама жіберу мүмкіндігі берілген. Бұл үшін арнайы Сервис орталықтарына барудың қажеті жоқ.

2017 жылдан бері интерактивті дыбыстық менюға «Дыбыстық пошта» қызметі қосылды. Ол қызметті тұтынушылар операторды күтпей-ақ қолдана алады. «Дыбыстық пошта» арқылы 587 хабарлама қабылданды.

Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын және жылдамдығын арттыру мақсатында ЕРЦ сайты әзірленді.



2021 жылы интерактивті қызмет көрсету тәсілімен түскен хабарламалар статистикасы



**«Жеке кабинет» сервисінің мүмкіндіктері:**

- Тұтынушының картасын, БТҚ әзірлеу;
- Қарыз, есептер, қабылданған көрсеткіштер туралы ақпаратты нақтылау;
- Электр энергиясын есептеу құралдарының көрсеткіштерін енгізу;
- Компанияға хабарласу, пікір қалдыру;
- Банктердің интернет кеңселері арқылы төлем жасау;
- Төлем қабылдау пункттері бойынша нақтылау.

2020 жылы «Севказэнергосбыт» ЖШС №1 сервис орталығында тұтынушы бұрышы ұйымдастырылып, тұтынушыларға өз бетінше «онлайн» режимде өтініш толтырып, Е-gov порталында қажетті құжаттарды алуына мүмкіндік берілді. Ал қажет болған жағдайда зал әкімшісі тұтынушыларға кеңес береді. Бұл жоба электронды нұсқада қызмет көрсетуге бағытталған болса, бұл «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жоспарына сәйкес келеді. Тұтынушы бұрышы ең қажетті қызметтерді алуда кезекті болдырмауға бағытталған.

**2021 жылы БАЕО жүйесіне енгендер:**

**Петропавл қаласының 20 коммуналдық кәсіпорны;**

**СҚО аудандарының 5 коммуналдық кәсіпорны;**

**Кондоминиум нысандарына қызмет көрсететін 291 ұйым (ПИК).**

**БАЕО қызметтері:**

- Есеп жүргізу;
- Шоттарды дайындау, басып шығару және жеткізу;
- Төлем қабылдау;
- КЦ, ЛК, СЦ арқылы есептеу, қарыз бойынша кеңес беру.

✓ Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

БАЕО тұтынушыларының саны (01.01.2022 жыл)

Кәсіпорын	Қызметі	Тұтынушылар саны
<b>«Қызылжар су» ЖШС</b>	Сумен қамту	88 905
<b>«Коммун Север» ЖШС, «Коммунхоз Петропавл» ЖШС, «Таза Петропавл» ЖШС</b>	ТҚҚ шығару	47 421
<b>ПИК/ЖШС/ПК (291 шарт)</b>	Кондоминиум	44 895
<b>Домофондар мен лифттерге қызмет көрсеті</b>	Домофондар, лифтер	18 488
<b>Подъездерді тазалау және видеобақылау</b>	Тазалық, видеобақылау	13 861
<b>«Қазақтелеком» АҚ</b>	Байланыс	48 314
<b>«Горгаз-сервис» ЖШС</b>	Газбен қамту	56 027

**Факт**

**2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сайтындағы «Жеке кабинет» сервисін 6071 тұрмыстық және 4470 тұрмыстық емес тұтынушы, 403 БАЕО қызмет көрсетушісі пайдаланды.**

sevkazenergo\_21  
#жеке\_кабинет #қызмет\_нәтижелеріне\_шолу  
#тұтынушылармен\_байланыс



**Тұтынушылар арасында ынталандыруды арттыру**

Өткізуші компания бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз жұмыс істеп, онда дебиторлармен жұмыс туралы ақпарат, тұтынушыларға арналған хабарландырулар, тарифтер жарияланады.

Өткізуші компанияның барлық учаскелерінде типтік шарттардың талаптарына сәйкес электр энергиясына төлем жасау мерзімдері туралы, уақытылы төлем жасамаған жағдайда жүктелетін жауапкершілік туралы және төлем жасау тәсілдері туралы ақпарат жарияланатын ақпараттық стенд орнатылған. Ондағы ақпарат тұрақты түрде жаңартылып отырады.



Өткізуші компанияның жылу және электр энергиясы бойынша тұтынушыларының саны (2017 – 2021 жылдар)

Энергиямен қамтушы ұйым	2017		2018		2019		2020		2021	
	ЭЭ	ЖЭ	ЭЭ	ЖЭ	ЭЭ	ЖЭ	ЭЭ	ЖЭ	ЭЭ	ЖЭ
«Севказэнергосбыт» ЖШС	163 340	72 621	163 795	73 629	164 112	74 139	164 761	75 110	164 367	75 450
Заңды тұлғалар	6 262	2 466	6 201	2 300	6 183	2 304	6 225	2 324	6 294	2 358
Жеке тұлғалар	157 078	70 355	157 594	71 329	157 929	71 835	158 536	72 786	158 073	73 092

**2022 жылға** дейінгі инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру перспективалары

«Севказэнерго» АҚ Қазақстанның электр энергетикасы саласындағы кәсіпорындары арасында өндірістік активтерді жаңарту мен қайта құруға салынған капиталдық салымдар мөлшері бойынша ең ауқымды инвестициялық бағдарламалардың бірін жүзеге асырады.

**Инвестициялық бағдарламалар аясында үш бағыт бойынша шаралар жүзеге асырылады:**

- Өндірісті арттыру;
- Беру кезіндегі электр және жылу шығындарын қоса алғандағы энергия үнемдеу;
- Өндірістік экологиялық параметрлерін жақсарту.

## САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ

Факт

Тиімді сатып алулар қызметін құру – Корпорацияның операциялық қызмет деңгейін арттыру аясындағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

sevkazenergo\_21  
#сатып\_алу\_қызметі



## ✓ Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының сатып алулар саласындағы маңызды басымдықтарына тендер өткізу кезіндегі ашықтықты қамтамасыз ету, максималды экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кешігулерді қысқартуға қол жеткізу үшін сатып алулар қатысушылар санын арттыру жатады.

2017 жылдан бастап компаниялар тобында сатып алу қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында трансформациялық процестер басталды. Жыл ішінде сатып алу қызметін автоматтандыруға, сатып алу жүйесін жоспарлауды жақсартуға, санаттық сатып алулар стратегиясын әзірлеуге, қойма қорларын есептеу, ТМҚ сақтау және беру процестерін оңтайландыруға, КРІ бағалау жүйесін енгізуге және басқаларға бағытталған жобалар әзірленді.

### 2021 жыл қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- Сатып алу процесін бақылау бойынша енгізілген жүйені жұмыс барысында қолдану. Бұл процестерді барынша тиімді жоспарлауға және бақылауға мүмкіндік берді;
- «Еуразиан Тек» ЖШС электронды сауда алаңында өткізілген сатып алулардың хаттамаларын, жоспарланған сатып алулар туралы ақпарат жариялау арқасында сатып алу процедураларының толық ашықтығы қамтамасыз етілді. Бұл өзара тиімді шарттармен жаңа әлеуетті тауар сатушыларды тартуға мүмкіндік берді;
- Тиімді сатып алулар процесінің нәтижесінде алынған ақша қаражатын үнемдеу жоспардан тыс қажеттіліктерді қосымша қаражат көзін тартпастан өтеуге мүмкіндік берді.

### 2021 жылы сатып алу қызметінің негізгі басымдықтары келесілер болды:

- Сатып алу қызметінің ашықтығын арттыру;
- Коммерциялық тиімділікті арттыру;
- Сатып алуды жоспарлаудың тиімді жүйесін енгізу;
- Сатып алудың электронды формасына көшу;
- Сатып алу процесін автоматтандыру;
- Сатып алу қызметі бойынша ішкі және сыртқы есептіліктің тиімді жүйесін енгізу;
- Ішкі клиенттер үшін есептілік жүйесінің тиімділігін арттыру;
- Қойма қорларын есептеу, ТМҚ сақтау және беру процестерінің тиімділігін арттыру.





«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Топ қызметіне қатар жүретін оқиғалардың негативті ықпалын төмендету, сондай-ақ, оң мүмкіндіктерді жүзеге асыру жатады.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында тәуекелдердің басқарудың корпоративті жүйесі қызмет етеді (бұдан әрі — ТБЖ).

Топта бекітілген және жүзеге асырылатын Тәуекелдерді басқару саясаты Топтың тәуекелдерге қатынасын анықтап, ТБЖ құру және қалыптастырудың жалпы қағидаларын, оның мақсаттары мен міндеттерін, тәуекелдерді басқару процестерінің негізгі ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылау тәсілдерін бекітеді.

Топтың тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Топтың шаруашылық қызметін тиімді жүргізуі мен репутациясына, жұмысшылар денсаулығына, қоршаған ортаға, акционерлер мен инвесторлардың мүлкітік мүдде-

леріне қауіп төндіретін оқиғалардың (тәуекелдердің) теріс ықпалын уақытылы анықтау, бағалау және азайту, сонымен бірге тұрақты, үздіксіз қызмет ету мен дамуды, Топ алдына қойған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуге сенімділікті қамтамасыз етуге қолайлы мүмкіндіктер жасау жатады.

Тәуекелдердің Топ қызметіне әсерінің деңгейін анықтау үшін тәуекелдің ықтималдығы мен салдарларын эксперттік бағалау тәсілімен және тәуекелдің ықтималдығы мен салдарларын математикалық әдістерді қолдана отырып, сандық бағалау жолымен тәуекелдің маңыздылық деңгейі анықталады.

Тәуекел-менеджмент процесінің негізгі кезеңдері



## ТБЖ негізгі қатысушылары

### Стратегиялық тәуекелдер

- Реттеу тәуекелдері
- Инвестициялық тәуекелдер
- Жобалық тәуекелдер
- Репутациялық тәуекелдер
- Саяси тәуекелдер
- Нарықтық тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер
- Кредиттік тәуекелдер
- Технологиялық тәуекелдер

### Операциялық тәуекелдер

- Технологиялық тәуекелдер
- Сатып алулар және қамту
- Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік
- Төтенше жағдайлар
- Кадрлық тәуекелдер
- Экологиялық тәуекелдер
- Контрагенттермен өзара қызмет
- Коммерциялық тәуекелдер
- Кәсіби тәуекелдер
- Отын тәуекелдері
- Репутациялық тәуекелдер
- Әлеуметтік тәуекелдер
- Мүліктік тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер

### Құқықтық тәуекелдер

- Заңнаманың бұзылуы
- Коррупциялық және алаяқтық тәуекелдері
- Мүліктік тәуекелдер
- Коллекторлық тәуекелдер
- Реттеу тәуекелдері
- Экологиялық тәуекелдер
- Кадрлық тәуекелдер
- Салықтық тәуекелдер

### Қаржылық тәуекелдер

- Бағалық тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер
- Кредиттік тәуекелдер
- Өтімділік тәуекелдері
- Пайыздық тәуекелдер
- Валюталық тәуекелдер

### Тәуекел және бақылау жөніндегі комитет

- Келесілердің алдын ала қаралуы және мақұлдануы:
  - ТБЖ тиімділігі туралы ішкі аудиттің есептері;
  - Тәуекелдің қолайлы деңгейі (тәуекел-тәбет);
  - Тәуекелдер регистрі;
  - Тәуекел иелерінің тізімі;
  - Тәуекелдерді басқару бойынша есептер;
  - ТБЖ бойынша ішкі құжаттар.

- Директорлар кеңесін уақытылы ақпараттандыру және ТБЖ жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау.

### Тәуекел менеджмент басқармасы

Аудит жөніндегі комитетке есеп береді

- ТБЖ барлық қатысушыларының әрекеттерін үйлестіру;
- Тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіру және әдістемелік қолдау;
- Сыни тәуекелдерді талдау және негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты әзірлеу;
- Тәуекелдерді анықтау және бағалау процесін ұйымдастыру (Тәуекелдердің корпоративтік реестрі мен сыни тәуекелдер регистрін қалыптастыру/жаңалау);
- ТБЖ бойынша шараларды орындау бойынша ақпарат жинау және талдау;
- Тәуекелдердің негізгі индикаторларына (ТНИ) мониторинг және талдау;
- Барлық мүдделі тараптарды (Атқарушы орган, Аудит жөніндегі комитет, Директорлар кеңесі) тәуекелдер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- ТБЖ даму стратегиясын айқындау;
- ТБЖ ұйымдастыру принциптері мен тәсілдерін бекіту;
- Сыни тәуекелдерді басқару бойынша шешімдер қабылдау;
- Келесілерді бекіту Тәуекелдер регистрі
- Тәуекелдер иелерін бекіту (тағайындау);
- Негізгі тәуекелдерді бекіту бойынша есептерді қарау және бекіту;
- ТБЖ бойынша ішкі құжаттарды бекіту.

### Бас директор

- ТБЖ қызметін қамтамасыз ету, оның ішінде:
  - ТБЖ жұмысы бойынша қажетті шешімдерді қабылдау және бекіту;
  - Тәуекелдерді басқару бойынша кросс-функционалды (бірнеше құрылымдық бөлімше орындайтын) міндеттерді шешу.

### Тәуекел иелері

- Тәуекелдерді уақытылы анықтау және бағалау;
- Тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдері бойынша ұсыныстарды қалыптастыру;
- Тәуекелдерді басқару бойынша шаралардың орындалуын уақытылы әзірлеу және ұйымдастыру;
- Тәуекелдерге мониторинг.

### Тәуекелдерді басқару бойынша соңғы процедуралар мен шаралардың орындаушылары

- Тәуекел иесіне тәуекелдерді басқару бойынша шараларды әзірлеуге көмектесу;
- Тәуекелдерді уақытылы азайту үшін бақылау процедураларын орындау;
- Тәуекелдерді басқару бойынша шараларды уақытылы және толық көлемде орындау.

### Аудит жөніндегі комитет

- ТБЖ тиімділігі туралы ішкі аудит есептерін алдын ала қарау және мақұлдау

### Ішкі аудит басқармасы

функционалды түрде Аудит жөніндегі комитетке бағынады

- ТБЖ және ІБЖ ағымдағы жағдайына мониторинг және тиімділігіне тәуелсіз бағалау;
- ТБЖ және ІБЖ тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар;
- Атқарушы орган мен Директорлар кеңесін жасалған аудиторлық тексерулер нәтижесі бойынша ТБЖ және ІБЖ жағдайы туралы ақпараттандыру.

ТБЖ қатысушылары арасында жауапкершіліктің бөлінісі және олардың өзара әрекет сипаты Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

**2021 жылы Компания қызметті басқарудың тәуекел ориентациялы тәсілдерін енгізу және жетілдіруді жалғастырды. ТБЖ қызметі мен оны жетілдіруді үйлестіру және оған әдістемелік қолдау көрсетумен тәуекел-менеджмент басқармасы айналысады. Ол келесі міндеттерді шешеді:**

- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін үйлестіру;
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процестерін қамтамасыз ету саласында әдістемелік және ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- Компаниялар тобы қызметкерлеріне ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару салалары бойынша оқыту;
- Топтың корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасына талдау жасау және тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты ресурстарды бөлу және әрекет ету бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- Тәуекелдерді басқару бойынша жинақ есептілікті қалыптастыру;
- Компаниялар тобы бөлімшелерінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процестеріне бекітілген тәртіпте оперативті бақылау жасау.

**Жыл ішінде тәуекел-менеджмент басқармасы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды жүргізді:**

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның ЕҰ-ның корпоративтік реестрі мен реестрлер картасын актуалдандыру және сыни тәуекелдерді талдау;
- Топтың басқарушы қызметкерлері мен құрылымдарының негізгі жұмысшыларына тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесі саласында оқыту жүргізу;
- **Тәуекелдерді анықтау және бағалау, келесі бизнес-процестердегі ИБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу:**
  - «Кәсіпорынды транспорттық қамсыздандыру»;
  - «Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды басқару»;
  - «Қорлар мен қойма шаруашылығын басқару»;
  - «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару».

Тәуекелдерді басқару деңгейін арттыру мақсатында Топта 2021 жылы негізгі бөлімшелердің жұмысшылары мен басшылық қызметтегі жұмысшылар арасында оқыту шарасы ұйымдастырылды. Оқу барысында базалық принциптер мен басқарушылық және операциялық шешімдер қабылдауда тәуекелдерді басқарудың мақсаттарын ескере отырып, тәсілдер қолдану туралы түсіндірілді.




Факт

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы тәуекел-менеджменттің стандарттары мен үздік тәжірибелеріне сай болуға ұмтылады, тәуекелдерді басқару мәдениетін арттырып, тәуекел-менеджмент процестерін үздіксіз жетілдіреді.**

sevkazenergo\_21  
#процестер #тәуекел\_менеджмент



кітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Компанияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде 2021 жылы Компания қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 73 тәуекел анықталды. Тәуекелдердің маңыздылығы олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарын, даму маңыздылығы мен миссиясын есепке ала отырып, «СКЭ» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық, экологиялық және әлеуметтік аспектілеріне ықпалына қарай анықталады.



**Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және әрекет ету шаралары**

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
<b>Сала: стратегиялық тәуекелдер</b>			
<p>Қызмет мерзімі бойынша шығып қалып жатқан ЖЭО өндіріс қуаттылықтары мен негізгі құрылыстарының уақытылы ауыстырылмауы</p>	<p>Тәуекелдің маңыздылығы өндірістік кәсіпорынның (ЖЭО) негізгі және көмекші қондырғыларының сонымен бірге электр және жылу желілері жабдықтарының физикалық және моральды тозуының жоғары деңгейімен байланысты. Бұл электр энергиясын өндіру/беру көлемін қысқартып, тұтынушыларды жылу энергиясымен қажетті деңгейде қамтамасыз ете алмауға әкелуі мүмкін.</p> <p><b>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Негізгі өндірістік/желілік қондырғылар, ғимараттар мен құрылыстардың физикалық тозуы және өз ресурсын тауысуы;</li> <li>Қайта құру, жаңғырту және жаңа құрылыстардың қанағаттанарлық емес өсімі қарқыны;</li> <li>Энергетика кәсіпорындарын инвестициялық қаржыландырудың тиімді емес моделі;</li> <li>Өзіндік қаражаттың шектеулілігі;</li> <li>Қазіргі таңда қолданыстағы сала құрылымы мен жылу және электр энергиясына тарифтерді реттеу моделі аясында айтарлықтай кредиттік ресурстарды тарту мүмкіндігінің болмауы;</li> <li>Өкілетті органның электр және жылу энергиясын өндіруге қатысты қолайсыз тарифтік шешімдер қабылдауы.</li> </ol>	<p><b>Аталған тәуекелді басқару аясында Топ келесі шараларды іске асыруды көздеп отыр:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Инвестициялық бағдарламаларға істен шығатын қондырғыларды уақытылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша шараларды енгізу;</li> <li>Тұтынушыларды жылу және электр энергиясымен жеткілікті көлемде сенімді қамтамасыз ету үшін қондырғылардың жағдайын ескере отырып, қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша шаралар кезектілігін айқындау;</li> <li>Істен шығатын қондырғыларды уақытылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша жұмыстарды орындау мақсатында қосымша қаржыландыру көздерін тарту;</li> <li>Өкілетті органмен қондырғыларды жаңғырту және қайта құруға Инвестициялық келісімдер (электр қуаты нарығы аясында) жасау.</li> </ol>	



Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және әрекет ету шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы

Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар

Тәуекелді басқару тәсілі

Өзгеріс

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда электр қуаты нарығы әрекет ете бастады. Бірақ, электр энергиясының теңгерімді нарығы (ЭТН) имитациялық режимде әрекет етеді. Электр энергиясының теңгерімді нарығының имитациялық режимдегі жұмысы 2022 жылғы 1 шілдеге дейін созылды. Тәуекел сыни аумаққа орын ауыстырды және маңызды, өзекті, ұдайы назарды талап етеді.

**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**

1. ЭТН саласындағы заңнамалық базаның жетімсіздігі;
2. Көмір станцияларының (ЖЭО) «қисық» график бойынша қысымды, оның ішінде өндірістік кәсіпорындардың негізгі және көмекші қондырғыларының жоғары тозу деңгейіне байланысты алып жүре алмауы;
3. Нақты тұтынымды белгілейтін толыққанды ЭКЕАЖ жүйесінің болмауы, соның салдарынан тұтынушылардың қысым профилі бойынша толық статистиканың болмауы;
4. ЭТН нарығында дисбалансты сатып алу/сату кезінде кірістер мен шығыстар есебі алгоритмінің жетімсіздігі;
5. Кепілді жеткізушілердің тұтынушылардың тәуліктік тұтыну көлемін жоспарлауға ықпал етуіне мүмкіндіктің болмауы, соның салдарынан энергия өткізуші және энергия беруші кәсіпорындардың шығынға батуы;
6. Тұтынушылардың тәулік ішінде тұтынатын энергия көлемін жоспарлауына кепіл беруші жеткізушілердің ықпал ету мүмкіндігінің жоқтығы және энергия өткізуші және энергия беруші ұйымдардың шығындары.

1. Энергетика министрлігімен және өзге де өкілетті органдармен ЭТН қызметінің ережелерін реттейтін заңнамалық құжаттарға ұсыныстар мен ескертпелер енгізу бойынша әріптестік;
2. ЭТН нарығынан кепілді жеткізушілер мен энергия беруші ұйымдарды алып тастау туралы мүдделерді қорғау;
3. Ірі тұтынушылармен электр энергиясын тәуліктік тұтыну графикін беру бойынша жұмыс жүргізу;
4. Тұтынушылардың ЭКЕАЖ жүйесі арқылы электр энергиясын нақты тұтыну көлеміне бақылау жасау;
5. Электр энергиясын тұтынушылардың ЭКЕАЖ жүйесін одан әрі дамыту;
6. Электр қуаты нарығы мен электр энергиясының теңгерімді нарығында тиімді жұмыс істеу үшін ақпараттық-талдамалы бағдарламаны енгізу мәселесін қарау.



Нақты уақыт режиміндегі электр энергиясының теңгерімді нарығын енгізу

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және әрекет ету шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы

Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар

Тәуекелді басқару тәсілі

Өзгеріс

Тәуекел Компания үшін маңызды болып табылады. Жоспарланған инвестициялық бағдарламалардың орындалмауы өкілетті орган (ТМРҚД) тарапынан өтеуші тарифтердің енгізілуіне әкелуі мүмкін.

**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**

1. Мердігерлермен жобалар бойынша және жеткізушілермен материалдар бойынша шарттық міндеттемелердің орындалмауы;
2. Энергия өндіру және беру көлемінің төмендеуіне байланысты қаржыландырудың жеткіліксіз болуы, өтімділік дефициті;
3. Сатып алынатын тауарлар мен қызметтер бағасының өсімі, оның ішінде қиын макроэкономикалық жағдайға байланысты;
4. Білікті қызметкерлердің, оның ішінде мердігерлерде де, дефициті.

Инвестициялық бағдарламаның орындалмауы/жүзеге асыру мерзімдерінің сақталмауы және (немесе) инвестициялық жобалар құнының өсімі

**Тәуекелдерді басқару және өкілетті орган тарапынан өтеуші тарифтердің енгізілуіне жол бермеу үшін қабылданған шаралар:**

1. Инвестициялық бағдарламалар шараларын орындау мерзімдерін шегеруді өкілетті органмен мақұлдау;
2. Жобалар бойынша мердігерлермен, материалдар бойынша жеткізушілермен претензиялық жұмыстар жүргізу;
3. Мердігердің жұмыстарды орындау графикін әзірлеу (түзету).



**Сала: операциялық тәуекелдер**

Компания қызметі көп жағдайда негізгі білікті қызметкерлерге тәуелді. Әсіресе өндірістік-техникалық салада қызметкерлер санының жеткілікті болмауы кадр дефицитімен байланысты тәуекелдің пайда болуына әкеледі. Білікті мамандар санының шектеулілігі мен оларға деген бір уақыттағы сұраныстың артуына байланысты Қазақстан мен жақын шетелдегі бәсекелестік күшейіп келеді. 2021 жылы эксперттік бағалауға сәйкес өндірістік-техникалық қызметкерлер жетіспеушілігі катастрофалық тәуекелдер зонасына ауысты.

**НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:**

1. Энергетика саласы қызметкерлерінің орташа еңбекақысының бәсекеге қабілетсіз деңгейі және оның салдарынан аталған сала тартымдылығының төмен болуы;
2. Тұрғындардың жоғары деңгейлі ішкі және сыртқы миграциясы;
3. Оқу орындарының энергетика саласына білікті кадрларды дайындау деңгейінің төмендігі.

Білікті өндірістік-техникалық қызметкерлердің жетіспеушілігі

**Аталған тәуекелді басқару аясында келесі шаралар кешені жүзеге асырылуда:**

1. Келесі кезеңге тарифтерді қорғау кезінде компаниялар тобының тарифтік сметаларында еңбекті қорғау қорын арттыру;
2. Еңбекті төлеу қорының резервтерін табу үшін басқарушылық және өндірістік процестерді, штаттық кестені оңтайландыру. Бұл бірінші кезекте аса қат және негізгі өндірістік қызметкерлердің еңбекақысын арттыру үшін ақша көзін табуға қажет;
3. «PROFENERGY» бағдарламасын келесі бағыттар бойынша жүзеге асыруды жалғастыру:
  - жоғары және орта-арнаулы оқу орындары студенттері мен түлектерін тарту есебінен сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру;
  - қызметкерлердің білім деңгейін арттыру;
  - тәлімгерлік институтын дамыту;
  - білікті жұмысшыларды материалдық және материалдық емес ынталандыру.




Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және әрекет ету шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілдері	Өзгеріс
Білікті/негізгі қызметкерлерді жоғалту	2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы жалпы топ бойынша қызметкерлер тұрақсыздығының коэффициентінің артқаны байқалды. Осыған байланысты аталған тәуекелдер сыни аумақта қалып отыр.		
Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары	2020 жылмен салыстырғанда 2021 жыл қорытындысы бойынша Компанияда жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары деңгейінің төмендеуі байқалады. Дегенмен, аталған тәуекел компания үшін тұрақты мониторинг нысаны болып қалып отыр.	<b>Аталған тәуекелді төмендету аясында тұрақты негізді нормативтен тыс шығындарды азайтуға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылады:</b> <b>1.</b> Құбыр өткізгіштерінің бұзылған/жоқ жылу қаптамаларын қалпына келтіру; <b>2.</b> Жылу желілеріне жыл сайынғы күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу; <b>3.</b> Алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін (ППУ-технология) қолдана отырып жылу желілерін қайта құру; <b>4.</b> Тұтынушылардың элеваторлы жылу түйіндерінде есептік дроссельді құрылғыларын орнату; <b>5.</b> Жылу энергиясына заңсыз қосылу деректерін анықтау және болдырмау; <b>6.</b> Тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормасын нақты жылу тұтыну деңгейіне дейін арттыру мақсатында өкілетті мемлекеттік органдармен өзара қызмет. <b>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:</b> <b>1.</b> Жылу желілерінің өте жоғары тозу деңгейі; <b>2.</b> Жылу магистральдарындағы технологиялық ақаулар мен апаттар <b>3.</b> Тұтынушылардың жылу түйіндерінде гидравликалық және температуралық режимдерді қамтамасыз ету үшін жылу желілері жұмысының рационалды емес режимі; <b>4.</b> Тұрмыстық тұтынушылардың жылу желілерінде есеп құралдарының болмауы; <b>5.</b> Тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормасының нақты жылу тұтынымымен сәйкес келмеуі (көпқабатты тұрғын үйлер); <b>6.</b> «Иесіз»/тұтынушылық жылу желілеріндегі жылу энергиясының төленбейтін шығындары және т.б.; <b>7.</b> Жылу энергиясы құбыр өткізгіштерімен бірге жүргізу.	

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және әрекет ету шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілдері	Өзгеріс
Қондырғылар жұмысындағы технологиялық ақаулар (апаттар I және II деңгейлі істен шығулар)	2021 жылы технологиялық ақаулардың пайда болу тәуекелі Топтың сыни тәуекелдеріне жатқызылды. Өндірістік және желілік қондырғылардың физикалық және моральдық тозуы апаттық істен шығуларға әкеледі. <b>Апаттық істен шығулардың салдарлары:</b> — электр энергиясының өндіріс көлемінің төмендеуі; — электр қуаты дайындығын ұстап тұру бойынша шарт аясында көлемнің толық жеткізілмеуі (міндеттемелердің орындалмауы); — Тұтынушыларды жылумен қамту сапасының төмендеуі. <b>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:</b> <b>1.</b> Негізгі өндірістік/желілік қондырғылардың жоғары тозуы және ресурсын тауысуы; <b>2.</b> Қаражаттың шектеулілігі. Оның салдарлары: қондырғыларды қайта құру және жаңғыртуды төмен қарқыны, жөндеу бағдарламаларының жетіспеушілігі.	<b>Аталған тәуекелді басқару аясында Топ келесі шаралар кешенін жүзеге асырады:</b> <b>1.</b> Қондырғыларға, ғимараттарға және құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстар кешенін орындау; <b>2.</b> Тозған жабдықтарды уақытылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңғырту/жаңасын салу бойынша шаралардың Инвестициялық бағдарламаларға қосу; <b>3.</b> Тұтынушыларды жылу және электр энергиясымен қажетті деңгейде және сенімді қамтамасыз ету үшін маңыздылығына қарай қондырғыларды жөндеу/қайта құру/жаңасын салу бойынша жұмыстар кезектілігін анықтау.	
Күл үйінділерінің толуы	Тәуекел деңгейі 2021 жылы Петропавл 2-ЖЭО жаңа күл үйіндісін салу үшін жер учаскесін ұзақ таңдаумен байланысты болды. <b>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:</b> <b>1.</b> Салынып жатқан күл үйінділерінің уақытылы пайдалануға берілмеуі (жобалау және салу ісіндегі кешігулер); <b>2.</b> Энергия өндіруші ұйымдардың тарифтік сметалары мен инвестициялық бағдарламаларында күл үйінділерін салу және дамыту (биіктету) бойынша жеткілікті қаржыландырудың болмауы; <b>3.</b> Күл үйінділерін салу және дамыту (биіктету) жобасы бойынша ауқымды шығындарды электр қуаттылығының дайындығын ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарттар аясында жеке тарифке қосу мүмкін еместігі бойынша заңнаманың әлсіздігі.	<b>1.</b> Барынша мүмкін (рұқсат етілетін) деңгейге дейін күл үйінділерінің қолданыстағы бөгеттерін биіктету; <b>2.</b> Энергия өндіруші ұйымдардан кейін электр қуаттылығының (қуаттылық нарығының) дайындығын ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарттар аясында жеке тарифке қосу мүмкіндігін беру арқылы күл үйінділерін салуға және биіктетуге өтініштер қабылдау мүмкін болуы үшін қолданыстағы заңнама нормаларын өзгерту мақсатында мемлекеттік органдармен және электр энергиясы нарығының өзге қатысушыларымен белсенді өзара қызмет жүргізу.	

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және әрекет ету шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
<b>Сала: Қаржылық тәуекелдер</b>			
<p>Электр және жылу энергиясының бөлшек нарығында кешіктірілген дебиторлық қарыздың өсімі</p>	<p>2021 жыл қорытындысы бойынша кешіктірілген (3 айдан астам уақытқа) дебиторлық қарыздың жалпы дебиторлық қарыз сомасы ішінде төмендегеніне қарамастан, тәуекел Холдинг үшін маңызды және өзекті болып табылады және тұрақты бақылауда болады.</p> <p><b>НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Жылу және электр энергиясын тұтынушылардың энергиямен қамту қызметі үшін уақытылы және толық төлем жасау бойынша шарттың талаптарын сақтамауы;</li> <li>Тұрғын жылжымайтын мүлікті энергиямен қамту қызметі үшін қарызды өтемей сату-сатып алу бойынша мәмілені жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысында заңнамалық базаның жетімсіздігі;</li> <li>Баспана меншік иесі ауысқан кезде энергиямен қамту шартын қайта жасаудың уақытылы жүргізілмеуі;</li> </ol>	<p><b>Аталған тәуекелді басқару аясында Топтың энергия өткізуші кәсіпорындары келесі шаралар кешенін тұрақты түрде жүзеге асырады:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>тұтынушыларды қарызы туралы хабарландыру;</li> <li>энергиямен қамту қызметіне уақытылы төлем жасамаған жағдайда энергия беру тоқтатылады;</li> <li>қарызды бөліп төлеу графигі жасалады;</li> <li>аталған қызметтерді уақытылы төлемегені үшін тұтынушылардан қарыз бен үстемеақыны мәжбүрлі өтеу үшін претензиялық жұмыстар жүргізіледі;</li> <li>борышкерлердің мүлкіне арест қойылады;</li> <li>сот орындаушыларымен бірге борышкерлерге рейдтер ұйымдастырылып, оның барысында мүлік тізімі жасалып, тартып алынады;</li> <li>кәсіпорындар адресіне жұмысшылардың коммуналдық қызметтер үшін кешіктірілген қарызы туралы ақпарат жолданады;</li> <li>борышкерлердің Қазақстан Республикасы шекарасынан шығуы шектеледі;</li> <li>борышкердің қаржыландыру көздерінен өндіріп алу (еңбекақысы мен зейнетақы аударымдарынан ұстап қалу) жүргізіледі;</li> <li>өндіріп алу тәртібі өзгертіліп, соның негізінде саудаға шығару үшін борышкердің мүлкіне (пәтер немесе автотранспорт) бағалау жасалады.</li> </ul> <p>Төмен өндіріп алу ықтималдығына ие қарыздар бойынша Топтың энергия өткізуші кәсіпорындарының бухгалтерлік есебінде күмәнді қарыздар бойынша резерв құрылады.</p>	

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Топ қызметі тұрақты даму саласындағы тәуекелдермен байланысты. «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобы өз қызметінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және коррупцияға қарсы әрекет ету салаларындағы негізгі қағидаларына сай келуіне бар күшін салады. Топ тұрақты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарын ұстанады және оларға қол жеткізуге, соның ішінде тәуекелдерді уақытылы анықтау, бағалау және оған әрекет ету арқылы өз үлесін қосады.

### Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер

Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер және оның аясында экологиялық және климаттық нормалардың қатаңдатылуы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы жоспарлары мен стратегиясын жасау кезінде ең басымдық берілетін тәуекелдердің тобына жатады. Бүгінгі күні халықаралық экологиялық және климаттық нормалар, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалары Топты аталған тәуекелдер тобын басқару бойынша мүлтіксіз шаралар қабылдауға мәжбүрлейді.

Қазақстан париш келісімін 2015 жылы ратификациялап, сол арқылы өзінің климаттың өзгеруімен жалпыәлемдік күресте бірге екенін растады. Республикада парник газдарын шығаруды қысқарту бойынша міндеттемелерді мойынға алу аясында негізгі өнеркәсіп салаларын, оның ішінде энергия өндіруші ұйымдарды көміртекті квоталау жүзеге асырылады.

#### «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы парник газдарын қысқарту ісіне асқан жауапкершілікпен қарайды, бірақ, бұл ретте көміртекті квоталау Топ үшін келесі мәселелер мен тәуекелдерді туындататынын хабарлайды:

- Тегін бөлінетін квоталарды жыл сайынғы қысқарту көлемі;
- CO<sub>2</sub> шығарылымдарының өзіндік бөлшек коэффициенті бекітілген бенчмарктардан жоғары энергия өндіруші кәсіпорындар үшін квота дефицитінің қалыптасуы;
- Базалық линиямен салыстырғанда өнім өндірісі көлемінің төмендеуіне жол берген кәсіпорындардан тегін бөлінетін квота лимитінің бөлігін тартып алу;
- Көміртекті бірлік құнының күтілетін өсімі (2021 жылғы 1 евро/тоннадан (CO<sub>2</sub>) 2023–2025 жылдары 15 евро/тоннаға (CO<sub>2</sub>) және 2026–2030 жылдары 45 евро/тоннаға (CO<sub>2</sub>);
- Квота сатып алу шығындарын тарифтер есебінен жабу мүмкіндігінің жоқтығы (шығындар энергия өндіруші кәсіпорындардың тарифіне қосылмаған);

Шығарылымдарды қысқарту және парник газдарын жұтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру бойынша тиімді жұмыс механизмдерінің болмауы және тегін бөлінетін квоталардың қысқаруымен байланысты сату нарығында еркін квоталардың болмауы не дефицит болуының ықтималдығы.

2021 жылы ластану көз болып табылатын (бұл топқа көмір когенерациясы да айтарлықтай деңгейде жатады) кәсіпорындарды қоршаған табиғи ортаға ықпалды экономикалық (жоғары шығынды) ынталандырушы механизмдерді қолдана отырып төмендетуге ынталандыратын Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі күшіне енді.

#### Мұндай механизмдерге келесілер жатады:

- Ең үздік қолжетімді технологияларды (ҰҚТ) ендіру қажеттігі. Бұл ретте ҰҚТ ендіру шығындары не электр энергиясы тарифтерінде, не жылу энергиясы тарифтерінде қарастырылмайды;
- Қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүзеге асыру қажеттігі;
- Бірінші санатты нысандардың (бұған Топтың барлық ЖЭО жатады) пайдалануға беру салдарларын жою бойынша өз міндеттемелерін орындауды қаржылық қамтамасыз етуді беру қажеттігі. Алдын ала болжамдық бағалау бойынша, салдарларды жоюдың ең төменгі сомасы бірнеше ондаған миллиард теңгені (әрбір ЖЭО үшін) құрайды. Ал сонымен қатар, тарифі қатаң реттелетін энергия өндіруші кәсіпорындардың міндеттемелерін орындаудың қаржылық қамтамасыз ету механизмі әзірленбеген.

Бұл ретте Экологиялық кодекстің талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік айыппұлдарды арттыру, қайтара құқық бұзушылық үшін, оның ішінде ертелік және рецидив мерзімі, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер өсімі үшін санкцияларды күшейту қарастырылады.

Кәсіпорындар тобының өндіріс орындарында барлық заманауи экологиялық және климаттық нормаларды (ҚР экономикасын декарбондау аясында) сақтау қаржылық тәуекелін туғызып, ол Топ үшін айтарлықтай қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін. ҰҚТ енгізу бойынша қымбат тұратын ауқымды жобаларды жүзеге асыру, парник газдары шығарылымдарын төмендету бойынша міндеттемелерді орындау қомақты қаражатты талап етеді, сәйкесінше Топтың қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс ықпал етеді. Алайда, Топ жаңа Экологиялық кодекс энергетикалық сала алдына тек қана міндеттер ғана емес, сонымен бірге атмосфераға шығарылымдарды азайту және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының энергетикалық және экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер ашатынын түсінеді.

## Жұмысшылар денсаулығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер

Топтың корпоративтік саясатының негізгі қағидаларының бірі негізгі актив қызметкерлер болып табылатынына негізделген. Өндірістік қызмет кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудан болатын оқиғалар тәуекелі Топтың ең маңызды тәуекелдерінің тізіміне жатады.

«СКЭ» АҚ тобы қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жұмысшылардың еңбек жағдайларына ерекше талаптар қояды: жұмысшылар еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік ережелерін, энергонисандарда жұмыс жүргізу тәсілдерін оқиды.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Топтың стратегиялық басым бағыты жұмысты қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін процестерді ұдайы жетілдіру болып табылады. Бұл өндірістік қауіпсіздік саласындағы әлемдік үздік тәжірибелерді бейімдеумен байланысты. Жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмауға бағытталған шаралар стратегиялық мақсат - «ноль жазатайым оқиғаларға» қол жеткізуді көздейді.

## Коррупцияға қарсы әрекет

«СКЭ» АҚ Компаниялар тобында Директорлар кеңесі бекіткен Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты бар. Ол Компанияның бұл саладағы негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Саясат Компания басшылығының коррупцияны кез келген формада болмасын қабылдамау бойынша бірыңғай этикалық стандарт қалыптастыруына негізделеді.

Саясаттың негізгі принциптеріне корпоративті басқаруды жоғары деңгейде жүргізу, коррупция мен алаяқтыққа жол бермеу, тәуекелдерді бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын азайту жатады.

Бұл бағытты күшейтудің негізгі элементтері – коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу, сондай-ақ, мұндай сипаттағы оқиғаларға оперативті ықпал ету болып табылады. Корпорацияда тиісті тәртіп мәдениеті және алаяқтықтың кез-келген түріне негативті қарым-қатынас қалыптасып келеді.

Саясатта Компанияның алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет тәсілдері мен процедуралары баяндалған. Олардың қатарында мұндай деректерді анықтау және бағалау, қызметтік тексерулер жүргізу, барлық заңсыз деректер бойынша жауапкершілікке тарту бар. «СКЭ» АҚ компаниялар тобында кері байланыс каналдары («жедел желі», телефон және пошта сервисі) бар. Оған



## Тәуекел-менеджмент және ішкі аудит

заңды және жеке тұлғалар (Корпорация қызметкерлері де) хабарласып, дайындалып жатқан не жасалып қойған коррупциялық және алаяқтық әрекеттер туралы хабарлай алады.

Компаниялар тобында қызмет ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Корпорацияның іскери серіктестерін Коррупцияға және алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша саясатының талаптары мен принциптері туралы хабардар ету мақсатында Компанияның тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу туралы шарттарының типтік шаблондарына коррупция деректерін анықтау жағдайына байланысты тиісті бөлімдер қосылған.

Компанияның ішкі процедураларына сәйкес, жұмысқа жаңадан қабылданған жұмысшылар Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясатымен міндетті түрде танысып, бұл талаптарды сақтау туралы жазбаша түрде растайды.

**2021 жылы коррупция не алаяқтық оқиғасы тіркелген жоқ.**

## ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) енгізілген. Ол бірыңғай үздіксіз процеске біріктірілген саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп пен әрекеттер нормаларының жиынтығын білдіреді. ІБЖ Директорлар кеңесі, Басқарма, еншілес ұйымдардың барлық атқарушы ұйымдары, бақылаушы органдар мен жұмысшылар жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады.

**Басқарудың барлық деңгейіндегі жетекшілік Компанияда келесілер арқылы тиімді бақылау ортасын құрады:**

- Компаниялар тобы қызметкерлерінде ішкі бақылау процедураларын орындау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін сақтау және адалдық пен компетенттік принциптерін көрсету;
- Компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсібилік және компетенттігін арттыру;
- Құрылымдық бөлімшелер және қызметкерлердің өзара қызмет тиімділігін қамтамасыз ету;
- Өкілеттік пен жауапкершілікті тиімді бөлуді қамтамасыз ету;
- Алаяқтықты болдырмау механизмдерін қалыптастыру;
- Ішкі бақылау органдары қызметін ұйымдастыру.

ІБЖ Топтың операциялық және инвестициялық қызметінің тиімділігін, барлық есептіліктердің дұрыстығын қамтамасыз етуге, заңнамалық актілер мен ішкі корпоративтік талаптардың сақталуына бағытталған. Корпорация

оның барлық қызметі тәуекелдерді төмендету мақсатында адекватты бақылануына ұмтылады. Бақылау процедуралары басқарудың барлық деңгейінде енгізілген.

Компанияда Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі айқындалған:

### Операциялық

Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі **бизнес мақсаттарына қолданады.**

### Қаржылық

Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.

### Сәйкестікті бақылау

Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.

Тәуекел-менеджмент басқармасының  
ТБЖ және ІБЖ дамыту бойынша  
**2022 жылға жоспарлары**

- «СКЭ» АҚ және оның ЕҰ тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын жаңарту және сыни тәуекелдерді талдау.
- «СКЭ» АҚ компаниялар тобының негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласы бойынша оқыту жүргізу.
- Тәуекелдерді анықтау және бағалау, операциялық және қаржылық қызметтің бизнес процестерінде ІБЖ ұйымдастыру тиімділігін талдау және тестілеу;
- Бизнес процестердің Негізгі Тиімділік Көрсеткіштері (KPI) мен Тәуекелдердің Негізгі Индикаторларын дамыту және біріктіру;
- Жүзеге асыру кезінде жұмысшылардың коррупциялық және алаяқтық әрекеттерге баруының ықтималдығы бар Компаниялар тобының бизнес процестерінің қызмет бағыттарын анықтау мақсатында коррупциялық тәуекелдерге баға беруді жүргізу.
- Топтың процестің басқару тәсілдері мен қағидаларын жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды жаңалау.





Факт

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты** – тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету, халықаралық индустриялық және экологиялық стандарттарды сақтау, корпоративтік басқару деңгейін арттыру, жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды өткізу сынды жалпы қабылданған тұрақты даму принциптерін сақтайтын жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

sevkazenergo\_21  
#тұрақты\_даму



## Мүдделі тараптармен өзара жұмыс

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Оларды анықтау және іріктеу принципі аймақтық аспектпен белгіленген. Компания мүдделерді сақтау және барлық мүдделі тараптарға жауапкершілікпен қарау арқылы тұрақты дамуды қамтамасыз етіп, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізеді.



Компания мүдделі тараптармен келесі бағыттар бойынша диалог жүргізеді:

### Әлеуметтік жауапкершілік

Қызметкерлер  
Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар  
Жергілікті қоғамдастықтар  
Оқу орындары

### Қоршаған ортаны қорғау

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)  
Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар  
Жергілікті қоғамдастықтар

### Өндірістегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Қызметкерлер  
Жеткізушілер  
мердігерлер  
Кәсіподақ

### Экономикалық қауіпсіздік

Акционерлер  
Жергілікті қоғамдастықтар

## ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ

## ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

### Қызметкерлер

Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компания басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.

- Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерді Компания қызметі туралы ақпараттандыру;
- Кәсіби дамуға атсалысу.
- Әлеуметтік көмек және қолдау;
- Ұжымдық шартты орындау.

### Жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар

Компанияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.

- Тариф өтінімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту;
- Инвестициялық бағдарламаны орындау;
- Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, талаптардың орындалуына мониторинг.

### Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар

Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Компания қызметкерлері салалық отырыстар мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.

- Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту;
- Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету;
- Инвестициялық міндеттемелерді орындау;
- Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.

### Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер

Тендердер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен тұтынушылармен кездесулер өткізіледі. Компанияның корпоративтік сайтында кері байланыс қарастырылған.

- Өзара тиімді серіктестікті қалыптастыру;
- Тендер өткізу кезінде ашықтықты қамтамасыз ету.

### Оқу орындары

Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Компания қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процесіне қатысады.

- Кәсіпорынға қызметкерлер таңдау;
- Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.

### Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)

Жыл сайын Компания пресс-тур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап беріледі.

- Әріптестікті қалыптастыру;
- Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру;
- Экологиялық нормаларды орындау;
- Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.

## ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ

## ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР

### Үкіметтік емес ұйымдар (ҰЕҰ)

ҰЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Компания қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҰЕҰ жетекшілерімен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.

- Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.

### Кәсіподақ

Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.

- Ұжымдық келісімшартты орындау;
- Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.

### Акционерлер

Өзара әрекет акционерлердің жиналысын өткізу барысында жүзеге асады.

- Экономикалық тиімділік және қаржылық нәтижені өндіру;
- Компания операциялық қызметінің барысында тұрақты даму принциптерін сақтау.



Мүдделер сферасы

Өзара қызмет формасы

Әрекет

Акционерлер

- тратегиялық міндеттерді орындау;
- Экономикалық пайда/нәтижелілік;
- Корпоративтік басқару рейтингі;
- Даму қаражаты және дивидендтерді алу;
- Таза активтер құны;
- Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру;
- бизнес-процестердің ашықтығы.

- Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері;
- Директорлар кеңесінің шешімдері;
- корпоративтік сайт;
- жылдық есеп;
- жиналыстар, іскери кездесулер.

Директорлар кеңесінің 14 отырысы өтті.

Корпоративтік басқарудың барлық формаларын жақсарту мақсатындағы кездесулер мен шаралар өткізілді.

Қызметкерлер

- Кадрлық және әлеуметтік саясат;
- Ұжымдық шарт талаптары;
- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау;
- Жоғары білікті жұмысшыларды ұстап қалуға және тартуға мотивация.

- Басшылық шешімдері;
- Бұйрықтар мен өкімдер;
- Өндірістік, оперативті және өзге жиналыстар;
- Ағымдағы қызмет туралы есептер;
- Ауызша кеңесулер;
- Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша инструктаждар;
- Ішкі корпоративтік коммуникация каналдары;
- Сұрау салу және анкета жүргізу;
- Әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Ұжымдық шарт талаптары сақталды.

Қызметкерлерге әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетілді.

«Кәсіптегі үздіктер» байқауы өткізілді.

«PROFENERGY» корпоративтік жобасы аясында шараларды жүзеге асыру жалғасын тапты.

Үздік қызметкерлері салалық және корпоративтік наградалармен марапатталып, кәсіби атақтарды иеленді.

Мүдделер сферасы

Өзара қызмет формасы

Әрекет

Мемлекеттік билік органдары мен бақылаушы органдар

- Уақытылы және шынайы ақпарат алу;
- ҚР электр энергетикасының дамуына үлес қосу;
- Энергиямен үздіксіз және сенімді қамту;
- Жергілікті бюджетке салық түсімдерін көбейту;
- Әлеуметтік жобаларды уақытылы және сапалы жүзеге асыру;
- жұмыс орындарын артыру/сақтау;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтау.

- Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есептілік беру;
- Компания қызметінің түрлі бағыттары бойынша мемлекеттік органдар сұраулары бойынша ақпарат беру;
- Қазақстан Республикасы заңдары мен нормативтік актілеріне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу;
- Өңірлердің әлеуметтік сферасын қолдау және дамыту мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен Компания арасында әріптестік туралы меморандумдар;
- Жиналыстар, іскери кездесулер.

2021 жылы қызмет ету өңірлеріндегі әкімдердің блогтарына күнделікті мониторинг жасалды. Кәсіпорын қызметіне қатысты азаматтардың сұрақтарына жауап берілді.

Корпоративтік сайттарда тұрақты түрде электр және жылу энергиясын жоспарлы не апаттық беруді тоқтату туралы ақпарат беріліп, жөндеу жұмыстарының, жылу желілері сынақтарының мерзімдері көрсетілді.

Компаниялар тобының басшылары (не тағайындалған жауапты тұлғалар) мемлекеттік және бақылаушы органдармен бірге тұрғын үй қорын жылу беру маусымына дайындау бойынша штаб отырыстарына қатысты.

Жергілікті қоғамдастықтар (тұтынушылар)

- Нарықтағы үлесі/нарықта қатысуы;
- Электр және жылу энергиясымен үздіксіз және сенімді қамтамасыз ету;
- Маркетингтік коммуникациялар;
- Қоршаған ортаға эмиссиялар.

- Ақпараттандыру және тұтынушылармен кері байланыс жүйесі;
- Қоғамдық тыңдаулар, кездесулер;
- Жылдық есеп;
- Серіктестік және әріптестік туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қою;
- Әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар.

2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындары тұтынушылардың 320 703 хабарламасын қабылдап, жауап берді. «Севказэнергосбыт» ЖШС-нде тұтынушылардан 24 хабарлама түссе, олардың үшеуі жазбаша өтініш ретінде тіркеліп, сервис орталықтағы әкімші жақтауында орналасқан «Шағымдар мен ұсыныстар кітабында» қалдырылған шағымдар. Байланыс орталығының телефоны арқылы 2021 жылы 315 481 қоңырау түссе, олардың екеуі шағым. Жеке кабинет арқылы тұтынушылар 652 хабарлама қалдырса, олардың ішінде екеуі шағым. Барлық хабарлама бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кері байланыс айдары арқылы 2021 жылы 1836 хабарлама түссе, оның төртеуі шағым. Барлық хабарлама бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. СКЭ кәсіпорындарының кеңсе журналдарында мемлекеттік және бақылаушы органдардан тіркелген хабарламалар саны: «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – 622, «СҚ ЭТК» АҚ – 638, «ПЖЖ» ЖШС – 477, «СКЭС» ЖШС – 471 хабарлама.



Мүдделер сферасы

Өзара қызмет формасы

Әрекет

Оқу орындары

- Салалық ғылым мен білімнің дамуына үлес қосу;
- Перспективті кадрларды дайындау мен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету;
- Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету.

- Қызмет ету өңірлерінде жоғары оқу орындарымен әріптестік;
- Емтихан комиссиялары, біліктілік комиссияларының жұмысына, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процесіне қатысу;
- **Шаралар өткізу:** ғылыми идеялар байқауы.

2021 жылы СКЭ атаулы корпоративтік стипендияларын алуға онлайн форматтағы ғылыми жұмыстар байқауы ұйымдастырылып, өткізілді. Компания Петропавл қаласының 3 оқу орнымен өзара қызмет етеді. Студенттерді «PROFENERGY» бағдарламасының мазмұны мен шарттары туралы ақпараттандыру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіледі, студенттермен кездесу және олардың өндірістік нысандарға экскурсиялары ұйымдастырылады. Компания кәсіпорындарының қызметкерлері емтихан және мемлекеттік аттестациялық комиссиялар құрамында бітіру емтихандары мен диплом жобаларын қорғауға қатысады.

2016-2021 жылдар аралығындағы кезеңде шараларға 678 студент қатысты, олардың ішінде:

- 49 студент жазғы каникул кезінде жұмысқа орналастырылды;
- 46 студент ақы төленетін тәжірибеден өтті;
- 564 студент ақы төленбейтін өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтті;
- 11 студентке атаулы стипендия тағайындалды.

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)

- Компанияның даму перспективалары туралы ақпарат алу;
- Қоршаған ортаға негативті ықпалды төмендету;
- Қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету;
- Қоғамдық тыңдаулар.

- Қоғамдық тыңдаулар өткізу;
- Ағымдағы қызмет туралы ақпараттандыру;
- Компанияға бағытталған хаттар (үндеулер).

**2021 жылы экология, қызметтер көрсету, тарифтік сметаны, қызмет туралы есептерді бекіту бойынша өткізілген қоғамдық тыңдаулар:**

СКЭ – 3

Мүдделер сферасы

Өзара қызмет формасы

Әрекет

БАҚ

- Бизнес-процестердің ашықтығы;
- Компания қызметі туралы келесі тақырыптардағы ақпаратқа оперативті қолжетімділікті қамтамасыз ету:
  - өндіріс қауіпсіздігі;
  - өндірісті жаңғырту;
  - қаржылық көрсеткіштер;
  - бірлескен жобаларды жүзеге асыру;
  - Компания, саланы дамыту перспективалары.

- Пресс-турлар, БАҚ-қа арналған брифингтер, баспасөз конференциялары;
- Баспасөз релиздері;
- ақпараттық сауалдарға жауаптар;
- БАҚ мониторингі.

2021 жылы БАҚ пен әлеуметтік желілерде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы туралы 1 661 мәрте аталды.

Жеткізушілер, мердігерлер

- Ашық бәсекеге қабілетті орта құру;
- Баға қалыптастырудың нарықтық механизмдерін қолдану;
- Өзара тиімді әріптестік тұрақтылығы мен сенімділігі;
- Шарттар/контракттар бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі.

- Кері байланыс жүйесі, кездесу, келіссөздер өткізу;
- Стратегиялық әріптестік туралы шарттар, меморандумдар, келісімдерге қол қою;
- тендерлер;
- мердігерлер мен клиенттермен кездесулер.

2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік сайттарында және БАҚ-та тендерлер өткізу және олардың нәтижелері туралы хабарландырулар жарық көрді.

Кәсіподақтар

- Жұмыс берушінің жұмысшыға қатысты бекітілген міндеттемелерді сақтауы;
- Жұмысшының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- Лайықты еңбек шарттарын құру;
- Кәсіби және жеке өсу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік кепілдіктер.

- Ұжымдық шартты талқылау және бекіту;
- Кәсіподақ мүшелерінің менеджментпен жиналыстары мен кездесулері.

Кәсіподақ қызметін жүзеге асыруға арналған жағдайлар құру бойынша жұмыстар жүргізілді: ҚР заңнамалық актілері мен Ұжымдық шарт талаптарына сәйкес өзара мүдделер, теңдік принциптері негізінде кәсіподақ ұйымдарымен әріптестік.

Кәсіподақ қаржысы есебінен қайырымдылық көмек көрсетілді. Кәсіпорындар бойынша кәсіподақтар 2021 жылы 89 шара өткізді.

## КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

### Қызметкерлерді басқару саясаты


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.

Қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру. Компания қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

### Қызметкерлердің сандық және сапалық құрамы

Компания қызметкерлерінің сандық құрамы 2021 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 2 385 адамды құрады, қызметкерлер санының 2020 жылмен салыстырғанда 6,2 % төмендеуі штаттың толық қамтылауымен және қызметкерлер тұрақсыздығының артуымен байланысты. 2020 жылғы көрсеткіштің 2019 жылмен салыстырғанда 0,5 %-ға артуына шектеу шараларының енгізілуі (COVID-19 пандемиясы) себеп болды.

Қызметкерлер санының өзгеру динамикасы, адам



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары бойынша 2021 жылы сандық құрамның бөлінісі

Компания атауы	Қызметкерлер саны, адам
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	840
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	1 068
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	236
«Севказэнергосбыт» ЖШС	241
<b>Барлығы:</b>	<b>2 385</b>

## Қызметкерлердің санаты мен жыныстық құрамы

Компания қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 61,6 % жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 71,3 % пайызын ерлер құрайды.

#ТДМ #тұрақты\_даму  
#гендерлік\_теңдік



### Қызметкерлердің санаты мен жыныстық құрамы


Қызметкерлер санаты	Барлығы		Олардың ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
<b>Саны</b>	<b>2 385</b>	<b>100</b>	<b>1 468</b>	<b>61,6</b>	<b>917</b>	<b>38,4</b>
Басшылар	366	15,3	259	70,8	107	29,2
Мамандар/қызметкерлер	742	31,1	298	40,2	444	59,8
Жұмысшылар	1 277	53,5	911	71,3	366	28,7

## Қызметкерлердің жыныс мен жасы бойынша құрамы

2021 жылдың соңында қызметкерлердің негізгі үлесін 30-50 жас аралығындағы кәсіби еңбек қызметі үшін ең тәжірибелі жұмысшылар құрады (58,3 %). Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 2,7 % жоғары. 30 жасқа дейінгі жас мамандар үлесі 16,9 %, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 4,2 % аз. 50 жастан жоғары жұмысшылар үлесі 2020 жылмен салыстырғанда 1,5 % артып, 24,8 %-ды құрады. Бұл көрсеткіштерді назарға ала отырып, Компания кәсіби білім мен біліктілікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін қызметкерлер құрамын бірте-бірте жасарту бағытындағы шараларды жүргізеді.

Компаниялар тобы жұмысшыларының орташа жасы – 41 жас.

Жұмысшылардың жас құрамы



## Қызметкерлердің білім бойынша құрылымы


2019-2021 жылдар динамикасында жоғары білімі бар жұмысшылар үлесінің бірте-бірте артып, жалпы орта білімі бар жұмысшылар үлесінің азаюы байқалады. Бұл Компания «PROFENERGY» бағдарламасы аясында қызметкерлердің білім деңгейін арттыру үшін шараларды жүзеге асыруымен байланысты. Кәсіби техникалық білімі бар жұмысшылардың үлесі 49 %.

Компанияның 88 жұмысшысы ЖОО және колледждерде, соның ішінде 70 жұмысшы профильді мамандықтар бойынша білім алады. Компания «PROFENERGY» шараларына қатысу-қатыспауына қарамастан оқып жатқан және оқу орнын аяқтаған жұмысшыларға қолдау көрсетеді. 2021 жылы соңында 59 жұмысшы, оның ішінде кәсіпорын профилі бойынша 46 жұмысшы диплом алды.

## Қызметкерлердің жалпы саны, жұмыспен қамту типі және жынысы бойынша бөліністе

2021 жыл соңында еңбек шартымен жұмысқа алынған жұмысшылар үлесі 99,6 % болды. Кейбір және маусымдық жұмыс түрлерін орындауға штаттан тыс қызметкерлер тартылды, олар жалпы жұмыс күшінің 0,4 % бөлігін

Білім беру деңгейінің динамикасы



құрайды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ топ кәсіпорындары қызметкерлерінің жалпы санының 0,3 % бөлігі ішінара жұмыспен қамтылды.

### Қызметкерлердің жалпы саны, жұмыспен қамту типі және жынысы бойынша бөліністе

Көрсеткіш	Мәні (адам)	оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
<b>Есептік кезең соңындағы жұмысшылардың жалпы саны (штаттағы)</b>			
<b>Шарт мерзімі бойынша:</b>	2 385	1 468	917
Белгіленбеген мерзімге еңбек шартымен жұмыс істеушілер	2 107	1 316	791
Уақытша (жедел) шартпен жұмыс істеушілер	278	152	126
<b>Жұмыс типі бойынша:</b>	2 385	1 468	917
Толық жұмыспен қамтылғандар	2 378	1 465	913
Ішінара жұмыспен қамтылғандар	7	3	4
Бақылаудағы жұмысшылар (штаттан тыс)	9	0	9
<b>Жұмыс күшінің жалпы саны</b>	<b>2 394</b>		

## 2021 жылы компанияға жұмысқа қабылданған жұмысшылар саны


Есептік кезеңде «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобының қызметкерлерінің орташа тізімдік санының 18,2 %-ы болатын 449 жұмысшы қабылданды.

### Қызметкерлердің санаты мен жынысы бойынша құрылымы

Көрсеткіш	барлығы		олардың ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
<b>Қабылданды, олардың ішінде:</b>	<b>449</b>	<b>100</b>	<b>263</b>	<b>58,6</b>	<b>186</b>	<b>41,4</b>
30 жасқа дейін	142	31,6	101	71,1	41	28,9
30-50 жас	231	51,5	117	50,6	114	49,4
50 жастан жоғары	76	16,9	45	59,2	31	40,8

2021 жылы жұмысшыларды қабылдау бойынша айналым коэффициентінің 2020 жылмен салыстырғанда 0,2 %-ға төмендеуі кадрдың кетуіне байланысты қызметкерлер тұрақсыздығымен және бәсекеге қабілетсіз (нарықтан төмен) еңбекақы себепті рекрутинг қиындығымен байланысты болды.

### Жұмысқа қабылдау бойынша айналым коэффициенті




## Қызметкерлер тұрақсыздығы

2021 жыл соңында Компания бойынша қызметкерлердің тұрақсыздық коэффициенті 2020 жылмен салыстырғанда айтарлықтай (6,2 %-ға) артып, 18,5 % құрады.

### Негізгі себептері:

— өзге жерде бұдан да жоғары еңбекақы алу перспективасы, Қазақстан ішіндегі қызметкерлердің көші-қоны (қала/ауылдық елді мекендер).


### Тұрақсыздық коэффициенті



## Тұрақсыздық себебімен 2021 жылы жұмыстан шыққан жұмысшылар саны, олардың жасы мен жынысы

2021 жылы еңбек шарты 608 жұмысшымен бұзылды, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 28 % жоғары. Қызметкерлер тұрақсыздығының негізгі себептері: еңбекақыға көңіл толмаушылық, Қазақстан ішінде және сырт елдерге көшу. Тұрақсыздық себебімен 457 қызметкер жұмыстан шықса, олардың басым бөлігін еңбекке қабілетті және кәсіби өнімді, сондай-ақ, еңбек нарығында сұранысқа ие 30-50 жастағы (52,5 %) жұмысшылар құрады.

### Тұрақсыздық себебімен жұмыстан шыққан жұмысшылар саны, олардың жасы мен жынысы



### Тұрақсыздық коэффициентін төмендету үшін 2021 жылы келесі шараларды жүзеге асыру жалғасын тапты:

- еңбекті төлеу қорының резервтерін анықтау және босаған қаражатты еңбекақыны арттыруға жұмсау;
- тәлімгерлік институтын және жас мамандарды қолдау жүйесінің процестерін жетілдіру;
- білікті қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- ұжымдық шартқа сәйкес жағдайлар мен әлеуметтік кепілдіктерді жақсарту.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

### Компанияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:

- қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік, техникалық пайдалану ережелерін міндетті, нормативті оқу;
- аралас мамандықтарды оқу;
- кәсіби және басқарушылық компетенцияларды дамыту үшін біліктілікті арттыру.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындарында қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Корпорация кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі, оқудың қашықтан және дистанциялық формалары енгізілуде.

Негізгі бағыт қауіпсіздік техникасы, техникалық пайдалану бойынша алғашқы және кезеңдік оқу болып табылады. Бұл бағыт бойынша 2021 жылы 1 254 адам оқыды (барлық оқығандардың 59,6 %-ы). Компания қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту және олардың басқа мамандықтарда (аралас) қоса жұмыс істеуге дайындау мақсатында 2021 жылы 579 адам оқыды (барлық оқығандардың 27,5 %-ы). 2021 жылы біліктілікті арттыру 94 адамға ұйымдастырылды. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 3,9 есе көп және «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ электро-монтерлері мен контролерлерін жұмысшы оқытушылардың өз күшімен ішкі оқытумен байланысты болды.



4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ




Факт

**2021 жылы барлық қызметкерлердің 88,2 %-ын құрайтын 2 103 адам оқытудан өтті.**


sevkazenergo\_21

#ТДМ #сапалы\_білім\_беру





### Бір қызметкерге шаққандағы орташа оқу саны



Бір қызметкерге шаққандағы орташа оқу саны – 15,8 сағат.

Компанияда негізінен лауазымы мен кәсібі, нормативтік талаптары мен оқу бағдарламасының корпоративтік құрамдас бөлігі, оқу бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес өндірістік бөлімшелер жұмысшыларын оқыту жүргізіледі. 2021 жылы қолда бар дайындық деңгейін анықтау, одан әрі даму бағыттарын айқындау мақсатында қаржылық қызметтің 56 қызметкеріне, оның ішінде түрлі деңгейдегі он жеті басшыға бағалау жүргізілді. Бағалау қорытындысы бойынша жұмысшылардың білім мен компетенция деңгейін одан әрі арттыру бойынша ұсыныстар берілді.

### Кадрлық резерв


Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында 150 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан.

Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілікті арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді.

2021 жыл ішінде кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің 48-і басқарушылық қызметке ауыстырылды.

Компанияда жыл сайын сыртқы резервті қалыптастыру, оның ішінде оқу орындары түлектерінен құралған резервті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Компанияда барлығы 80 жас маман жұмысқа қабылданса, олардың ішінде 21-і 2021 жылы жұмысқа тұрды. Жұмысқа қабылданған техникалық/кәсіби білімі бар жұмысшылар саны 12 адам (57,1%) болса, жоғары білімі барлар – 9 адам (42,9%).



## ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2016 жылдан бастап «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының компанияларында жас мамандарды қолдауға және қызметкерлердің білім деңгейін арттыруға бағытталған «PROFENERGY» жобасы жүзеге асырылады. Бағдарлама профильді оқу орындарының түлектерін негізгі/қат кәсіптерге тартуға, энергетикалық мамандықтарды танымал етуге, қызметкерлерді дамытуға және қызметкерлердің білім деңгейін арттыруға, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған. Компания Петропавл қаласының 3 оқу орнымен өзара қызмет етеді. Студенттерді Бағдарламаның мазмұны мен шарттары туралы ақпараттандыру бойынша жұмыстар тұрақты жүргізіледі, студенттермен кездесу және олардың өндірістік нысандарға экскурсиялары ұйымдастырылады. Компания кәсіпорындарының қызметкерлері емтихан және мемлекеттік аттестациялық комиссиялар құрамында бітіру емтихандары мен диплом жобаларын қорғауға қатысады.

### 2016-2021 жылдар аралығындағы кезеңде шараларға 678 студент қатысты, олардың ішінде:

- 49 студент жазғы каникул кезінде жұмысқа орналастырылды;
- 46 студент ақы төленетін тәжірибеден өтті;
- 564 студент ақы төленбейтін өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтті;
- 11 студентке атаулы стипендия тағайындалды.

Оқу орындары түлектерінің «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындарында жұмыс істеуге қызығушылығын арттыру үшін Бағдарлама тұрақты жетілдіріліп, оның шарттары студенттердің қажеттіліктері, кәсіпорындардың мүмкіндіктері және қызмет ету өңіріндегі еңбек нарығының ерекшеліктеріне байланысты реттеліп отырады.

Бағдарламада жас жұмысшыларды профильді білім алуға ынталандыратын шаралар қарастырылған.

### 2016-2021 жылдары 789 жұмысшы келесі мүмкіндіктерді пайдаланды:

- 496 жұмысшыға ақы төленетін оқу демалысы берілді;
- 152 жұмысшының оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонустар төленді;
- 111 жұмысшы оқу ақысын төлеуге пайызсыз қаражат алды;
- 30 жұмысшыға сессия тапсыру үшін оқу орнына дейінгі жол шығындары өтелді.

«PROFENERGY» жобасы аясында тәлімгерлер институтының жұмысы дамып жатыр. Оның мақсаты – студенттерге кәсіби білім мен білікті беру және жас мамандарды қызметке тез бейімдеу боп табылады. Алты жылда кәсіпорындардың жоғары білікті жұмысшыларынан тәлімгерлер пулы жасақталды.

Жыл сайын  
100-ден астам  
жұмысшы  
тәлімгер болып  
бекітіледі.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында Бірыңғай еңбекті төлеу және ынталандыру жүйесі әрекет етеді. Еңбекақы мөлшері жынысына қарамастан жұмысшылардың барлық санатына еңбекақы төлеудің разрядты жүйесі болып табылатын бірыңғай тарифтік сеткаға сәйкес белгіленеді.

Компаниядағы ынталандыру мен марапаттау жүйесінің мақсаты Компанияның өз миссиясын сәтті орындауы мен бизнес мақсаттарына оңтайлы шығындармен қол жеткізуін қамтамасыз етуі үшін жұмысшыларды тарту, ұстап қалу және ынталандыру болып табылады. 2021 жылғы ақпанда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жұмысшыларының еңбекақысы 10,1%, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда 5,3%, «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде 10,2% және «Севказэнергосбыт» ЖШС-нде 10,3% индексацияланды. Сондай-ақ, 2021 жылғы қыркүйекте «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жұмысшыларының еңбекақысы 13,8%, қазанда «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда 11,6% индексацияланды.

## Материалдық емес ынталандыру

Қызметкерлерді жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық ынталандыру, тиімді еңбекке ұмтылдыру үшін Компанияда жыл сайын наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар беру, корпоративтік ақпарат көздерінде жариялау шаралары жүзеге асырылады.

2021 жыл қорытындысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының 81 қызметкері мен ардагері наградалармен марапатталды: оның ішінде 56 қызметкер «ОАЭК» АҚ және кәсіпорынның корпоративтік наградаларымен, 16 жұмысшы мен 7 ардагер мемлекеттік, ведомстволық, салалық наградалармен марапатталды.



Факт

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында Бірыңғай еңбекті төлеу және ынталандыру жүйесі әрекет етеді.**

sevkazenergo\_21  
#ТДМ #сапалы\_білім\_беру

## Қызметкерлер мен басшылықтың қарым- қатынасы

Корпорация қызметкерлермен қарым-қатынаста еңбек заңнамасы мен Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтайды, адамның жеке бостандығы мен құқықтарын сыйлайды, әркімге тең мүмкіндіктер береді және еңбек саласындағы дискриминацияға, сондай-ақ өз бизнесінде бала еңбегінің қолданылуына жол бермейді.

Қызметкерлерді Компания қызметіндегі айтарлықтай өзгерістер туралы хабарландырудың ең минималды мерзімі ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Қызметкерлер санын не штатын қысқартуға байланысты еңбек қатынастарын бұзу кезінде жұмысшыларды хабарландырудың ең минималды мерзімі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес, бір айды құрайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында еңбек даулары қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ ұжымдық шарттарға және жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиясы туралы ережеге сәйкес, жұмыс беруші мен жұмысшының қатысуымен шешіледі. Компаниядағы келісім комиссияларының қызметі Еңбек кодексімен және Еңбек дауларын қарау тәртібі туралы регламентпен реттеледі. Келісім комиссиясының құрамы кәсіпорындар бойынша ұжымдық-өкімдік құжаттармен бекітіледі.

### Еңбек дауы туындаған кезде келісім комиссиясына шағымданудан бұрын жұмысшы:

- 1) Қызметкерлермен жұмыс қызметінің басшысына;
- 2) Кәсіподақ ұйымының төрағасына/жұмысшылар өкіліне;
- 3) Кәсіпорынның бірінші басшысына хабарласуға құқылы.


2021 жылы келісім комиссиясына еңбек дауын реттеу бойынша жұмысшылардан 2 шағым түсті. Бірінші жағдайда жұмысшы келісім комиссиясының шешімін қабыл алды. Екінші жағдай жұмысшының пайдасына сот тәртібімен қаралды. Жұмысшыларды қандай да бір белгілері бойынша алалау және жұмысшылардың құқығын бұзу деректері анықталмады.

## КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында 2021-2024 жылдарға арналған Бірыңғай ұжымдық шарт жасалған. Ұжымдық шарттың негізгі мақсаттары: кәсіпорындарда жұмыс тиімділігін арттыру, өндірістік-экономикалық қызмет нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті күшейту, шартта қарастырылған әлеуметтік кепілдіктер, өтемақылар мен жеңілдіктерді беру есебінен жұмысшылардың еңбек өнімділігі мен ынталылық деңгейін арттыруды қамтамасыз ету.

Ұжымдық шарт кәсіподақ ұйымына мүше не мүше еместігіне қарамастан барлық жұмысшыларға, олардың отбасы мүшелеріне және Компания зейнеткерлеріне әрекет етеді,

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының кәсіподақ ұйымдары жұмыс берушімен бірге кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру, еңбек және өндірістік тәртіпті күшейту, атқарылатын жұмыстың абыройын арттыру және жұмысшыларды өз қызметіне деген кәсіби мақтаныш сезімін тудыру бойынша жұмыстар жүргізеді. Кәсіподақ ұйымы жұмыс берушіге мәдени бұқаралық шаралар өткізуге, спорт жұмыстарын атқаруға, жұмысшылардың балаларына жазғы демалыс ұйымдастыруға, сауықтыру шараларын өткізуге атсалысады, жұмысшыларға олардың отбасы мүшелері мен жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек көрсетеді, еңбекті қорғау, жұмысшыларды және олардың отбасы мүшелерін сауықтыруға бөлінген ақша қаражатының мақсатты пайдаланылуына бақылау жасайды, өндірістегі қайғылы оқиғаларды зерттеуге қатысады және зардап шегушінің кінәсінің деңгейін анықтау бойынша шешім қабылдайды және т.б.



Атауы	2019	2020	2021
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	1 609	1 580	1 233
<b>Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %</b>	<b>63,6</b>	<b>62,1</b>	<b>51,7</b>

Соңғы жылдар динамикасында кәсіподақ ұйымына мүше жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалды. Бұл компаниялар тобының қызметкерлері санының азаюымен және әлеуметтік-еңбек қатынастарының жекеленуінің жалпыәлемдік процестерінің ықпалына байланысты.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бизнесті әлеуметтік бағытта жүргізуге бағыт алған компания. Қолданыстағы Бірыңғай ұжымдық шарт әлеуметтік саясатты жүргізудің іргетасы болып табылады.

### Мақсаттар

### Әлеуметтік пакет

#### Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру

5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары.  
Кәсіби жарыс үшін сыйақы.  
Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай жұмысшылар мен зейнеткерлерге сыйақылар.

#### Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтар, баспана жалдау шығындарын өтеу, жатақхана бойынша жеңілдіктер;  
Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері;  
Пешпен жылынатын үйлерде тұратын жұмысшыларға көмірді өзіндік құнымен босату;  
15 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру;  
Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар;  
Жұмысшылардың жекелеген санаттарына корпоративті мобильді байланыс.

#### Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау

Жұмысшыларды өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру.  
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.  
Кезеңдік медициналық тексерулер жүргізу.  
Ауыр сырқаттарды емдеуге материалдық көмек.

### Мақсаттар

### Әлеуметтік пакет

#### Қызметкерлерді, олардың отбасы мүшелері мен Компания зейнеткерлерін әлеуметтік қолдау

Бала дүниеге келгенде материалдық көмек;  
Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек;  
Көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға материалдық көмек;  
Ақы төленетін әлеуметтік демалыс;  
Ардагерлер кеңесіне ақша қаражатын бөлу;  
Зейнетке шыққанда сыйақы беру;  
Зейнеткерлер мен ҰОС, еңбек және кәсіпорын ардагерлерін қолдау бағдарламасы.

#### Спорттық-сауықтыру шаралары

Спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу.  
Мәдени-бұқаралық мен ұжымдық демалысты өткізуге қаражат бөлу.

### Ана және әке болуға байланысты әлеуметтік қолдау көрсету

Компания атауы	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыс рәсімдеген жұмысшылар саны			Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстағы жұмысшылар саны	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан
	әйелдер	ерлер	барлығы		
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	7	0	7	24	6
«СҚ ЭТК» АҚ	10	1	11	26	6
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	6	0	6	9	2
«Севказэнерго-сбыт» ЖШС	7	0	7	17	6
<b>Барлығы:</b>	<b>30</b>	<b>1</b>	<b>31</b>	<b>76</b>	<b>20</b>

Зейнеткерлермен әлеуметтік жұмыс үшін ұжымдық шартта топтың барлық кәсіпорындарында Ардагерлер кеңесіне ақшалай қаражат бөлу қарастырылған. Жыл сайын ҰОС ардагерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға Жеңіс күніне орай материалдық көмек көрсету арқылы қолдау шаралары өтеді. Кәсіпорынның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне материалдық қолдау көрсетіледі, үйде патронаждық көмек жүзеге асырылады, 9 мамыр және Қарттар күніне орай мерекелік және концерттік шаралар өткізіледі.

Тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет ететін жұмысшылар үшін екі жатақхана жұмыс істейді. Оның бірі 29 төсек орынға есептелген болса, екіншісі 2016 жылы пайдалануға берілген 90 пәтерлік шағын отбасылық жатақхана.

2016 жылы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында 320 орындық «АЛАҚАЙ» балабақшасы ашылды. Балабақшаға жұмысшылар мен Петропавл қаласының тұрғындарының балалары барады. 5 мың шаршы метр аумақта балалардың оқуына, ойнауына, демалуына қажетті заттармен жабдықталған залдар орналасқан. Балалармен логопед жұмыс істейді, даму ойындары мен көркем және қолданбалы өнер сабақтары, би, вокал, қазақ және ағылшын тілдері, қаратә үйірмелері жұмыс істейді. Балаларды мектепке дайындау студиясы да бар.

## Спорттық-сауықтыру шаралары

2021 жылы өткізілген ішкі шаралар «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-ның 60 жылдық мерейтойына арналған. Жарыстар спорттың 6 түрінен өткізілсе, олардың қатарында жүзу, үстел теннисі, жеңіл атлетика, шашка, мини футбол, баскетбол болды. Аталған барлық жарыс түрлеріне 159 жұмысшы қатысты. Жалпыкомандалық есепте бірінші орынды «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жұмысшылары жеңіп алып, оларға естелік кубок табысталды. Дәстүрлі түрде жеңімпаз команда қатысушылары бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### 2022 жылға негізгі жоспарлар

2022 жылы Компанияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын табады. Аталған бағыт аясында келесі шараларды атқару жоспарланған:

1. «PROFENERGY» жобасын келесі бағыттар бойынша ары қарай жүзеге асыру:
  - Жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін көтеру жүйесі;
  - Тәлімгерлік институтын дамыту;
  - Негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасы;
  - Қат мамандықтар бойынша бағдарлама.
2. Компанияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді жетілдіру;
3. Өндірістік процесс жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру;
4. Қызметкерлерді дамытумен байланысты HR-процестерді одан әрі автоматтандыру: бейімдеу, бағалау, оқыту және басқа;
5. Қазақстан Республикасының еңбек ресурсы мол өңірлерінен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының кәсіпорындарына жұмысқа орналастыру үшін тарту мақсатында «ENBEKENERGY» жобасын жүзеге асыру;
6. Еңбек нарығындағы дефицит жағдайында қызметкерлерді оқыту, даярлау және қайта даярлау корпоративтік жүйесін жетілдіру, оқудың сапалық көрсеткіштерін жақсарту, оқу нәтижелері бойынша тиімділікке мониторинг жасау жүйесін енгізу.



## ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

### Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар және орындалған шаралар

Денсаулық пен қызметкерлердің қауіпсіздігі Компания үшін Стратегиялық даму бағдарламасында қарастырылған басым міндеттер тобына жатады. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу электр және жылу энергиясы өндірісі қызметінде шешім қабылдауда айқындаушы фактор болып табылады.

#### 2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда «ОАЭК» АҚ 2020-2021 жылдарға ҚжЕҚ бойынша шаралар жоспарына сәйкес келесі шаралар жүзеге асырылды:

1. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша кіріспе инструктаж жүргізу үшін видеоролик түсіріліп, көрсетіледі.
2. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жұмысшылары көздің жеке қорғаныс заттарымен («В - 1» типті жарықфильтрлі поликарбонатты беріктендірілмеген шынылы көзілдірік) қамтылды.
3. Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне арналған шаралар өткізілді:
  - Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғауды бұзбай жыл бойы қызмет еткен жұмысшылар естелік сувенирлер (дипломдар) мен сертификаттармен марапатталды;
  - «Менің ата-анам қауіпсіз жұмыс істейді» тақырыбында балалардың сурет байқауы өткізілді;
4. ҚжЕҚ мәселелерін насихаттау бойынша жұмыстар атқарылды, кәсіпорынға келушілер мен қонақтар үшін жадынамалар, құлау профилактикасы, электр қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы жадынама әзірленді, ҚжЕҚ саласында корпоративтік плакаттар орналастырылды.
5. Кәсіпорындарда жарақаттану оқиғалары, сонымен қатар энергетикалық және технологиялық құрылғыларды қолдану кезіндегі оқиғалар профилактикасына бағытталған өзара аудит өткізілді. Өзара аудит барысында анықталған үздік тәжірибелерді қолдану еңбекті қорғау бойынша жалпы жағдай мен көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік берді.
6. Жедел желі әрекет етеді. Ол бойынша әрбір қызметкер анықталған ақау/сәйкессіздіктің фото және видеосын жібере алады (барлық түскен хабарламаларды қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасы қарап, олардың негізінде шаралар ұйымдастырылады);

7. Кәсіпорын периметрі бойынша және алаңдарда видеокамералар орнатылған. Олар автотранспорттың жылдамдық режимін сақтауын және жұмысшылардың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауын бақылауға мүмкіндік береді.

8. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда өндірістік нысандардың еңбек жағдайы бойынша міндетті аттестация жүргізілді.

9. «СҚ ЭТК» АҚ электротехникалық қызметкерлері үшін термиялық тәуекелдерден және электр доғаларынан қорғайтын термоқорғанысты матадан тігілген жиынтықтар сатып алынды.

10. «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде келесі шаралар өтті:

— Өрт қауіпсіздігі саласында аудит;

— Қысқы ЭВА етіктері сатып алынды;

— Барлық қызметкерлер көз жеке қорғаныс заттарымен қамтылды;

— Басқа өнеркәсіптік кәсіпорындардағы қайғылы оқиғалар туралы видео роликтерді көрсету мақсатында қызметкерлермен жиналыстар өткізіледі;

11. Келесілер енгізіліп, жұмыс істейді:

— Сигнал парағы туралы ереже (алынған барлық сигнал парақтарын цех басшылары қарап, олардың негізінде шаралар ұйымдастырылады);

— Қосымша қауіпсіздік белгілері туралы ереже (электр бөлмелері, электр шкафтарының есіктерінде, электр жабдықтарында қосымша қауіпсіздік белгілері орнатылған. Олар тыйым салатын, ескертетін, өрт қауіпсіздігі белгілері, бағыттауыш, анықтауыш, эвакуациялық белгілер және медициналық, санитарлық мақсаттағы белгілер);

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО аумағында транспорттар мен жүргіншілердің өзара әрекет етуі кезіндегі қауіпсіздік регламенті;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының өндірістік бөлімшелерінің жұмыс орындарын паспорттау бойынша жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлермен жұмыстың жылдық жоспарын рәсімдеу жөніндегі регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында биікте жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі регламент (оны мердігер ұйымдар да басшылыққа алады);

— Электр құрылғыларын пайдалану және жөндеу кезінде қолданылатын қорғаныс заттарын, құралдарын, жабдықтарын қолдану және сынау жөніндегі регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО жұмысшыларын жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету тәртібі бойынша қолданылатын жеке қорғаныс заттарын техникалық сипаттау жөніндегі регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының аумағында тұйықталған жерлерде жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау тәртібі туралы регламент;



— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы аумағында табак өнімдерін пайдалану тәртібі туралы регламент;

— Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология саласында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының мердігер ұйымдармен өзара қызмет етуі туралы регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында еңбек қызметімен байланысты қайғылы оқиғалар туралы хабарландыру, оларды зерттеу және есепке алу тәртібі туралы регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында өндірістік нысандарды еңбек жағдайлары бойынша міндетті аттестациядан өткізу және оны ұйымдастыру регламенті;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы бойынша ҚжЕК жағдайын мониторингілеу регламенті;

— Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, техникалық пайдалану ережелері, жарақат алушыға дәрігерге дейінгі көмек көрсету, өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша арнайы ережелер саласындағы білімді біліктілік тексеру жүргізу жөніндегі регламент;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО аумағында транспорттар мен жүргіншілердің өзара әрекет етуі кезіндегі қауіпсіздік регламенті;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының жұмысшыларын және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының аумағында жұмыс істейтін мердігер ұйымдар жұмысшыларын ауысым алдында және ауысымнан кейін медициналық тексеруден өткізу тәртібі туралы регламент;

— Медициналық білімі жоқ, оның ішінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында тиісті дайындықтан өткен тұлғалардың алғашқы көмек көрсету жөніндегі регламент;

**12.** Қызметкерлермен ақпараттық бюллетеньдер, «2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы энергетикалық кәсіпорындарда орын алған технологиялық ақауларға талдау және қайғылы оқиғалардың ретроспективасы», 2020 жылмен салыстырғандағы 2021 жылғы өндірістік жарақаттануға талдау;

**13.** Жыл ішінде жеке қорғаныс заттарының (арнаулы киім мен арнаулы аяқ киім) үлгілері өндірістік сынақтан өткізілді және сынақтар нәтижесі бойынша тиісті құжаттар (актілер, хаттамалар) рәсімделді;

**14.** Құрылымдық бөлімшелерде жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жақсарту, қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, қондырғыларды еңбек қауіпсіздігі стандарттарының талаптарына, санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына сәйкестендіруге бағытталған жұмыстар атқарылды;

**15.** Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында автоматтандырылған IC Safety Walk үш деңгейлі бақылау жүйесі қызмет етеді;

**16.** «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ 2021 жылы ISO 45001 көшуді сәтті жүзеге асырды.

Компания туралы, Компаниядағы жұмыстың ұйымдастырылуы туралы ақпаратты жаңадан жұмысқа орналасып жатқан адам, сондай-ақ, өндірістік тәжірибеге жіберіл-

гендер кіріспе инструктажынан өту барысында алады. Инструктаж қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің/ басқармасының кабинетінде техникалық оқу құралдарын қолдану арқылы өткізіледі. Кіріспе инструктаждың өткені арнайы журналда белгіленеді.

Сондай-ақ, қызметкерлер жұмыс орнындағы алғашқы инструктаждан өтеді. Оны құрылымдық бөлімше жетекшісі не оның орынбасары өткізіп, еңбектің қауіпсіз әдіс-тәсілдерімен таныстырады. Жұмыс орнында алғашқы инструктаждың өткені арнайы журналда белгіленеді.

Қызметкерлердің нормативтік-құқықтық актілер бойынша білімін қажетті деңгейде ұстап тұру және кеңейту, сондай-ақ, қондырғыларды пайдалану және жөндеу әдістерін жетілдіру, қауіпсіз еңбекті ұйымдастыру мақсатында кварталда бір реттен кем емес мерзім сайын тікелей басшысы қайталау инструктажын өткізеді. Қайталау инструктажының өткені ҚТ және ӨҚ бойынша арнайы журналда белгіленеді.

Инструктаждан (кіріспе, алғашқы, қайталама) өту қорытындысы бойынша чек-парақ арқылы білімнің қаншалықты меңгерілгені тексеріледі.

Компания кәсіпорындарында ай сайын қолданыстағы ереже, норма, нұсқаулықтардың талаптары бұзылуын анықтау үшін «Қауіпсіздік техникасы күні» (ТҚ күні) ұйымдастырылады. «Қауіпсіздік техникасы күні» өткізілгеннен кейін анықталған ескертпелер бойынша акт толтырылып, талқылау өткізіледі, онда аталған кемшіліктерді жою шаралары белгіленеді. Қауіпсіздік техникасы күндері мұндай шараларды өткізу бағдарламасы бойынша нормативтік талаптардың сақталуын терең тексеруге мүмкіндік береді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр станцияларын және желілерін пайдалану техникасы, жарақат алушыларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету техникасы, өрт-техникалық минимум көлеміндегі өрт қауіпсіздігі техникасы салаларындағы білімді біліктілік тексеру екі кезеңде өткізіледі – тестілеу және ауысша әңгімелесу өткізу. Бұл Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр станцияларын және желілерін пайдалану техникасы, жарақат алушыларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету техникасы, өрт қауіпсіздігі техникасы салаларындағы білімді, арнайы ережелерді терең тексеруге мүмкіндік береді.

Кәсіпорында тұрақты және кезеңдік: тексерулер, қондырғы, ғимарат, құрылыстардың техникалық жағдайын куәландыру бақылаулары өткізіліп тұрады және қондырғы, ғимарат, құрылыстардың жағдайы мен қауіпсіз пайдаланылуына, сондай-ақ, техникалық және технологиялық қадағалау бойынша жауапты мамандар бекітілген. Мамандар мен жұмысшылардың барлық санаттарына лауазымдық нұсқаулықтар, жұмыс мамандықтары мен жұмыс түрлеріне қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, пайдалану бойынша нұсқаулықтар және басқа да станция қызметкерлеріне арналған регламенттеуші құжаттар әзірленген.

Компанияда әрбір жұмыс орнына әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, пайда болу жағдайлары, ықпал ету нысаны, күтпеген оқиғалар, тәуекелдерді бағалау және бақылау шаралары көрініс тапқан қауіптер мен тәуекелдер тізімі әзірленген.

## ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес ұйымдарында Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі құрылған. Кеңесті кәсіпорын жұмысшылары ішінен таңдалатын төраға басқарады. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

### Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі келесі функцияларды орындайды:

— қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында анықталған қателіктерді жою бойынша, қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша, ұйымда еңбек қызметі процесінде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсыныстар, шешімдер және басқаларды әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарастырады;

— жұмыс орындарындағы, өндірістік учаскелердегі, цех пен жалпы кәсіпорындағы еңбекті қорғау жағдайын зерттеу нәтижелерін қарау, жұмысшылар өтініші бойынша зерттеулерді өткізуге қатысу және анықталған ақауларды жою мақсатында ескертулер береді.

— өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігіне талдауды, ұйымның нақты еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық-талдамалы материалдарды зерттейді;

— еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелер мен жалпы ұйымды өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруге дайындауға қатысады;

— ұйым жұмысшыларға санитарлық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық жағдай жасайды және олардың арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және өзге жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы нормативтер туралы және оларды дұрыс қолдану жайында ақпараттандырады;

— қауіпсіздік еңбекті қорғау бойынша білімді біліктілік тексеру мен инструктаждардың уақытылы және сапалы өткізілуін тексереді;

— Жұмыс берушіге еңбекті қорғау және жұмысшылардың денсаулығын сақтау жұмысын жетілдіру және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарын сақтайтын, денсаулық жағдайына қарап, оны күтетін жұмысшыларды моральды және материалдық ынталандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және беру;

— 2-ПЖЭО-нда еңбекті қорғау шарттарын сақтау жағдайына тексеру жүргізу барысында туындайтын процестерде талас тудыратын мәселелерді қарау және олар бойынша шешім қабылдау.

— Кәсіпорында қауіпсіздік және еңбекті қорғауды насихаттау бойынша жұмыстарға қатысу, жұмысшылардың

қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтауына жауапкершілікті арттыру.

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ, мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

### Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізі функциялары:

— жұмыс орындарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау жағдайына тексеру жүргізуге қатысады, олардың нәтижелерін қарайды, қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша мемлекеттік нормативтің талаптарға сәйкес қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша өндірістік кеңес үшін ұсыныстар әзірлейді.

— Санитарлық-тұрмыстық орындар мен ұжымдық және жеке қорғаныс заттарының жағдайы мен мақсаты бойынша қолданылуына бақылау жасайды.

— Инструктаждардың, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы білім біліктілік тексерулерінің уақытылы өткізілуіне бақылау жасайды.





## ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙІ

Компания бойынша 2021 жылы 2 қайғылы оқиға болды («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО).

### 2021 жылғы оқиғалар түрлері бойынша қайғылы жағдайлар санаттары:

— полижарақат, оң жақ білек буынының қайықтәрізді сүйегінің жабық сынуы, артқы-қолтықасты желі бойынша сол жақ қабырғалардың II-III-IV көптеген сынуы, көкірек қуысының сол жақ жартысындағы ауқымды гематома, алдыңғы құрсақ

қабырғасындағы, сол жақ шынтақ буынындағы, сол жақ тізе буынындағы жарақат;

— S-5 % деңгейіндегі екі жұдырық пен құлақ, бет терісінің электр күйікке шалдығуы.

### Қайғылы оқиға себептері:

— ғимараттар, құрылыстар, ғимарат ауласының аумағының қанағаттанарлықсыз техникалық жағдайы және жұмыс орындарын ұйымдастырудағы кемшіліктер;

— Жарақат алушының өрескел қателігі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін бұзуы және жұмыстың қанағаттанарлықсыз деңгейде ұйымдастырылуы.


### Өндірістік жарақаттану деңгейі

	2019	2020	2021
<b>Қызметкерлер саны</b>	<b>2 510</b>	<b>2 555</b>	<b>2 481</b>
Жарақаттану оқиғаларының саны	2	2	2
Жарақаттанғандар саны/ олардың ішінде әйелдер	0	0	0
Өліммен аяқталған жағдайлар саны	0	1	0

1 000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR)



1 000 жұмысшыға шаққандағы өліммен аяқталған қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR)



1 000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR) келесі формуламен есептелген:

$$K_{ж} = \frac{n \times 1\,000}{N}, \text{ мұнда}$$

**n** – есептік кезеңде өндірісте қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;  
**N** – жұмысшылардың орташа саны.

1 000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR) келесі формуламен есептелген:

$$K_{ж1} = \frac{n_1 \times 1\,000}{N}, \text{ мұнда}$$

**n<sub>1</sub>** – есептік кезеңде өндірісте қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің саны;  
**N** – жұмысшылардың орташа саны.

Компанияда қолданылатын қайғылы оқиғаларды тіркеу, есеп беру және хабарлау жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасы және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) талаптарына сәйкес келеді.

### Кәсіпорынның өндірістік нысандарында жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметі бақыланады:

1. Мердігер ұйымдардың ҚжЕҚ жағдайына жоспарлы және тосын тексерулер мен мердігер қызметкерлеріне инструкторлар ұйымдастырылады;
2. Қайғылы оқиғалар бюллетені бойынша жұмысшыларға оның себебін жеткізу және болашақта мұндай оқиғаның қайталануына жол бермеу мақсатында ақпараттандыру жұмыстары жүргізіледі;
3. ҚжЕҚ бойынша корпоративті стандарттарды енгізу;
4. ҚжЕҚ күндерін өткізу;
5. ҚжЕҚ бойынша жиналыстар өткізу.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша шараларды орындау шығындары 2021 жылы 453 563 050 теңгені құрады. Қаражат қызметкерлерді жеке қорғаныс заттарымен, оның ішінде электр қорғаныс заттарымен, арнайы тағаммен, медикаментпен қамтамасыз етуге, вакциналауға, ҚжЕҚ бойынша ақпараттық плакаттар, нормативті-техникалық құжаттар және белгілерді сатып алуға, өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, сондай-ақ жұмыс орындарын қосымша жарықтандыру шараларын орындауға, желдету және кондиционерлеу жүйелерін жөндеуге, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеуге және басқаларға жұмсалды.

**Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес, Компания кәсіпорында-рының барлық қызметкерлері қайғылы оқиғалардан сақтандырылған.**

#Факт

## Компанияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері

Энергетикалық қондырғыларға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жоғары тәуекелдерге ие. Электр құрылғыларымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлер оқытылып, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар атқарылады, олардың орындалуы бақыланады. Қызметкерлер жеке қорғаныс заттарымен, электрден қорғайтын заттармен және басқалармен қамтамасыз етіледі.

### 2022 жылға жоспарлар:

- 1) «СҚ ЭТК» АҚ еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестациядан өткізу;
- 2) Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күнін өткізу;
- 3) Денсаулық қорғай, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз еті және алғашқы көмек көрсету мен өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша кәсіпорын қызметкерлерін оқыту;
- 4) Бөлімшелер арасында кәсіби шеберлік бойынша жарыстар өткізу;
- 5) Өзара аудиттер өткізу;
- 6) Қызметкерлерді жеке қорғаныс заттарымен барынша қамтамасыз ету;
- 7) Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша қызметкерлермен өзара ірекет жасау және ақпарат алмасу;
- 8) «Севказэнергосбыт» ЖШС ғимараты бойынша тазалықшылар, аула сыпырушы және жұмысшыға арнаулы киімдер сатып алу;
- 9) «Севказэнергосбыт» ЖШС контролерлеріне сумкалар сатып алу.

## ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Компанияның әрбір электр желілік ауданының басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Оқу жылының басында және соңында балалар электр жарақатын алуының алдын алу және профилактика бойынша акциялар өткізіліп, аудандық электр желілік кәсіпорындар мамандары мектептерге шақырылып, олар оқушыларды электр тоғынан жарақат алудан сақтандырады, сол арқылы денсаулықтарын сақтауға баулиды.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларында қауіп туралы тұрғындар мен қызметкерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

## Өткізуші кәсіпорындарда тұтынушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау

**Өткізуші компанияларда қауіпсіздік және тұтынушылардың денсаулығын қорғау мақсатында келесі шаралар атқарылды:**

- жарақаттануды ескерту мақсатында сервис-орталықтары ғимараттарының кіреберістері сырғанауға қарсы резина кілемшелерімен жабдықталған;
- физикалық мүмкіндігі шектелген адамдар үшін сервис-орталықтары ғимараттары пандустармен жабдықталған;
- сервис орталықтары ғимараттары видеобақылаумен жабдықталған;
- барлық сервис-орталықтар қажетті дәрі-дәрмекпен қамтылған медициналық қобдишамен жабдықталған;
- сервис-орталықтар ғимараттарында ауа кондиционерлеу жүйесі орнатылған;
- өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық сервис-орталықтарда өрт-күзет дабыл жүйесі орнатылған, алғашқы өрт сөндіру заттарымен қамтылған;
- Сервис-орталықтарының көрнекті жерінде өрт кезінде адамдарды эвакуациялау жоспары орналастырылған, ғимарат сыртына қарай эвакуациялық есіктердің еркін ашылуы қамтамасыз етілген..

## Әлеуметтік әріптестік

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысындағы халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады.

Петропавлда 2015 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылған 320 орындық «Алақай» балабақшасы өз жұмысын жалғастыруда.

2016 жылы пайдалануға берілген Компания қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылы жатақхана қызмет етеді. Жоба «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқасында жүзеге асырылды. Ведомстволық жатақхананың болуы энергетикалық кешен кәсіпорнына жас және перспективасы бар жұмысшыларды тартуға көмектеседі.



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ



Факт

**Компанияның инвестициялық салымдарының басты мақсаты** энергия өндірісіне тән қоршаған ортаға теріс ықпалды төмендету болып табылады.

2009-2021 жылдар кезеңінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ күл шығарылымдары саны 71,4 % қысқартты.

2008 жылы, инвестициялық бағдарлама енді басталған тұста атмосфераға бөлінетін көмір күлінің шығарылымдар концентрациясы, азот тотығы мен күкірт оксиді сәйкесінше 1 093,0, 678,0 және 1 425,0 мг/нм<sup>3</sup> мөлшерінде болған.

2021 жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіштер сәйкесінше 2 93,6, 4 08,1 және 1481,3 мг/нм<sup>3</sup> болды.

2009–2014 жылдары барлық қазандық агрегаттарда екінші буынды титан эмульгаторлары орнатылды. Бұл түгін газдарын тазалау деңгейін арттырып, кәсіпорынның экологиялық төлемдер бойынша шығындарын азайтты.

2021 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ст.№ 7 қазандық агрегатта ПЭК=99,6 % үшінші буынды эмульгаторды орнатты. Жаңғырту жұмысы қолданыстағы құйындатқыштың блок ұяшығына биіктігі бойынша екінші орын алатын күрек аппараттарының белдеуін орнатуға негізделеді. Яғни, бір құйындатқыш шегінде түгін газдары екі мәрте тазалады. Күл концентрациясы 314 мг/нм<sup>3</sup>-ден 279 мг/нм<sup>3</sup>-ге дейін азайды.

Станцияның үздіксіз технологиялық циклін қамтамасыз ету және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қоймалау үшін жаңа күл үйіндісін салуға жер учаскесін таңдау жұмыстары жүріп жатыр.

### Табиғат қорғау шаралары

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі ҚОҚ) бөлімі өз қызметінің қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге және өз кәсіпорындарының экологиялық тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды жоспарлап, жүзеге асырады. 2021 жылы мұндай шараларды жүзеге асырудың жалпы шығындары ҚҚС қоса алғанда 175 548 мың теңге болды.

Мұндай шаралар тізіміне энергияны өндіру, тасымалдау және тарату кезінде қолданылатын негізгі және көмекші технологиялық қондырғыларды қайта құру және күрделі жөндеу, өндіріс қалдықтарын жою, өндірістік экологиялық бақылау жатады.

Құрылыс және қайта құру бойынша барлық жаңа жобаларға «Қоршаған ортаға ықпалды бағалау» (ҚОЫБ) жобасы әзірленіп, оның материалдары қоғамдық тыңдау түрінде жергілікті қоғамдастық пен мүдделі тараптардың назарына ұсынылады. Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласындағы аумақтық қадағалау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

### Шығындар сомасы\*, млн теңге

№ р/с	Шығындар атауы	Шығындар сомасы, млн теңге		
		2019	2020	2021
	<b>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ</b>			
1	Инвестициялық шығындар	981,923	1 217,167	1 164,349
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	266,600	306,824	257,756
3	Ағымдағы шығындар	228,987	55,983	70,070

\* Орындалған табиғат қорғау шаралары туралы толығырақ келесі бөлімдерде жазылған.

### Атмосфераға шығарылымдар

**2021 жылы** Компания **2 702,716 млн кВт·с** электр энергиясын және **1 9 10,425 мың Гкал жылу энергиясын** өндірді. Энергия өндірісіне **2 409,2 мың тонна** Екібастұз көмірі мен **3,980 мың тонна** мазут жұмсалды. Шикізат көздері жаңартылмайтын көздерге жатады.

#Факт


**2021 жылды өткен 2020 жылмен** салыстырып қарағанда **«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ атмосфераға бөлген ластаушы заттар шығарылымдары 36,4 % азайды.**

(40,094 мың тоннадан 25,484 мың тоннаға дейін, оның ішінде өзге шығарылымдар).


#Нәтижелер

Негізгі себеп электр энергиясы өндірісінің 18,5 % төмендеуі (2020 жылы 3 331,4 млн кВт·с және 2021 жылы 2 702,7 млн кВт·с). Бұдан бөлек, эмиссиялардың жаңа нормативтерін әзірлеумен байланысты ластаушы заттар шығарылымдарын есептеу әдістемесі өзгерді. Сонымен бірге, 2021 жылы «Роштинка» кен орнында әзірлеу және өндіру жұмыстары, ОРУ жаңғырту және өзге де құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша әзірлеу және өндіру жұмыстары жүргізілді.

2014-2021 жылы, ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



2014-2021 жылы, ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт·с



Факт

Есептік жылда 2020 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемінің төмендегені (18,5%), жанған отын көлемінің айтарлықтай азайғаны (18,5%) тіркелді. Бұл ретте ластаушы заттардың жалпы шығарылымдары 36,4% төмендеді (2020 жылы – 40,094 мың тонна, 2021 жылы – 25,484 мың тонна).

Атмосфералық ауаны қорғауға бағытталған 2021 жылы жүзеге асырылған ең маңызды табиғат қорғау шараларының қатарында келесі шараларды атауға болады:

- Тиімді тазалау, жою, бейтараптандыру, шығарылым көздерінен келетін ластаушы заттарды газдарда басу және зарарсыздандыруды қамтамасыз ететін №7 қазандықтың беткі қыздыру қабатын қалпына келтіру;
- Күл аулаушы құрылғылардың, ауа өткізгіштердің, газ өткізгіштердің тозған элементтерін жөндеу;
- Өндірістік экологиялық мониторингтің автоматтандырылған станцияларының қызметін нақты уақыт режимінде қамтамасыз ету

Бұдан бөлек ластану көздеріндегі (№ 1-3 түгін тұрбасы) шығарылымдарға мониторинг жасаудың автоматтандырылған жүйелерімен қондырғы үшін жобаалды зерттеу және жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу жүргізілді.

Парник газдарының шығарылымы (CO<sub>2</sub>)

Компанияда парник газдары шығарылымын түгелдей жүргізуге және озон бұзушы заттарды тұтынуға дайындық бойынша жұмыс ұйымдастырылды.

Парник газдарына мониторинг жасау үшін басқарушы нормативті құжаттарға сәйкес, қалыпты (тұрақты) өндірістік қызметтен, арнаулы тәжірибеден (іске қосу-реттеу жұмыстары, үдерісті тоқтату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету) және апаттық жағдайлардан шығарылымдар есебін қамтамасыз ететін есеп тәсілі қолданылды.


Парник газдары шығарылымдарын төмендетудің қосымша ұйымдастырушылық құралы – өндіріс үлесін жаңа энергоблоктармен арттырумен және кәсіпорындарда ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесі (энергоүнемдеу бойынша шаралар) стандартын енгізумен байланысты отынды пайдаланудың жалпы тиімділігін арттырумен Энергоүнемдеу бағдарламасы болды. Екеуінің де мақсаты – өндіріс процестерінің энерготімділігін арттырумен қатар, парник газдары шығарылымдарын төмендету болып табылады. Аталған бағдарлама шараларын жүзеге асыру арқасында 2021 жылы парник газдары шығарылымдарын 860,4 мың тонна CO<sub>2</sub>-ге алдын ала төмендетуге қол жеткізілді.




Факт

Отын жағудан туындайтын парник газдары шығарылымының жалпы көлемі 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда көмір тұтынудың 546,863 мың тоннаға қысқаруы есебінен 18,9% төмендеді.

2014-2020 жылы CO<sub>2</sub> жалпы шығарылымы, млн тонна



2014-2020 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO<sub>2</sub> бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с



Парник газдарының шығарылымдарын төмендеуге бағытталған Энергия үнемдеу бағдарламасының 2021 жылы жүзеге асырылған ең маңызды шараларының қатарында келесілерді атауға болады:

- Шлак өткізгіштерінің тарылған бөліктерін, дренажды сорғы станцияларының сорғыларын ауыстырып, №2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету;
- ст. №7 қазандық агрегаттың батареялық эмульгаторларын үшінші буында құйындатқыштар блоктарын орната отырып жаңғырту.

## Мемлекеттік экологиялық бақылау

2021 жылы СҚО облысы бойынша экология департаменті мемлекеттік экологиялық бақылау жүргізді. Оның нәтижесі бойынша ақаулар анықталған жоқ.

## Су қолдану және су ресурстарын қорғау

Су ресурстарын қолдану кәсіпорындардың өндірістік үдерістерінің негізгі бөлігі болып табылады және қондырғыларды салқындату үдерісінде маңызды роль ойнайды. Станцияда тұйық, яғни тоғанды салқындатқышпен техникалық сумен қамтудың айналымды жүйесі қолданылады (Петропавл қаласында).

Кәсіпорында ауыз сумен қамту, ағын және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі.

Компанияда қолданылатын барлық су тұщы болып табылады. Өзге су көздері қолданылмайды.

2021 жылы сумен қамту мақсатында 212 069,797 мың м<sup>3</sup> су қолданды. Судың негізгі бөлігін айналымды сумен қамту жүйесі құрайды. Есептік кезеңде су өткізу көлемі 1 650,8 мың м<sup>3</sup> құрады.



### Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	222 393,7	223 806,7	212 069,797
Беткі су нысандарынан (Ишим өзені)	6 067,8	7 787,5	8 472,6
Сыртқы жеткізушілерден	170,200	157,900	131,457
Тұйық су қолдану жүйелерінен (Б.Белое көлі)	216 155,70	215 861,30	199 599,89
Айналымды сумен қамту жүйелерінен	20 507,90	20 597,10	3 865,85

### Ағын су әкету көлемі, мың м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Пайда болған барлық ағын су	1 449,5	2 674,0	1 782,3
Сыртқы ұйымдармен әкетілді	170,2	157,9	131,5
Беткі су нысандарына жіберілді	1 279,3	2 516,1	1 650,8

## 2021 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндірістік мақсаттағы сумен қамту, суды қайтара пайдалану, су ресурстарының ластануы мен тартылуын болдырмайтын айналымды жүйелерді қайта құру;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ орталық сорғы станциясында айналатын торларға техқызмет көрсету және жөндеу, жағалық сорғы станциясының және орталық сорғы станциясының артезиан және дренажды сорғыларына ағымдағы жөндеу жүргізілді, циркуляциялық сорғылардың су беру сорғыларына техникалық қызмет көрсетіліп, су жіберуші арналар тазаланды;

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ орталық сорғы станцияларының аванкамераларының суасты бөліктерін тексеру жүргізілді, су беру сорғыларына жөндеу жасалды;

— өнеркәсіптік алаңдар, күл үйінділері, карьерлер аумағында жерасты суларының сапалық сипаттамаларына мониторинг (бекітілген графикке сәйкес, суға талдау жүргізілді);

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шығаратын судың сапалық құрамын жақсартуды, тазалау құрылыстарының тиімділігін арттыруды («Рубеж 45» маркалы бонды қоршауларын тазалау жүргізілді) қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастыру;

## ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99 %-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылыс – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалауға арналған жаңа орынды құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларын сақтау қоршаған ортаны өндірістің күл-қож қалдықтарымен ластануын болдырмайды және ЖЭО қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2021 жылы қалыптасқан қалдық көлемі – 944,251 мың тонна, оның ішінде күл-қож қалдықтары – 940,597 мың тонна, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар – 3,653 мың тонна.**

#Нәтижелер

### Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Күл-қож қалдықтары	1 237,100	1 241,800	940,598
Қалдықтардың өзге түрлері	5,100	2,500	3,653

### Қауіптілік деңгейіне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Қалыптасқан қалдықтар:	1 242,100	1 244,300	944,251
Жасыл тізім	1 242,100	1 244,300	944,222
Янтарь тізім	0,040	0,031	0,029

### Қолдану тәсіліне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Қалыптасқан қалдықтар:	1 242,100	1 244,300	944,251
